Тарихқа көз жүгіртсек, сан алуан пікірлер мен деректер бар. Адамзаттың жаралуы жайлы, топан су қаптағаны туралы ғалымдар сан алуан пікірлер айтып та, жазып та жүр. Сол тарихи көзқарастар ішінде Қазығұрт тауы туралы сан алуан пікірлер бар. Ауыз әдебиеті арқылы осы күнге дейін келіп жеткен «Басында Қазығұрттың кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған?» - деген сынды өлең жолдары да оның еліміздегі қасиетті жерінің бірі екенінің дәлелі шығар. Қазығұрт тауы Оңтүстік Қазақстан аймағындағы ең қарт таулар санатында, көне заманда пайда болған сол кездегі ең биік тау (1760м). Сондықтан Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауында қалуы әбден мүмкін. Алайда, жаһандық топансудың төрт рет немесе одан да көп болғаны туралы ғалымдардың ізденістері Пайғамбардың кемесінің қайсы топансу тұсында Қазығұрт тауында қалғаны сұрақтар тудырады. Біздің бабалардың көз алдында топансу қатерінен сақтап қалған ұлы Қазығұрттың үсті, көптеген үңгірлері пайғамбар кемесімен іспеттес көрінбеді ма екен?[1]

Қазығұрт туралы аңыздардың бірінде былай делінген: «Күндердің күнінде, Қазығұрт әулие қартайып, шашын ақ шалған сәтте төскейдегі халыққа үлкен апат келеді. Олар бірін-бірі тонап, ел ішінде ұрлық пен зорлық көбейеді. Әлдісі әлсізін, көбі азын тонау әдетке айналып, халық арасында алауыздық етек алады. Адамдар арасындағы ынтымақтан береке кетеді. Осы кезде жаратушы Алла оларға жыландар мен шаяндарды жіберіпті. Аспаннан у аралас жанбыр жауып, егістіктері уланады. Өзара тіл табыса алмай, Құдайдың қаһарына ұшыраған адамдарды жыландар мен шаяндар шағып, ажал құшағына алады. Ел арасын қорқыныш пен үрей жайлап, зор азапқа ұшырайды. Көбі өліп, аз қалған адамдар Қазығұрт әулиеге келеді. Олар бұл арада жыландар мен шаяндардың жоқ екенін көріп, таң қалады. Қазығұрт әулиеге: – Бізді мына азаптан құтқарып, ажалдан алып қалу тек сенің қолыңнан келеді. Сенің арың Құдай алдында таза, біз сияқты күнәһар пендеңе араша түсіп, ажал мен азаптан құтқар. Қателігімізді мойындап, алдына бас ұрып келіп отырмыз, – деп жылап-еңіреп, аяғына жығылып, бас иеді. Сонда Қазығұрт әулие: – Сендер құдай алдында күнәға батып, кешірілмес қылмыс жасадыңдар. Сол үшін Алла сендерді жазалап отыр. Егер сендер ақымақтық істеріңді тастап, бір-бірінді қинаудан, тонаудан аулақ болсаңдар, араша түсейін, – дейді. Ажалдан қорқып, азаптан үрейленген әлгілер: «Тастаймыз, енді қайталамауға уәде етеміз, егер осыдан құтқарсаң, бәрін де орындаймыз!» – деп шуласып, ант береді. Қазығұрт

әулие күнәһарлар күнәсін кешіру үшін Құдайға мінәжат етіп, дұға оқиды. Құдай Қазығұрттың дұғасын қабыл алып, әлгілердің күнәсін кешіреді. Жыландар мен шаяндарды жіберуін тоқтатады. Содан «Қазығұрт – киелі, әулие тау» атаныпты, – дейді тағы да сол көп аңыздың бірі [2].

Осы тақырыпқа қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза былай деп жазады: «Көк Тәңірі адам баласын жаратуын жаратып алып, кейін адамдардың тәубасынан жаңылып, әбден шектен шыға имансыз болып кеткенін көріп, қаһарланып, топан суын қаптатып жіберген екен. Жаңа бір пәк дүние жасау үшін Нұх пайғамбардың кемесіне адамзат, жан-жануар, ұшқан құстан, өсімдіктен жұп-жұбымен отырғызып, таза тұқым сақтап қалмақ болған. Топан тартылып, су қайтқанда, Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауының басына қайырлапты[3].

Қазығұрт ең биік, ең көне тау болғандықтан Нұх пайғамбардың кемесі қалмаған күнде де, үлкенді кішілі түрлі себептермен қайталанып отырған теңіз топансуынан осы аймақтағы адам, жан-жануарлар, сол тасқын сулардан бас сауғалап барынша биік жерлерге талпынары ақиқат. Таудың биігінде үлкенді-кішілі көптеген үңгірлер бар, оған қоса орта бел етегінде үлкен тастың астынан бұрқылдап шығып жатқан, бір өзеннің суын беретін, Ақбура бұлағы бар. Адам-атамызды, жан-жануарларды сақтап қалатындай жан-жағынан қолайлы өңір, Нұх пайғамбардың кемесінің мақсатын орындауға лайық келетін мекен. Ташкент пен Шымкент арасындағы бетондалған жол құрылысы жүріп жатқан кезде Қазығұрт жоталарын кесіп өту барысында 16 метр тереңдікте диназаврлар дәуірінің жануарларының сүйектері табылған. Таудың басындағы Нұх пайғамбардың кемесі қалған жерден 7 км шамасында Шымкент-Ташкент бетон жолының шамамамен Шымкенттен 40 шақырым жеріндегі асудың биік жотасының үстіне елдің азаматтары Нұх пайғамбардың кемесінің үлгісін орнатып қойғанына біраз жылдар өтті. Арылы-берілі өткен жұрт сол кемеңнің үлгісінің басына барып Аллаға, пайғамбарларға, әруақтарға құран бағыштап кеме макетін орнатқандарға алғысын жаудырып жатады. Жоғарыда айтылған пікірді дәлелдеу үшін 101 жас жасаған американдық археолог Ральф Солецкидің экспедициясына ұқсас археологиялық қазба жұмыстарын Қазығұрттың үстіндегі үңгірлерде жүргізу қажет-ақ. Ол үшін арнайы мамандарды ұзақтан іздеудің қажеті де шамалы. Өйткені ҚазҰМУ-де, ОҚУ-де, республика музейлерінде қажетті мамандар, археологтар баршылық.

Жаһандық топансудың болғанын дәлелдейтін тағы бір – екі мысал: Титикака көлімен, Қырғыздың Ыстықкөліне тоқтап өтсек. Оңтүстік Америкадағы Перу мен Боливия шекарасында титикака деген көлдің теңіз деңгейінен 3812 метр биіктікте орналасқанын және оның ұзындығы 180 км ені 60 км, ал тереңдігі 304 метрді құрайды екен. Бір қызығы суы теңіздің суы және ондағы жәндіктер тынық мұхиттағы жәндіктермен ұқсас екендігі. Теңіз асты жер қимылы ма, әлде басқа да жойқын қуатты күшпен теңіз жағалауындағы аймақтыбөліп алып 4000 метрдей биікке көтеріп тастаған, ал Титикака көлі сол жойқында пайда болса керек. Бұл көлден бірнеше километр жерде көне қаланың қирандысы жатыр, ол инктердің Тиуанако атты қаласы болған.

Қаланың бір ғимаратының көрінісінде Салтанат (Триумфальная) арқасында ай тізбегінің символдары көрсетілген және қақпа бетінде 12-13 мың жыл бұрын өмір сүрген кейбір жануарлардың кескін суреттері салынған. Кескін суреттердің кейбіреулері аяқталмаған күйінде қалып қойған, соған қарағанда ғалымдар 13 мың жыл бұрынғы болған жаһандық топансудың әсерінен болса керек - деген тұжырым айтады.

Осы орайда тағы бір айта кететін жайт ыстық көл турасындағы деректерге қарағанда теңіз түбінен 1608 метрлік биіктікте орналасқан. Суы қыста да қатпайтын көл, оның ұзындығы 182 км ең кең жері 60 км, ал ең терең жері 702 метр болып дүние жүзінде жоғарыда айтылған Титикака көлінен кейінгі екінші орында тұрады екен. Ғалымдардың айтуына қарағанда өте көне заманда жер қыртыстарының (разлом) өте қатты ығысуларының арқасында Титикакамен қатар пайда болған көрінеді.

Ыстық көлдің суының тұздылығы тынық мұхит суының тұздылығына өте жақын болатын. Мен алғаш 1969 жылы тынық мұхиттан матростық қызметінді атқарып Ташкент халық шаруашылық институты студенті болып 1970 жылдың жазында Ыстық көлде студенттік лагерде демалыста болғанда анықтағанмын. Ол кезде теңіз суының дәмі әлі аузымнан кете қоймаған болатын. Теңізге алғаш шыққан матростарға кружкамен «Крешение» деп теңіз суын ішкізетін тәртіп болатын матростар арасында.

Содан 48-49 жыл кейін Ыстық көлдің суының тұздығы едәуір төмендеген және де суы салқындағанын байқадым. Оған себеп бір жылдары көлдің суы едәуір тартылған болатын «бірнеше метрге төмендеп теңіз жағалауындағы көне заманда адамдар су жиегінде тіршілік

еткенін түрлі артефакторларда көрініс тапқан. Су деңгейі төмендегенде үйлер, ошақтар орны ашылған. Заманында Аристов қызмет бабымен осы өңірде болған жылдары үйсін мемлекетінің астанасын іздестіріп жүріп теңіздің суы басып қалған күйдірілген кірпіштен қаланған құрылыстарды тауып зерттеген мәліметтерін оқыған болатынмын.

Осындай оқиға Совет дәуірінің соңғы 80-ші жылдары Каспий теңізінде де орын алғаны баспа беттерінде жарияланған болатын. Бұл құбылыстар әрине Алланың ісі, дегенмен олардың себеп салдарын үйрену ғалымдардың үлесінде екенін ұмытпаған жөн, әсіресе профессионал археологтар, тарихшылар.

Аңыз бойынша Нұх пайғамбардың кемесінің ұзындығының небәрі 50 метр, ені 25 метр, биіктігі 25 метр екендігіне ой жүгіртсек, ондай кемеге қос қосынан, әртүрлі жан-жануардың сыймайтындығы айдан анық. Әсіресе пілдер, түйелер, мүйізтұмсық, керік т.б. Осы орайда кейбір ізденуші-ғалымдардың ой пікірлері ойға қонымды. Бұл ғалымдардың пайымдауынша, Пайғамбар кемесіне жан-жануарлардың өзі емес, олардың генетикалық материалдарын алған деп келтіреді. Мүмкін солай да шығар, өйткені Құранда жазылғандай Адам-ата laidan пайда болды делінеді. Жапон ғылымдарының жетістіктеріне сүйенсек, адамның құйымшағы 600 градус цельсиден жоғарғы отта жанғанда, сүйек қалдықтарында адамның ДНК гендері толығымен сақталады және өзіне қолайлы жағдайда қайта өнеді екен. Бұл жерден негізгі шығаратын қорытындымыз - дүниедегі түрлі құбылыстарда да, Алланың берген күдіретінің арқасында, жер бетіндегі даму әрдайым қайталанып, дамып отырады. Қазақтың жақсы бір мақалында «Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жеткен өледі». Ал қайталанып келетін жаһандық топансулардың қоздырғышы болып, адамдар қоғамының өзі көп жағдайда себепкер болатыны көпшілікке мәлім. Олардың қатарында жаһандық жылудың жоғарылауы, азондық қабаттың тесіктерінің себепкерлері, адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижелері, жер бетіндегі түрлі қақтығыс және соғыстар т.б. адамдардың бір мезгілде бір жердегі жасайтын күнәлары шектен шыққан кезде сол жердегі түрлі келеңсіз құбылыстардың орын алатындығы.

Осы гипотезаның дұрыс не бұрыстығын анықтау үшін Қазығұрт тауына топансудың мүмкін болған көтерілу бағыттарын зерделеп көрейік. Ол үшін Орекеңнің тіркеуден өткізген ғылыми гипотезасын келтіріп отырмыз.

Қазығұрт тауы туралы ғылыми гипотеза (болжам) сараптамалардан кейін Москвада N-20-N номермен бекітіліп, дүние жүзінде бірінші болып

1. «Ғаламдық топансудың болмағанын дәлелдеп, бір аймақтық- құрлықтық топаннан кейін Қаз-Құрттың басында кеме қалған» - деген тұжырым жасайды.

2. Екінші болжам ретінде «Сондықтан және бұдан былай тек Қаз-Құрт тауына бір топаннан кейін кеме келіп, осы жерден біраз Еуразия халықтары таралған, - деген ұғым ғана ғылыми болжам ретінде негізделген деп есептеуге болады».

Ғылыми болжам авторлары: О.С. Балабеков және Н.Ә.Сандыбаева. Авторлық куәлік Қ.А.Ясауи Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне тапсырылған.

Біздің ойымызша Қазығұрт тауы аймағын топансу басудың негізгі үш бағыты болуы мүмкін:

Бірінші бағыт. Түрлі себептермен толассыз күндіз-түні апталап жауған жаңбыр әсерінен жергілікті өзендер арналарынан асып симаған бөлігі жайылып Мақтарал, Мырзашөл кеңістіктерін басып Арал теңізіне құйып жатты. Әмудария өзені жағы да (Жейхун) Орталық Азия кеңістігіне жайылып барып Әмудария арқылы Каспий теңізіне құйылып жатты.

Екінші бағыт. Солтүстік мұзды мұхит сулары көтеріліп Каспий теңізіне құйылып жатты (егер ол тасқын мезолит заманына дейінгі су апаты болған болса).

Үшінші бағыт. Қара теңіз сулары көтеріліп Азов теңізі арқылы Ростов-Новочеркасск, Волгоград, Астраханнан өтіп Каспийге құйды делік.

Келтірілген үш вариантты талдаудан алдын топансудың келтірілген үш варианттың қайсы-қайсысында болсын су биіктігі шамамен 770-816 метрге көтеріліп тұрақты тұруы қажет. Ол биіктік көне заманда «Іліңгір» деп аталған (Ленгер). Кемелер тұрақтайтын (пирс, пристань) болған дейді аңыздарда. Мекеннің биік жиегі 816 метр, ал төменгі жағының биіктігі 770 метрді көрсетеді. Егерде жойқын-тасқын біз келтірген екінші немесе үшінші бағытта болған жағдайда, алғашқы (долданып) келген толқындар едәуір биік болатынын ескерсек. Ол биіктік Қазығұрт тауының биік жерлері (нүктелері) 1680-1770 метрге шамалас болуы ықтимал. Енді жоғарыда келтірілген үш бағыттың біріншісін талдап көрейік. Қазығұрт тауының айналасы Алатаудан ағатын үлкенді-кішілі Сайрам су, Келес, арыс, Ақсу, Текесу тағы басқаларын қосқанда әрине өте үлкен апатқа

эшелетіндей су жиналады, бірақта ол сулардың толастап жиналуы үшін Сырдария өзенімен екі ортада бөгет болатын көлденең тұрған тосқауыл ештеңе жоқ. Яғни Ілінгірге, Қазығұрт биігіне кемелер жоғары көтеріле алмайды дегенді білдіреді. Екінші жағынан соншалықты су жиналған жағдайда да Арал мен Каспидің суы тұщы болған болар еді. Оның үстіне Каспидің суы деңгейі Астрахан тұрған биіктікке, яғни 28 метрге көтерілгеннен соң, артық су Азов пен Қара теңізге қарай ағар еді.

Екінші бағытты қарастырайық, Солтүстік мұзды мұхит бағытынан апат келуі мүмкін бе? Мүмкін болғанда қандай, ол егерде Мезолит заманынан бұрын болған жағдайда. Біздің қазақ жеріне тұстас жатқан Баренц теңізі мен Карск теңіздерінен апат толқындары көтерілген жағдайда оған тосқауыл болатындай көлденең жатқан таулар жоқ. Ұзыннан ұзақ оңтүстіктен солтүстікке созылып жатқан Орал таулары су жойқынана мүлдем қатысы жоқ орналасқан. Баренц теңізі мен Карск теңіздерінің суларының биіктіктері 18-35 метр екен. солтүстік мұзды мұхит пен қазығұрт таулары арасындағы мекендер биіктігін қарастырған едік: Воркута – 266м, Төмен – 91м, Омск – 111м, Орынбор – 113м, Шелябинск – 190м, Нұрсұлтан – 429м биіктіктерде орналасқан болып шықты. Қызылорда – 295м, Шардара – 248м, Түркістан – 206м, Шымкент – 517м, Ленгер – 770м, Мақтарал өңірі – 260метр айналасында, жері тегіс құмдақ болып келеді. Ілгеріде теңіз түбі болған дейтін. Жоғарыда айтылғандай егер Қазығұртқа су жойқыны солтүстіктен келген болса, күн тұтылып, күні-түні толассыз жаңбыр жауып жойқын әсерін үдете түскен болса керек. Ғалымдардың пайымдауынша «Топан судың ең көп болған кезеңі мезолит (грекше – орта, аралық) заманы» деп атаған. Бұл б.з.д. 12-7 мың жылдықтар аралығы. Мезолиттің басталуы мен аяқталуы жердің әр аймағында әр түрлі. Бір-бірімен сәйкес емес. Білетініміз, мезолиттің басталуы аяққа басқан жердің мұзының еруімен байланысты бұл шамамен 10 мың жыл бұрын болған деп келтіреді Орекен өз кітабында.

Соңғы ашылған жаңалықтарға қарағанда Солтүстік мұзды мұхит құрамын зерттеген ғалымдар мұз қабаттарындағы құрамында тұщы су ірі бөлшектері анықталған, ол дегеніміз топан су солтүстік мұзды мұхитқа кері тартылғанда жаңбырдан жиналған қабаттар болуы әбден мүмкін демекшіз.

Үшінші бағыт Мезолит дәуіріне дейін де одан кейін де орын алып Жерорта теңізі, Қара теңіздерде орын алған апаттардың салдарынан су тасқындарының орын алулары ықтимал. Қара теңіздің биіктігі – 9м, Азов теңізі – 11м. жойқын су тасқыны жайуат жаққа ығысып Ростов-Новочеркассклердің биіктігі небәрі 20м болса, Волгоград – 17м. Астрахан – 28м, Каспий теңізі – 11м биіктікте әрине осы бағыт ең ыңғайлы болса керек. Арал теңізінің биіктігі 39 метрді көрсетеді. Орталық Азия жазықтығына жайылып көтеріліп Сырдария, Әмудария өзендері арнасын бойлап, биіктігі 1660-1760метр келетін Қазығұрт тауына көтерілсе керек. Алдыңғы толқындары басылғаннан кейін теңіз деңгейі тұрақтаған биіктік Ілінгір елді мекені (Ленгір) порты пайда болса керек, оның жоғарғы биіктігі 816м болса, төменгі жері 770 метр болып келеді. Каспий, Арал теңіздерінен Қазығұрт тауына дейінгі аралықта биік тосқауыл болатын мекен жоқ. Шардара – 248м, Түркістан – 206м, Шымкент – 517м. Ілінгір – 770м (816м).

Сонымен осы үшінші вариантымыз Мезолит заманынан кейінгі болған топансулардың барлығында орын алып отыраған және де әрбір ірілі-ұсақты жойқындарда ұдайы ұзақ уақыттар жаңбырлармен қабаттас келуі мүмкін.

Осы замандарда Адам- атаны аман сақтап қалып отырған Қазығұрт тауы етегіндегі теңіз деңгейінен 1100метр биіктікте орналасқан Ақбура бұлағынан, бір тастың астынан бұркылдап атқылап шығып жатқан көп тұщы су аман қалған адамдарды мал жануарларымен сақтап қалып отырған. Жоғарыда келтірілген су деңгейінің биіктігі тұрақтанғанда, Ілінгірдің – 770м шамасында болғандықтан ұзақ жылдар болғанның өзінде Ақбура бұлағы өзен болып ағып, Келес өзеніне құяды. Айналасындағы көптеген елді мекендердің биіктік деңгейі Ленгірден жоғары болып келеді.

Қазығұрт тауының жоғарғы және төменгі ауылдарында Атбұлақ – 806-910м, Қара қия – 845м, Қара төбе – 810м, Жаңа базар –Кәкібел – 861м, Алтынтөбе – 912м т.б. Ұзақ жылдар халық көбейіп өсуіне мүмкіндік болды.

Қиссалар тарихи деректің қайнар көзі десек болады. Осындай қиссалардың бірінде Қазығұрт тауының топан су қаптаған соң Нұх пайғамбар кемесін тоқтататын жай іздеген деседі. Сонда әлемдегі асқар таулар: - «Кеме маған келіп тоқтайды» - деп өзара таласыпты. Қазығұрт тауы ғана: «Кемеге тұрақ болуға лайық емеспін. Тыс аласамын. Асқар таулар тұрғанда Құдай мені қаламас», - деп, тәкәппарлық көрсетпей кішірейіп тұрды. Құдайға Қазығұрттың сынық мінезі ұнады.

Қазығұрт кішік болғаны үшін Ұлық Алла Нұхқа «Кемені Қазығұртқа бұр!» - деп әмір берді. Кеме Қазығұрт тауына сау саламат жетіп, тіршілік сол мекеннен қайта тарады.[4]

Ендене тіршіліктің қайта тарауының бастауы болған Қазығұрт тауының Алланың берген бүкіл тіршілікті сақтап қалуына жан-жануарларды артықшылығын ұлықтау үшін және оны жер-жердегі халықтар білетіндей етіп дәріптеу қажет екендігін алға тарта отырып ең алдымен бұл іс-шаралардың бүкіл мұсылман халқына, оның ішінде жасөспірімді тарихи құндылықтарға баулып тәрбиелеуге қажет екендігін тереңінен түсінуіміз қажет. Бұл мәселелерді Елбасы айтып келе жатқан саясатының жалғасы ретінде қарастырғанымыз дұрыс болар. Қазақ елін әлемге танытудың және экономиканы тұрақты дамытудың бір көзі туристік кластер екендігін есепке ала отырып Қазығұрт тауын, оның айналасын жер бетіндегі жұмаққа айналдыруымыз қажет сияқты. Ол үшін Қазығұрттың биік басына Нұх пайғамбардың кемесінің шартты макетін нақты өлшемдерімен тура кеме қонған жерге орнату, орнатқанда да бүйірін Шымкент қаласына қаратып, тұмсық жағын күншығысқа қаратқан дұрыс сияқты. Таудың ең төбесінен, ауа таза күндерде, Шымкент қаласындағы ірі объектілер әдемі көрінсе, таудың арғы бетінде Сырдария өзені қолмен сызып қойғандай көрінеді. Айтайын дегеніміз, таудың басына орнатылған кемені өте алыстан көріп отыруға болатындығы, егерде оның жиектеріне электр шамдарын түнде жағып қойса мен мұнда лап халықты, туристерді шақырып тұрмас па еді. Кеменің алдыңғы жағына екінші биік шоқының үстіне Шымкенттен қарағанда таудың төбесінде екі биік шоқы бар, биіктігі кеменің биіктігімен теңдес мешіт құрылса және ол мешіттің күмбезін обсерватория етіп жабдықтаса, тауға келген мұсылман қауым Аллаға, әулиелерге құран бағыштаса, Құрбан айт мерекесі, жұма күндері айналадағы немесе арнайы келетін мұсылмандар осы мешітте намаз оқып, Алладан тілектер тілеп, құран бағыштауға болар еді. Мектеп балалары, үлкенді – кішілі келген туристтер Қазығұрт тауы айналасындағы елді мекендер, қалалармен, аспан әлемін қарап, сабақ алар еді. Егерде мешіттің үстіңгі пішімін электр шамдарымен безендіріп қойса қараңғы түскенде Шымкенттен де алыстағы жерлерден жарқырап қос нысан шақырып тұрар еді. Оны көрген жұрттың имандылыққа бой түзейтіні айдан анық.

2017 жылы Сапар Жақыпбекович өзінің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазығұрт тауының туристік тартымдылығын арттыру үшін тау басына шығатын фуникулер мен баспалдақ жол салу, демалатын орындықтар құру қажеттілігін әкімдерге жеткізген болатын.

Қазығұрт ең биік, ең көне тау болғандықтан пайғамбардың кемесі қалмаған күнде де, үлкенді кішілі түрлі себептермен қайталанып отырған теңіз топансуынан осы аймақтағы адам, жан-жануарлар, сол тасқын сулардан бас сауғалап барынша биік жерлерге талпынары ақиқат. Таудың биігінде үлкенді-кішілі көптеген үңгірлер бар, оған қоса орта бел етегінде үлкен тастың астынан бұрқылдап шығып жатқан, бір өзеннің суын беретін, Ақбура бұлағы бар. Адам-атамызды, жан-жануарларды сақтап қалатындай жан-жағынан қолайлы өңір, Нұх пайғамбардың кемесінің мақсатын орындауға лайық келетін мекен. Сондықтан да Қазығұрт тауы - әулие тау! – деп қорытынды жасауға болады.

Қазығұрт тауы туризмді дамытудың тапсырмас құралы. Оның тарихы мен әсемдігі туралы деректі фильмдер түсірілуі тиіс. Осылай кеңінен насихатталған жағдайда оның мәртебесі арта бермек. Халық аузында жүрген ұрпақтан ұрпаққа жеткен қиссалар мен дастандар жинақталып, баспадан шығару қолға алынатын уақыт жеткен сияқты.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Жақыпбеков С.Қазығұрт тауы, Ақбура бұлағы олар неге әулие атанған? Шымкент: «Әлем», 2017. 36 бет.
- 2 <https://egemen.kz/article/11389-qazyghurt>
- 3 Тұрсынқұлов Қ. Шығармалары. Бес томдық / Қ. Тұрсынқұлов. Астана: Фолиант, 2014. Т.1: ҚАЗЫҒҰРТ: аңыз бен ақиқат / Әдеби-танымдық эссе, повесть-аңыз және новеллалар. 416 бет.
- 4 Балабеков Оразалы. ҚАЗИЯ (Инновациялық шығарма). Шымкент. 2011. 189 б. Демеуші Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті
- 5 Әлдиден эпосқа дейін. Отбасы хрестоматиясы. Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2013. 392 б.

Аннотация: Гордость Юга не маленькая. Легко сказать, что они всем нам известны. Почитание святых мест и доведение их до сведения молодежи об их роли в истории-долг предыдущего поколения перед следующим поколением. Один из них Священная гора Казыгурт.

Для уважения к родной земле и развития науки важно изучить историю ее развития, чтобы понять ее конечную точку зрения. С его помощью мы можем раскрыть динамику исторического процесса, описать его закономерности, выявить связи и расхождения в процессе развития, раскрыть эволюцию применяемых методов и формирование категорий, проследить за изменением общих понятий, показать не только историю людей, но и историю проблем и решений, научить специалистов объективно оценивать новшества на основе истории. Если взглянуть на историю, есть много мнений и фактов. О происхождении человечества, о потоке ученые говорят и пишут самые разные мнения. Среди этих исторических воззрений много разных мнений о горе Казыгурт. "На вершинах Казыгурта остался корабль, Почему остался если он не святой?" - это, наверное, свидетельство того, что он является одним из святых мест в нашей стране.

Ключевые слова: Казыгурт, гора, исторический, священный, ковчег, холм, развитие, Ной, высокий, древний, традиция

Abstract: The pride of the South is not small. It's easy to say that we all know them. Honoring the holy places and bringing them to the attention of young people about their role in history is the duty of the previous generation to the next generation. One of them is the Sacred Mountain Kazygurt. For respect for the native land and the development of science, it is important to study the history of its development in order to understand its final point of view. With its help, we can reveal the dynamics of the historical process, describe its patterns, identify connections and discrepancies in the development process, reveal the evolution of the methods used and the formation of categories, follow the change in general concepts, show not only the history of people, but also the history of problems and solutions, teach specialists to objectively evaluate innovations based on history. If you look at the history, there are many opinions and facts. About the origin of mankind, about the flood, scientists speak and write a variety of opinions. Among these historical views, there are many different opinions about Mount Kazygurt. "There is a ship left on the peaks of Kazygurt, Why did it remain if it is not a saint?" - this is probably evidence that it is one of the holy places in our country.

Keyword: Kazygurt, mountain, historical, sacred, bucket, hill, development, Noah, high, ancient, tradition

ӘОЖ: 664.66

¹Касымова М.К., ¹Айтбаева А.Ж., ²Ципровича И.

¹профессор, хим.ф.к. М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²тех.ғ.д., профессор, Латвия жартылыс-ғылым және техн.ун-ті. Элгава, Латвия

ҚҰЙРЫҚ МАЙ ҚОСЫЛҒАН ТАБА НАН ӨНДІРУ

Түйін: Құйрық майдың мөлшері камырды илеу кезінде бидай ұнының су сіңіру қабілетіне және оның реологиялық қасиеттеріне, сондай-ақ камырды дайындау параметрлері мен дайын өнімнің сапа көрсеткіштеріне әсері анықталды. Бидай нанын өндіруде 15% - ға тең құйрық майдың ұтымды дозасы белгіленді.

Бидай қамырының тұтқырлығының өзгеру сипаты оның титрленетін қышқылдығына байланысты бидай қамырының илеуден кейін және ашытудан кейін қышқылдығының маңызды нүктелерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Құйрық майдың ерекше құрамы бар. Мұндай дәрумендер мен минералды заттарға бай кешен табиғатта өте сирек кездеседі. Құйрық майдың құрамында оңай сіңетін өсімдік ақуызы мен маңызды аминқышқылдары көп.

Дайындалған нан-тоқаш өнімдерінің витаминдік және минералды құрамына құйрық май мөлшерінің әсері анықталды, бұл олардың құрамында адамның тамақтануына қажетті микроэлементтердің белгілі бір мөлшерінің болуын растайды (А, С, РР, К және В дәрумендері, кальций, темір, мырыш, омега-3 май қышқылдары және т.б.).

Кілт сөздер: құйрық май, ұлттық нан, дәрумен, химиялық құрамы, тамақ өнімдері, табиғи ланолин, органолептикалық, физика-химиялық әдістер, каротин, стеролдар.

Кіріспе. Рухани жаңғыру - ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға және бірегейлікті сақтауға негіз» бұл дегеніміз, ұмыт болып бара жатқан дәстүрлі өнімдерді жаңғырту. Соның бірі тамақ өнімдеріне құйрық май қолдану.

Нан біздің елдің тұрғындарының негізгі тамақ өнімдерінің бірі болды және болып қала береді. Нан және нан-тоқаш өнімдері сияқты күнделікті және жаппай сұранысқа ие өнімдердің ассортиментін кеңейту және технологияларды дамыту өзекті мәселелердің бірі. Нанға табиғи өнім, құйрық майды қосу арқылы сапасын жоғарылату.

Қойдың құйрық майы, бұл құрамында органикалық қышқылдар, кейбір минералдар, соның ішінде магний, мырыш, мыс, В және А, Е витаминдер топтары, бета - каротин, стеролдар, қанықпаған май қышқылдарының көп мөлшері, сұлулық пен жастықтың таптырмас элементі - ланолин және т.б. бар [1]. Қатты күйінде құйрық май ақ немесе сары-ақ, ал еріген кезде ол түссіз болады.

Жұмыстың мақсаты – нан сапасын табиғи құйрық маймен байыту, май құрамындағы ланолиннің табиғи құрамының адам ағзасында жүретін жасарту процессіне бастау беретінін зерттеу, жақсарту.

Теориялық талдау. Ұлттық нан өндірісінде қамыр дайындау 1 сұрыпты ұннан, судан, тұздан және ашытқыдан қамыр илеу, грек жаңғағын антиоксидант ретінде жалпы ұн массасының 20% мөлшерінде енгізу; ашыту, қамыр кесектерін кесу және қабаттаудан, пісіруден тұрады. Технологиялық режим: ашыту 30 - 50 минут, пісіру - 20 - 50 минут [2]. Бұл дайын нанның сапалық көрсеткіштерін жақсартуға, биологиялық және тағамдық құндылығын арттыруға, нанды қатыру процесін азайтуға, нанның жарамдылық мерзімін 3 күнге ұзартуға, сонымен қатар нан мен наубайхана түрлерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Еріген құйрық майын қосқан ұнның артықшылығы оның бай витамині мен минералды құрамына байланысты. Құйрық майы - құрамында органикалық қышқылдар, кейбір минералдар, соның ішінде магний, мырыш, мыс, витаминдер, соның ішінде В және А топтары, стеролдар, сұлулық пен жастықтың таптырмас элементі - ланолин және т.б. болады.

100 г. құйрық майының энергетикалық құндылығы 897,3 ккал құрайды және оның құрамында белоктар мен көмірсулар болмайды. Өнімде пайдалы элементтер бар, соның ішінде: В, Е, А, Н дәрумендері, бета-каротин, хлор, фосфор, селен және күкірттің макроэлементтері, қаныққан және қанықпаған май қышқылдарының күрделі эфирлері, табиғи ланолин [3]. Құйрық майды пайдалану химиялық құрамы бойынша теңдестірілген жоғары сапалы тамақ өнімдерін өндіру және өндіру бағдарламасына ықпал етіп қана қоймай, ресурстарды үнемдейтін технологияларды дамытуға тағы бір қадам болып табылады.

Құйрық майды қолданып өндірілетін өнім қатарына ет өнімдері, тұшпара жатады. Ата бабамыз тапа нанға құйрық майын қосып дайындаған. Алайда, әдебиеттер жоқтың қасы.

Тәжірибелік бөлім. Жұмыс мақсатына сәйкес, құйрық май қасиеттері мен ұн қасиеттерінің үйлесімділігі зерттелінді. Үйлесімділікке орай құйрық майдың қоспа ретінде оптимальді дозасы таңдалынды. Доза сәйкестігі өнімді органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштерін анықтау барысында анықталды.

Анықталынатын көрсеткіштер органолептикалық және физико-химиялық әдістер көмегімен жүзеге асырылды.

Ұнның су сіңіру қабілетін анықтау үшін 25 см³ суды пипеткамен немесе бюреткамен өлшеп, алдын ала өлшенген 100 г сынамадан жанау арқылы анықтайтын қалыпты қамыр консистенциясы пайда болғанға дейін ұнды біртіндеп қосады, ол: қамыр жабысқақ та емес, қалың да болмауы керек. Ұнның қалған бөлігін өлшеу арқылы олар қанша ұнды илеуге жұмсалғанын анықтайды. Судың мөлшері 100 г ұнға қайта есептеледі, бұл ұнның су сіңіру қабілетін сипаттайтын болады [4].

Бидай ұнының орташа химиялық құрамы 1- кестеде көрсетілген [5].

Кесте 1. Бидай мен қара бидай ұнының орташа химиялық құрамы, %

Ұн түрі және сорты	Крахмал	Ақуыз	Пентоза	Майлар	Қант	Целлюлоза	Минералды заттар
Бидай ұны:							
Жоғары сұрыпты	79,0	12,0	2,0	0,8	1,8	0,1	0,55

Бірінші сұрыпты	77,5	14,0	2,5	1,5	2,0	0,3	0,75
Екінші сұрыпты	71,0	14,5	3,5	1,9	2,8	0,8	1,25
Жармаланған ұн	66,0	16,0	7,2	2,1	4,0	2,3	1,90

Жануарлардан алынатын май өнімінің химиялық құрамын талдау және оны ұнның химиялық құрамымен салыстыру олардың құрамын құрайтын негізгі компоненттер ұнның жартылай фабрикаттарының қасиеттеріне және нан өнімдерінің тағамдық құндылығына әсер етуі мүмкін екенін көрсетті (кесте 2).

Кесте 2. Құйрық майдың химиялық құрамы

Өнім атауы	Компоненттер саны (100 г өнімге шаққанда)
ақуыздар	1,40
майлар	92,80
көмірсулар	0,00
Құрғақ заттар	94,30
Ылғалдылық, %:	5,70
Калориялығы, ккал:	840,80



1 сурет. Қойдың құйрық майы

Нәтижелер мен талқылау. Ұнның суды сіңіру қабілеті 100 г ұннан араластырылған қалыпты консистенциялы қамыр түзген кезде ұн сіңіретін су мөлшерімен (%) сипатталады. Бұл ақуыздардың қасиеттеріне және ұнтақтау мөлшеріне байланысты. Ұсақ ұнтақталған ұнның суды сіңіру қабілеті жоғары болады.

Кесте 3. Бидай ұнынан алынған қамыр парметріне және араластыру параметріне құйрық май мөлшерінің әсері

Параметрлер	Құйрық май мөлшері, %		
	5	10	15
Қамырдың су сіңіру қабілеті, %	85,0	87,0	88,0
Араластыру ұзақтығы, В, мин	9,8	10,2	11,0
Пресстелген ашытқының активациялану ұзақтығы, сағат	2,0	1,0	0,9

Зерттеу үшін 5% -15% қатынастағы құйрық майын қосып таба нан рецепті жасалды.

Дайындаудың барлық әдістерінде қамырдың қышқылдығы жоғары (9-12 градус). Бұл қышқылдық α -амилазаны инактивациялайды, қамырдың реологиялық қасиеттерін жақсартады және үгінділердің жабысқақ болуына жол бермейді.

Қамырдың жоғары қышқылдығы құрамында қышқылдар мен қышқыл түзуші бактериялардың көп мөлшері бар қара бидай ашытқысы қамтамасыз етеді.

Құйрық майының ұнның пісіру қасиеттеріне, сондай-ақ олардың бай химиялық құрамының пайдалы әсерін ескере отырып, олардың престелген ашытқыны алдын-ала белсендіруге әсері туралы зерттеулер жүргізілді [6, 7].



2 сурет. Құйрық май қосылған таба нан

Қорытындылар. 15% құйрық майын енгізу сығылған ашытқының активтену ұзақтығын бір сағатқа дейін төмендетуге көмектесетіні анықталды, ал су-ұн қоспасында сығылған ашытқыны активтендіру екі-үш сағатқа созылады, сығылған ашытқыны тұтыну 30% -ға дейін азаяды, олардың көтеру күшін жақсартады, қамырды ашыту және қосыту ұзақтығы азаяды. Бұл активтену кезеңінде қоректік ортада өсімдік ұнтағымен бірге жеңіл сіңімді көмірсулар болатындығына байланысты. Осы уақытқа дейін ашытқы жасушалары белсенді күйде болады, бұл жиынтықта жоғары сапа көрсеткіштерімен дайын өнімді алуға мүмкіндік береді [8,9].

“Нан және нан өнімдері технологиясы” пәнінен 2 курс студенті Срайл Аяжан, өзіндік жұмысымен айналысуға берілген уақытында, зерттеулер жүргізіп, таба нан дайындауға бидай ұнын қолданып, қамыр ылғалдылығын 47% -дан 51% аралығында өзгерте отырып жүргізді [12].

Зерттеу жұмыстары «Тамақ инженерия» кафедрасының зертханасы жағдайында орындалды. Бұл жұмыс үшін талаптарға сәйкес органолептикалық (дәмі мен иісі, сыртқы түрі мен консистенциясы, түсі) көрсеткіштер және физика-химиялық (ылғалдылығы, кеуектілігі және қышқылдығы) көрсеткіштер бойынша сынақтар жүргізілді. Зерттеу нәтижелері, бидай ұнынан алынған таба нанының сапасын жақсарту үшін құйрық майын енгізудің ең оңтайлы мөлшері қанша болу қажеттігін көрсетеді, себебі ол жоғары органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштері бар өнімді алуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеулер бидай нанын өндіру кезінде құйрық майының оңтайлы құрамын (ұнның массасына 15%) анықтауға мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелер 15% құйрық майы қосылған кезде қамыр мен пісірілген өнімдердің құрылымдық-механикалық және органолептикалық көрсеткіштері жақсаратынын көрсетеді.

Кесте 3-Таба нан сапасының органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	бақылау	қоспамен
Сыртқы түрі	Жарықсыз, біртекті	Жарықсыз, біртекті
Түсі	Ашық қоңыр	Қоңыр
Нан жұмсағының күйі	Біркелкі кеуектілікпен, пісірілген	Пісірілген, кеуектілігі анағұрлым дамыған
Дәмі және иісі	Бидай нанына тән иіс және дәм, қосымша иіс және дәм жоқ	Бидай нанына тән, айқын иісті мен жағымды дәмді
Нан жұмсағының ылғалдылығы, %	48	47
Нан жұмсағының	10	11

қышкылдығы, град		
Кеуектілік, %	49	51
Нанныңменшіктікөлемі, см ³ /100 г	185	218
Минералды заттардың (күл) мөлшері (100 г есептегенде)	1,7	4,6
Тағамдықталшықмөлшер» (100 гесептегенде)	6,4	33,3

Сынақ зертханасында пісірілген ең сапалы бидай наны, оның ылғалдылығына 49% сәйкес келетін консистенциясы бар қамырдан алынғанын көрсетті. Бидай ұнықамырының белгіленген консистенциясы - өңделген бидай ұнының су сіңіру қабілетін ескере отырып, қамыр илеу кезінде судың оңтайлы мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін негізгі сипаттамалардың бірі[11].

Сонымен, сынақ зертханасының мәліметтері бидай наны сапасын жақсарту үшін құйрық майын 15% мөлшерде рецептураға енгізу ең оңтайлы екендігін көрсетеді, өйткені ол органолептикалық, физико-химиялық сипаттамалары жоғары өнімді алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Назарбаев. Болшаққа бағдар: Рухани жаңғыру мақаласы, 2017, №56 12 сәуір
- 2 Криволапова Г.А. Патент РК №31018 Способ производства хлебного изделия с растительными добавками 15.04.2016
- 3 <https://bezpuza-ru.turbopages.org/s/bezpuza.ru/produkty/zhiry/kurdyuchnij-zhir.html>
- 4 Изучение возможности замены сахара-песка на высокотехнологичный подсластитель в производстве сдобных булочных изделий / М. В. Бадрутдинова [и др.] // Вестник Казанского технологического университета. 2013. Т. 16, № 3, С. 179-182.
- 5 Диденко В. М. Особенности использования пищевых ПАВ в производстве мучных кондитерских изделий / В. М. Диденко // Кондитерское и хлебопекарное производство. 2012. № 3. С. 36-37; № 4, с. 30-31.
- 6 Зайцева Л. В. Производство хлебобулочных изделий для здорового питания с использованием заменителя молочного жира энзимной переэтерификации / Л. В. Зайцева, Т. А. Юдина, М. В. Клевцев // Пищевая промышленность. 2012. № 5. С.70-72.
- 7 Дубцов Г.Г. Современное хлебопечение-2012: индикатор отраслевого развития / Г. Г. Дубцов // Кондитерское и хлебопекарное производство. 2012. № 8. С. 6-8.
- 8 Ильина О.А. Комплексный подход к управлению качеством хлеба / О. А. Ильина, А. С. Баландина, Е.В.Иунихина // Пищевая промышленность. 2013. № 2. С.14-17
- 9 Маюрникова Л. А., Позняковский В.М., Суханова Б.П. Экспертиза специализированных пищевых продуктов. Качество и безопасность: учеб. Пособие. СПб.: ГИОРД. 2012. 424 с.
- 10 Дерканосова Н.М. Применение методов многомерного статического анализа для оценки потребительских свойств хлебобулочных изделий. Известия вузов. Пищевая технология. 2012. Т. 328, № 4. С. 23-26.
- 11 Диденко В.М. Особенности использования пищевых ПАВ в производстве мучных кондитерских изделий. Кондитерское и хлебопекарное производство. 2012. № 3. С. 36-37; № 4. С. 30-31.
- 12 Айтбаева А.Ж., Касымова М.К.Құйрық май қосылған нан өндіру технологиясы. XXIII республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері. Шымкент, 2020, Б. 218-219.

Аннотация: Установлено влияние дозировки курдючного жира, на водопоглотительную способность пшеничной муки при замесе теста и его реологическое поведение, а также параметры приготовления теста и показатели качества готовых изделий. Установлена рациональная дозировка курдючного жира равная 15% при производстве пшеничного хлеба.

Характер изменения вязкости пшеничного теста в зависимости от его титруемой кислотности, позволяет устанавливать критические точки кислотности пшеничного теста после замеса и после его брожения.

Курдючного жира обладает уникальными составами. Такой богатый витаминно-минеральный комплекс в природе встречается очень редко. У курдючного жира содержится большое количество

легкоусвояемого растительного белка и незаменимых аминокислот.

Установлено влияние дозировки курдючного жира на витаминный и минеральный состав разработанных хлебобулочных изделий, который подтверждает наличие в них определенного количества необходимых для питания человека микронутриентов (А, С, РР, К и витамины группы В, кальций, железа, цинка, омега-3 жирные кислоты и др.).

Ключевые слова: курдючный жир, национальный хлеб, витамины, химический состав, пищевые продукты, натуральный ланолин, органолептические, физико-химические методы, каротин, стеролы.

Abstract: The effect of the dosage of fat tail fat on the water absorption capacity of wheat flour when kneading the dough and its rheological behavior, as well as the parameters of dough preparation and quality indicators of finished products, have been established. A rational dosage of fat tail fat has been established equal to 15% in the production of wheat bread.

The nature of the change in the viscosity of wheat dough, depending on its titratable acidity, allows you to establish the critical points of the acidity of the wheat dough after kneading and after its fermentation.

The effect of the dosage of fat tail fat on the vitamin and mineral composition of the developed bakery products has been established, which confirms the presence in them of a certain amount of micronutrients necessary for human nutrition (A, C, PP, K and B vitamins, calcium, iron, zinc, omega-3 fatty acids and etc.).

Key words: fat tail fat, national bread, vitamins, chemical composition, food products, natural lanolin, organoleptic, physico-chemical methods, carotene, sterols.

ӘӘЖ: 619.617-(0758)

Ильясов Б.К., Батхиева Г.Б., Нурдилда А.Ш.

ветеринария ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ТҮЙЕНІҢ БЕТКЕЙЛІК КЕРАТИТІ (KERATITIS SUPEZIFICIAKIS)

Түйін: Мақалада Түркістан облысының Созақ, Отырар, Арыс аудандары мен Атырау облысының Мақат, Доссор ауылдарындағы кератитті зерттеу нәтижелері келтірілген. Авторлар алғаш рет жергілікті тұқымды түйелердегі кератиттің клиникалық белгілерін сипаттады. Сонымен қатар, бұл ауруды емдеу әдістері жасалды. Түйелердің кератитін емдеу үшін М.А. Юсупов, Б.К.Ильясов әдісі бойынша дәрі-дәрмектер мен байланысты препараттар қолданылды. Кератит кезінде авторлар түйелерді қауымдастырылған дәрілермен (таңертең және кешке) емдеу кезінде күніне 2 рет жақсы нәтиже алғанын анықтады. Сагиз елді мекенінде жоғарыда көрсетілгендей клиникалық белгілермен ауырған тағы бір түйені (иесі Сагинтаева Галия) зерттедік. Г.Сагинтаеваның түйесінде беткейлік кератин балауын қойып, Қадіров Асхаттың түйесінің көзіне жүргізілген емдік шаралар жүргізіп, оң нәтижеге қол жеткіздік.

Кілт сөздер: түйе, жіті, катаральді, жантақ, беткейлік кератит, балау, ветеринария, көз.

Кіріспе. Көптеген ветеринария зерттеушілері ауылшаруашылығы малдарының (жылқы, қара мал, қой және ешкі) ғылымымен айналасып, төрт түлік малының төресі түйе жарықтығын көбінесе кейінгі жоспарларға қалдырылған. Елбасының рухани жаңғыру саясатында, қазақ халқында техника дамымаған кезде, түйені жүк тиеуге қолданған, тәулігіне бірнеше рет сауып сүтін ішкен, сойып етін жеген, қыста тоңса терісі және жүнінен киім тіккен, ал түйенің шудасы емге қолданылғаны айтылған.

Теоретикалық сараптама. Осы жұмыстың негізгі мақсаты түйенің көз ауруларына арналып, аталған патология түйеде сирек кездесетіндіктен (қол жеткен ғылыми әдебиеттерден табылмадық) жинаған деректерімізді жариялау. Біз, түйенің көз патологиясын сонау өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап, осы күнге дейін бақылап, зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз [1,2].

Түйенің көз ауруларына сирек шалдығатындығы біздің болжамымыз бойынша

төмендегілерге байланысты: аталған жануардың дене құрылымы басқа малдарға қарағанда бойы, басы биікте болады, аяғын маң-маң басып жай қозғалады (әртүрлі заттарға көзі соқтығыста болмайды), бас, көз аумағының жүні қалындау, бұлда көзге шаң, әртүрлі заттардың ұсағының түсуінен қорғайды, түйенің азықтануыды басқа малдармен салыстырғанда өз ерекшеліктері баршылық. Түйе көбінесе ащы шөптерді ұнатады (бұйырғын, жусан, алабота, жантақ т.б.) және олардың шашылған дәндерін, түйе ернінің бұлшық еттерінің серпімді мықты болуына байланысты, еріндерімен теріп жеп, асықпай күйіс қайтарып бойына сіңіреді. Ал, ащы жейтін ұлттардың өкілдері кез-келген ауруға мықты болатындағы сияқты, түйе жарықтықта көз ауруларымен сиректеу ауырыды деуге болатындығы сыйымды. Осымен бірге, жоғарыда аталған шөптерде микро-макроэлементтерге және көзге керекті витаминдер баршылық.

Зерттеу әдістері мен материалдар. Біздің көптеген жылдардағы зерттеулеріміздің нәтижесінде Атырау және Түркістан облысының түйе ұстайтын елді-мекендерінде түйенің беткейлік кератиттерін анықтадық. Осыған мысал ретінде, біз зерттеуге алған малдардың ауру тарихынан үзінділер келтіруді жөн санадық.

Атырау облысының Сагиз елді мекенінің тұрғыны Қадіров Асхаттың түйесі 7 жаста, қос өркешті, жергілікті бурамен будандастырылған. Мал иесінің айтуы бойынша, түйе сырттағы мал тұратын қоршауда тұрмай ол қараңғы қораға кіріп жататындығын, кейбір нәселерге сүрінетіндігін баяндады.

Малды зерттеу барысында $T-37,5^{\circ}\text{C}$, пульсі 70, демалысының жиілігі 14 екендігі анықталды. Анамнездік деректерге сүйеніп, түйені шөгеріп, көзін тексердік. Көздің қасың қабығының беті жылтыр тегіс емес, кейбір жерлері кедір-бұдыр, түсі сұр-түтін түсті. Жақсы жарықпен тексергенде көзінің алдыңғы камерасын көруге болады. Эпителиалды қабаттың түтіндеу (помутнение) түсі күшейіп, қанның ақ торшаларымен инфильтрацияланған. Түйенің қабақтары қысыңқы және одан жас аққан, конъюнктиваның кілегей қабығы гиперемияға ұшыраған және ісінген, көздің қарашығы тарылған. Жануардың көз алмасын пальпациялағанда басын тартпауы оның ауысыңғандығын көрсетті. Күннің көзі түсіп тұрған сыртқы серуендету қоршауында көп тұрмай, қараңғы қораға кіргендігіне қарағанда, оның жарықтан қашатындығы байқалды.

Балау: беткейлік кератит.

Балау қойылғаннан кейін осы түйені емдеуге кірістік. Емдік жұмысты түйенің көзінен жас ағып жақ терісінің желімделген бөлігін қайшымен қырқып, хирургиялық өңдеу жүргіздік. Конъюнктивалды қапшықты жылытылған 2% бор қышқылымен, одан соң риванолдың судағы жылы ерітіндісімен (1:5000) шайдық. Жануардың көзінің ауырсынуын басуға 1-2% новакаииндың тамшысын (3-5 тамшы) тамызып, окситетрациклин майын жақтық. Қарашықты кенейтуге атропинмен (1%) бірге, 2% новакаин қоспасын тамыздық. Жоғарыда көрсетілген емдік қағидалар бірнеше рет қайталанды. Осыдан түйенің көзінен жас ағу тыйыла бастады, қан тамырларының инъекциясы азайып, домбығуы басылды. Түйе күннің көзі түсіп тұрған серуендеу кеңістігінде тұратындай болды.

Сагиз елді мекенінде жоғарыда көрсетілгендей клиникалық белгілермен ауырған тағы бір түйені (иесі Сагинтаева Галия) зерттедік. Г.Сагинтаеваның түйесінде беткейлік кератин балауын қойып, Қадіров Асхаттың түйесінің көзіне жүргізілген емдік шаралар жүргізіп, оң нәтижеге қол жеткіздік.

Біз түйенің көз ауруларын зерттеу мақсатында әр жылдардың наурыз-сәуір айларында Атырау облысының Доссор кентінде ғылыми зерттеу жұмысын жүргіздік. Доссорда әрбір үйде 2-3 түйеден ұсталып сүті, етінен ас дайындалса, жүнін ақшаға сатады екен. Наурыз айында осы кенттің тұрғыны Ақаев Нағыметтің екі түйесінің көзін зерттедік. Бір түйесінің лақап аты «Бурашық», екіншісі – «Атан» (өзінің шақыруы бойынша). Бурашықтың $T-38,5^{\circ}\text{C}$, пульсі 7, демалысының жиілігі 15. Жазықтықта денесін ұстауы, жетелгенде жүрісі, азықтануы физиологиялық қалыпта. Денесінің кейбір аумағының (бас, кеудесінің, аяғының) жүндері түскен, жүнін тартып қарағанда оңай жұлынбайды (қотыры жоқ). Астыңғы және үстіңгі қабақтарын ашып, қасаң қабығын мақталы тампонмен сүрткенде, түйе басын алып қашпады, бұл ауырсынудың немесе сезімталдығының жоқтығын көрсетті.

«Бурашықтың» көзінен жас аққан, қасаң қабығын басып қарағанда қатайған, құрғақ, мөлтірлігі жоқтың қасы. Осымен бірге, түйе жүргенде көбірек сүрінетіндігі, көру мүшесінің жұмысының бұзылғандығының дәлелі.

Балау. А-авитаминозды кератит.

Бурашықтың еміне А витамині мен макро-микроэлементтерге бай жем-шөппен азықтандыру ұсынылды.

Ақаев Нығметтің екінші түйесінің («Атанның») Т-38,3⁰С, П – 70, демалысының жиілігі – 14. Атаның жазықтықтағы тұрысы, дене құрылымы, азық, су қабылдауы физиологиялық қалыпты екені анықталды. Атанның көзін зерттегенде төмендегідей клиникалық белгілері анықталды. Жалпы қызуы көтерілді (40,2), азыққа зауқы жоқ, қараңғы жерге жатқанды қалайды, кейінен қоңы кетіп арықтығаны байқалды. Түйенің көзінен парлап жас ақты, пальпация жасағанда ауырсынғаны байқалды. Түйе кератитінің өзінің ерекшелігі бар. Мысалы ит кератиті сатылы түрде өтіп, басында қабыну конъюнктиваны мен қасаң қабықта басталып, қасаң қабық ірінді инфильтрацияланады. Ол кейінен абцесске айналып, бітеу жара тесіліп, ойық жараға ауысып, жара жазылған соң орнында ақ дақ (бельмо) көрінеді [3], ал түйелерде ондай ақаулар байқалмағанын тіркедік.

Жалпы түйе кератиттерін төмендегідей емдедік: конъюнктиваны қапшығын антисептикалық ерітінділермен 2-3% бор қышқылы, риванол 1:5000, фурацилин 1:5000 шайдық, көз тамшылары түрінде 0,25% левомецетин, 30% натр сульфацимі (2-3 тамшыдан 3-5 рет) субконъюнктивалды 0,1-0,2 мл гидрокартизон инъекцияланды 0,5% новокаинға қосып антибиотик майларын (тетрацилин, окситетрацилин) жағылды. Бұлшық етке С₁В₁В₂ витаминдерін, көк тамырға 40% глюкоза ерітіндісін жіберілгенде жануардың жағдай жақсарғандығы байқалды.

Осымен бірге, кератитке шалдыққан түйелерге М.А.Юсупов, Б.К.Ильясов, дайындаған (Инновациялық патент №22643) көз тамшысы тәулігіне екі рет 3-5 тамшыдан қолданылып, жақсы нәтиже алынды.

Қорытындылар.

1. Атырау және Түркістан облыстарының түйе шаруашылықтарында және елді мекендерінде түйе көзінің кератитке шалдығатындығы тіркелді.

2. Жоғарыда аталған облыстардың түйе шаруашылықтары мен елді мекендерінің түйелерінің кератитінің еміне традициялық препараттармен бірге, авторлар дайындаған (Инновациялық патент № 22643) ассоциаланған препарат қолданылып, жақсы нәтиже алынды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ильясов Б.К., Иттің көз ауруларына шолу. Журнал Жаршы №11, 2003ж. 54-57 бет.
- 2 Ильясов Б.К., Алимгазина С. Ит кератоконъюнктивитінің хирургиялық емін жетілдіру. Журнал Жаршы №8, 2004, 29-30 беттер.
- 3 Макашов А.В., Глазные болезни домашних животных. Москва. 1988, Стр. 263

Аннотация: В статье приведены результаты исследований кератита у верблюдов пос. Макат, Доссор Атырауской области и Созакского, Отрарского и Арыского районов Туркестанской области.

Авторами впервые описаны кинические признаки кератита у верблюдов местной породы. Кроме того, разработаны методы лечения данной болезни. Для лечения кератита верблюдов использованы медикаментозные и ассоциированным препараты по способу М.А.Юсупова, Б.К.Ильясова. При кератите авторами установлено, что наилучший результат получены при лечении верблюдов ассоциированным препаратом (утром и вечером) 2 раза в день.

В населенном пункте Сагиз исследовано еще один верблюд (владелец Сагинтаева Галия), который заболел клиническими симптомами, как показано выше. На верблюде г.Сагинтаевой поставили поверхностный кератиновый балау, провели лечебные мероприятия на глазах у верблюда Кадырова Асхата и добились положительного результата.

Ключевые слова: верблюд, острый, катаральный, жантак, поверхностный кератит, СОТа, ветеринария, глаз.

Abstract: The article presents the results of studies of keratitis in camels of the village Makat, Dossor of Atyrau region and Sozak, Otrar and Arys districts of Turkestan region..

The authors first described the kinic signs of keratitis in camels of the local breed. In addition, methods of treating this disease have been developed. For the treatment of camel keratitis, medicinal and associated drugs were used according to the method of M. A. Yusupov, B. K. Ilyasov. In keratitis, the authors found that the best results were obtained when treating camels with an associated drug (morning and evening) 2 times a day.

In the village of sagiz, we examined another camel (owner of the genus Sagintayev Galia), which was ill with clinical symptoms, as indicated above. On the camel of G. Sagintayev, we applied a superficial keratin bandage, carried out therapeutic measures for the eyes of the camel of Kadirov Askhat, and achieved a positive result.

Keywords: camel, acute, catarrhal, concomitant, superficial keratitis, baldness, Veterinary Medicine, Eye.

UDC: 58.32

Koilanova A.A., Dairabay D.D., Esieva M.H.

Senior Lecturer, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

PhD, Senior Lecturer M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

PhD, professor, Akdeniz University, Antalya, Turkey

NATIONAL VALUES OF THE KAZAKH PEOPLE-THE NATIONAL TREASURE

Abstract: The mainstay of the Kazakh people is patriotic and passionate citizens. "The fatherland begins with the family" means that the acquisition of patriotism from childhood is one of the most important tasks. Raising a child is a common task, and it is not an easy task, requiring a lot of work and example, as well as a lot of society, concentration, common sense and balance. At the same time, the traditions of our country have a great influence on the upbringing of children. Traditions are a set of customs created by life itself, in accordance with the religion and beliefs of each nation, people, everyday life, and the peculiarities of the national structure. Traditions are based on the law of life and society for the nation, as a rule of consciousness, education, upbringing, life they have created spiritual wealth in the consciousness of the country, by their example. It is necessary to increase the educational value of traditions in the country.

Keywords: Seven charters, seven treasures, one nine, three nine, the second Mecca, excommunication from the forts.

Кеңес өкіметінің сұрапыл саясатының салдарынан жойлып кетуге жақын қалған 1932-1933жж. ашаршылықты өз көзімен көріп отырған сол кездегі РСФСР халық комиссары Кеңес төрағасының орынбасары қызметіндегі Т. Рысқұлов қазақ халқының зарын Сталинге хат арқылы жеткізе білді. Тек осы хаттан кейін ғана Қазақстан халқына аштық пен індеттен құтылу мақсатында орталықтан көмек беріле бастады. Осылайша ол Сталиндік зұлымшылардың жүргізген саясатына қарсы күресіп, миллиондаған қазақстандық халықты аман алып қалуға тырысты. «Халқым» деп шырылдағын Т. Рысқұлов әділеттілік үшін күрес жолында артына өшпес із қалдырды. Халқының тәуелсіздігін арман еткен Т. Рысқұлов 1937-1938 ж.ж. сұрапыл Сталиндік құғын-сүргіннің құрбаны болып, халық жауы, шетелдің тыңшысыдеген жаламен ату жазасына кесілген еді [7].

Т.Рысқұлов қазақ мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық, білім, оқу-ағарту ісінің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өмірінің қысқа да ауыр жолында ұлты үшін жанын құрбан еткен ардақты да асыл жандардың ішіндегі ірі тұлғалардың бірегейі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұртаза Ш. Қызыл жебе, Алматы, Қазғұрт, 2005, 85 б.
- 2 Абдаимов Ә. История Казахстана, Алматы, 2003, 56 б
- 3 Қоңыратбаев О. Т.Рысқұлотың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі, Алматы, 1994, 97 б.
- 4 Әбілтайұлы М., Әбілдаев Н., Рысқұлов Т. Монголияда, Алматы, 1994, 208 б.
- 5 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Алматы, 2004, 198 б.
- 6 Қазақ қалай аштыққа ұшырады, Алматы, Қазақ университеті 1991, 47 б.
- 7 Күзембаев Е.Тұрар. Шымкент, 1992, 152 б.

Аннотация: В статье исследуется личность Т.Рыскулова, который считается одним из самых уважаемых и благородных людей, внесших неизмеримый вклад в социально-экономическое, образовательное развитие казахского государства и пожертвовавших своей жизнью ради своего народа на коротком и трудном жизненном пути. Отличные организаторские способности, политически грамотная личность Т. Рыскулова быстро завоевала авторитет и доверие повстанцев и вскоре стал политическим лидером. Т.Рыскулов известный своей политической деятельностью. Рыскулов был избран заместителем председателя исполкома Аулиеатского уездного совета в апреле 1918 г. по предложению депутатов. Т. Рыскулов, пришедший к власти теперь боролся за спасение казахского народа, находившегося на грани голода, и за то, чтобы заполнить совет местными лидерами. Т.Рыскулов благодаря своему положению имел высокую репутацию в

Казахстане и Средней Азии. Сам М.В.Фрунзе сказал Ленину, что «в Средней Азии Рыскулов и Ходжаев имеют большую репутацию, за ними следуют многие. Т.Рыскулов - смелый, открытый молодой политик».

Ключевые слова: власть, свобода, равенство, революция, центральный комитет, экономика, колониализм, партия, автономия.

Abstract: The article discusses T.Ryskulov is considered one of the most respected and noble people who made an immeasurable contribution to the socio-economic, educational development of the Kazakh state and sacrificed their lives for the sake of their people on a short and difficult life path. Excellent organizational skills, politically literate T.Ryskulov quickly won the authority and trust of the rebels and soon became a political leader. T.Ryskulov known for his political activities, Ryskulov was elected deputy chairman of the executive committee of the Aulieat district council in April 1918 at the suggestion of the deputies. T.Ryskulov, who came to power, now fought to save the Kazakh people, who were on the verge of starvation, and to fill the council with local leaders. T.Ryskulov, due to his position, had a high reputation in Kazakhstan and Central Asia. M.V. himself Frunze told Lenin that «in Central Asia, Ryskulov and Khodzhaev have a great reputation, many are following them. T.Ryskulov is a brave, open young politician».

Keywords: power, freedom, equality, revolution, central committee, economics, colonialism, party, autonomy.

ӘОЖ: 787.55

Исмаилов А.А., Омарбаева Л.К.

Южно-Казахстанский университет им М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ САЛТ-САНАСЫ МЕН
ДҮНИЕТАНЫМЫН ӨЗГЕРТЕТІН ҚОЗҒАУШЫ КҮШ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

Түйін: Мақалада Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы кезеңіндегі рухани жаңғырудың маңызы қарастырылады. Қоғам санасын рухани жаңғырту адамзаттың рухани құндылықтарына негізделеді, бұл ретте ұлттық сана мемлекет алдындағы бірінші кезектегі міндет ретінде тұр. Адам құқықтары, оның өмірі мен бостандықтары құқықтық мемлекеттің негізі болып табылады. 21 ғасырда ұлттық сана өнім ретінде бәсекеге қабілетті болуға, ұлттық прагматизмге ие болуға, ұлттық ортақтықты, адам мен қоғамның рухани өмірінде білімнің салтанат құруын сақтауға және тұтастай алғанда қоғамның дамуына тиіс. Кезінде қазақ қоғамының даму ерекшеліктері туралы өз еңбектерінде Ш.Уәлиханов, Ж. Ақпаев және басқа да көрнекті қоғам қайраткерлері жазған. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлер адам мен қоғамның рухани санасының дамуын қалыптастырудың қуатты оң факторы болып табылады.

Кілт сөздер: демократия, рухани құндылықтар, ұлттық сана, бәсекелестік, ұлттық прагматизм, ұлттық бірегейлік, азаматтық қоғам

Кіріспе. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінің жариялануы - республика өміріндегі аса маңызды саяси оқиғалардың бірі. Бұл кезең Республиканың толық тәуелсіздікке бастап апаратын шынайы қадамы еді. Тәуелсіздік Қазақстанға қазақ халқының екі жарым ғасырдан астам уақыт бойы үзбей жүргізген күресі арқылы келді. 1991 жылғы 16 желтоқсан –Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы, Тәуелсіздік күні деп аталып, қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға болды.

Тәуелсіз Қазақстан - демократиялық даму жолын қалаған, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет болып құрылды. Құқықтық мемлекеттің ең басты белгісі – Заң бәрінен де жоғары тұр. Мемлекетіміздің қоғамдық өмірінің барлығы да заң арқылы реттеліп, барлық мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға заң талаптарының орындалуын міндеттейді. Құқықтық мемлекет - жеке тұлғаның және бүкіл қоғамның құқықтарын қорғауды басты мақсат етіп қойған мемлекет. Бұл жерде адам және оның құқығы, өмірі мен оның еркіндігі басты құндылық деп табылады. Барлық азаматтардың теңдігі барлығының заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, кімнің қай ұлтқа жататындығына қарамастан, бірдей екендігі әуелден-ақ нақты көрсетілген. Құқықтық мемлекет құру жолында Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында жаңа кезеңнің ығына қарай саяси және әкімшілік жүйелерді дамыту қажеттілігі туралы айтылған және өзіміздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың дәстүрлі үйлесімді ұштасатын ашық, демократиялық және құқықтық мемлекет негіздерін одан әрі нығайта беруі талап етіледі [1].

2017 жылғы 12 сәуірде Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласын жариялап, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген еді[2].

Теориялық талдау. Кез келген халықты өзінің төлтума рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Елбасы мақалада осы ұстанымды айқын көрсетіп берді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сана мәселесі мемлекет алдына қойылған. Адамзат өркениетінің бағыты өзгерген сайын ұлттық сананың да өрісін кеңейту мәселесі қоғамға жүктелуде. Осындай жаңа уақыт жағдайында, адамзат әлемінде дамудың (ғылыми техникалық, ақпараттық, технология) жаңа дүниелері ұлттық санаға жаңа мәселелерді ұсынып, жаңа міндеттерді жүктеп отырады. Қазіргі таңда ұлттық мүддеге күш беретін, оны сақтап отыратын жаңа дүниелерді меңгеру жолында қоғамға қайшы келетін нәрселерді күні бұрын ажырата білу бүгінгі қоғамның ұлттық санасының айшықты белгілерінің біріне айналуы тиіс мәселелердің бірі.

XXI ғасырда қазақ халқының ұлттық санасының өніміне айналуы тиіс нәрселерге тоқталсақ, олар бәсекеге қабілетті болу, ұлттық прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, қоғам мен жеке адамның рухани өмірінде білімнің салтанат құруы, қоғамның өз жолымен дамуы. Бұған дейінде айтылып отырғандай, ұлттық сана жеке адамды мемлекетімен, қоғамымен біріктіріп отыратын рухани феномен. Сондықтан да, қоғамның тұрақтылығы, тұрақты түрде дамуы оның өкілі жекелеген адамдардың іс-әрекетіне, рухани құндылықтарына және барлық қоғамдық сана түрлерін бойына біріктіре алған рухани деңгейіне келіп тіреледі. Осы себептен, қай уақытта да қоғамның болашағына, дамуына қажет нәрсе бәсекеге қабілеттілік. Бәсекеге қабілеттілік болмай қоғамның тәжірибелері оның (қоғамның) болмысына жақындамайды.

Бәсекеге қабілеттілік мәселесінен бұрын, қоғамның ішінен бәсекеге қабілетті болуға құштар талантты жастардың, білімді адамдардың қоғам алдына шығуына кедергі болатын мәселелер де тұрады. Олар жемқорлық, білім мен ғылым жүйесіндегі парақорлық және т.б.

Тәжірибелік бөлім. Қазақ қоғамының ерекшеліктерін білетін Ш.Уәлиханов қазақтардың әдет құқығы туралы бірсыпыра еңбектерді жазды. Қазақ құқығының мәселелерін ол кең шеңберде, яғни тарихи дамуында және өзіне замандас уақыт жағынан қарады. Қазақстанның құқық ғылымы үшін Ш.Уәлихановтың қазақ құқық тарихы туралы, оның әлеуметтік мазмұны мен келешегі туралы айтқан пікірлерінің маңызы зор. Уәлихановтың пікірінше, «қазақ құқығы рулық құрылыс дәуірінде қалыптаса бастады және ұзақ тарихи дамудың нәтижесі болып шықты. Жалпы бізге дейін жүз жылдар бойы, мүмкін, мың жыл өмір сүрген әдеттік құқылық нормалар туралы Ш.Уәлиханов өзінің белгілі «Сот реформасы туралы жазбалары» атты еңбегінде жан-жақтан талқылап жазған [3].

Ш.Уәлихановтан кейін 50 жылдан соң кәсіби заңгер Ж.Ақпаев қазақ құқығын түсіндіруге өз үлесін қосуға талпынды. Ж.Ақпаев тұжырымдап берген құқық туралы анықтаманың ерекшеліктері мен мән-мағынасына тоқталатын болсақ, келесі ойларды айту қажет. Біріншіден, Ж.Ақпаевтың күмәнсіз пікірінше, қазақтар құқықты «жол» термині арқылы түсінген, яғни қоғамдық қатынастарды реттейтін, адамдардың құқықтық ара қатынастарындағы мәселелерді шешудің жолын көрсететін құрал ретінде көрген. Оның пікірінше, қазақ құқығы бүкіл халықтың еркін білдіреді, өйткені халықтың психологиясы құқықты әділ, дұрыс нәрсе деп таниды. — дейді М.Құл-Мұхаммед. [4].

Елбасы өз мақаласында көрсеткендей, «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекеге қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – ұлттың аймақтың немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы». Бәсекеге қабілеттілікті ұрпаққа жүктеп отыратын уақыт, уақыт өрісіндегі жаңа өзгерістер. Қоғамның дамуы ғылымдағы жаңа дүниелер арқылы көрінген сайын, бәсекеге қабілетті болу міндеті де күшейе түседі. Сондықтан, бұл мәселе кез келген елдің қоғамы мен сол қоғамның ішіндегі ұлттық сананың шеңберінде тұратын құндылықтардың бірі болуы тиіс. Өткен дәуірде біздің бабаларымыз атамекенді жаудан білектің күшімен қорғап отырса, батырларымыз қорғаған дүниесін (ұлттық мүддені) ғылым, білім және өнер арқылы игеріп, оны одан әрі нығайтып отыратын ғылыми дүниелерге қол жеткізу бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған бәсекеге қабілеттіліктің негізгі бағыты болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілік қазіргі уақыт шеңберінде мәдениеттіліктің бір үлгісі болып табылады. Бүгінгі уақыт кеңістігіндегі дамудың жаңа талабына бейімделуде әлемдік өркениеттің адамзатқа ортақ дүниелерін меңгере білу бәсекеге қабілетті болудың негізгі ұстанымы. Ғылымның қарқынды түрде күш алған уақытынан бастап адамзат әлемінде өркениеттіліктің үдерісі тез жүріп келеді. Адамзаттық өркениеттің көшінде орын алып отырған жаңа өзгерістер әрбір мәдениет иесі ұлттарға, оның мемлекетіне жаһандандудың жаңа талаптарына сай ерте қамдануды, ізденуді, ғылымның жаңа дүниелерін игеруге бейімделу мен икемді болуды жүктейді. Бұны философияда прагматизм дейді. Ұлттық прагматизм дегеніміз өзінді, ұлтыңды, халықты, елінді сақтайтын, елдің өмірін жалғайтын дүниелерді тани білу, уақытылы қорғап отыру. Үлкенді сыйлау, күтімдарлық, ырыс, несібе ұғымдары, ізгілікті туыс, ағайын, ел болып бөлісудің өзі қазақ дәстүріндегі осы құбылыстың мәнін тереңнен аңғартады. Елбасы айтқандай, «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек».

Ұлттық прагматизм бабаларымыздың қол жеткізген, қалыптастырып кеткен үлкен жетістіктерінің бірі. Шыныменде тарихқа қарайтын болсақ, қазақ қалыптастырған ұлттық дәстүрінен ұтылған жоқ, керісінше дәстүр арқылы қоғамдағы қиыншылықты жеңіп отырған. Соның нәтижесінде ел тәуелсіздіктен қол үзгенімен, тарихтағы қазақтың әрбір адамы ұлттық қасиеттері мен құндылықтарынан қол үзбеген. Жер мен елді қорғау ісіне ұлттық сананың күшімен бірікті, яғни,

даналығы, тектілігі арқылы дәстүрлі қоғамның мәдени өрісі сақталып отырды. Осының нәтижесінде ұлт жойылмаған. Мемлекет басшысының мақаласында ұсынылып отырған ұлттық прагматизмді нығайтудың басты мақсаты, осы бір тарихи уақыт кеңістігіндегі ұлттың болмысымен, ұлттың мүддесімен ұрпақтың рухын, болашағын біріктіретін құндылықтарды зерделеу, бағыт-бағдар беру.

Елбасының мақаласында, «қазақ халқының атамекенді қорғау, күту, таза ұстаудағы дәстүрі ұлттық прагматизмнің жарқын үлгісі болып табылады: «Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үніліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді».

Қорытынды. Қазіргі қоғам алдында тұрған мәселелердің бірі ұлттық бірегейлік. Ұлттық бірегейлікті сақтау бүгінгі жаһандану дәуірінде елдікті сақтаудың ұстанымы болып саналады. Себебі, бұл мәселе ұлттың болашағына үнемі тікелей қатысты. Адамның бойында, өмірінде, қоғамда ұлттық бірегейлік болмаса бұндай адамның қоғамының ертеңі бұлыңғыр. Қоғамда ұлттық бірегейлік болмаса, ұлттық бірегейлік ұлттық санаға айналмаса бұндай ортаның адамы өскен ортасынан, қоғамынан қашықтайды. Ұлттық бірегейліктің негізіне жеке адам мен ұлттың рухын біріктіре түсетін ақыл-парасаттылық, сезімталдық, зеректік сынды рухани қасиет үлгілері жатады. Өткенге құрметпен, болашаққа биік зердемен қарайтын ұрпақ ұлттық бірегейлігі күшті ортадан шығатындығын тарихымыз да, бүгінгі уақыттың шыныдығымен қатар көрініп отырған уақыттың талабы да дәлелдеуде.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы қоғам өмірін демократияландыру мен құқықтық мемлекет қалыптасуының алғы шарты екенін ескерсек, оны мемлекеттік саясат деңгейінде көтеретін уақыт келген сияқты. Бұл кезекте Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның орны ерекше деген пікір баршылық. Зерттеушілердің айтуы бойынша: «Оның өкілеттілігін кеңейтіп, азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның институттарын шынайы дамыту мемлекеттік саясаттың бір бұтағына айналуы тиіс. Мұндай кешенді іс-шаралар тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңда көрсетілген мұратқа сай құқықтық мемлекет жолында дамуына игі ықпалын тигізері хақ» [5].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Президенттің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2007 жыл 1 наур. 2-б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласы, 2017 жыл 12 сәуір
- 3 Уалиханов Ш. Сот реформасы туралы жазбалар / Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас ред., 1985. 83-б.
- 4 Кул-Мухаммед М. Патриот, политик, правовед. Алматы: Атамұра, 1995.
- 5 Арғынбаев Д. Құқықтық мемлекет қалыптасуы, дамуы // Саясат. 2005. № 2. 11-б.

Аннотация: В статье рассматривается значение духовной модернизации в период становления Казахстана как независимого государства. Духовная модернизация сознания общества основывается в духовных ценностях человечества, при этом национальное сознание стоит как первостепенная задача перед государством. Права человека, его жизнь и свободы являются основой правового государства. В 21 веке национальное сознание как продукт должна быть конкурентоспособной, иметь национальный прагматизм, сохранить национальную общность, торжество знания в духовной жизни человека и общества и развитие общества в целом. В свое время об особенностях развития казахского общества в своих трудах писали Ч.Валиханов, Ж.Ақпаев и другие видные общественные деятели. Национальные традиции сформировавшиеся веками, являются мощным позитивным фактором формирования развития духовного сознания человека и общества.

Ключевые слова: демократия, духовные ценности, национальное сознание, конкуренция, национальный прагматизм, национальная идентичность, гражданское общество

Abstract: The article discusses the importance of spiritual modernization during the formation of Kazakhstan as an independent state. The spiritual modernization of the consciousness of society is based on the spiritual values of humanity, while the national consciousness stands as the first priority task for the state. Human rights, his life and freedoms are the basis of the rule of law.

In the 21st century, national consciousness as a product must be competitive, have national pragmatism, maintain a national community, the triumph of knowledge in the spiritual life of man and society and the development of society as a whole. At one time, C. Valikhanov, Zh. Akpayev and other prominent public figures wrote about the features of the development of Kazakh society in their writings. National traditions formed over the centuries are a powerful positive factor in shaping the development of the spiritual consciousness of man and society.

Keywords: democracy, spiritual values, national consciousness, competition, national pragmatism, national identity, civil society.

ӘОЖ 165.9

Есимова А.Е., Ибраева Н.А.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
философ. ғ.к.аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ЕГЕМЕН ЕЛ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТҮЛҒА БАПТАУШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мақалада «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Бабалар сөзі» сериясының 65-66, 68 томдарында көрген мақал – мәтелдер 15.848 арнайы сараптама объектісі болып табылды. Мақал-мәтелдер қазақ фольклорының жоғары ағартушылық, тәрбиелік, тұлғалық қабілетін айғақтайды. Өйткені, олар танымдық, коммуникативті, аксиологиялық, акмеологиялық энергиясымен заманауи талаптарға жауап беретін бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Мақал-мәтелдер мен мақал-мәтелдерді жариялау ерекшеліктері арнайы қарастырылған, оларды топтау, жіктеу сапасына баға берілген. Шынында да, бұл томдарда бұрыннан белгілі мәтіндер бар, сонымен қатар олар тек жарыққа шығады. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылады: ата-ана, Отан, бала тәрбиесі, тіл, дін, мәдениет, ұрпақтар сабақтастығы, толеранттылық, ел бірлігі, Денсаулық, еңбекке бейімділік, біліктілік, физикалық және ақыл-ой еңбегінің бірлігі. Білім, ақыл, ғылым туралы мақал-мәтелдер арнайы сараптама береді.

Кілт сөздер: рухани мұра, мақал-мәтелдер, дүниетаным, зияткерлік энергия, шығармашылық тұлға.

Кіріспе. Көне дүние даналығы мен қауышу тарихи көздермен тікелей танысудан бастау алатындығын бәріміз білеміз. Сондай тарихи көздер – қысқа әрі нұсқа жазылған ведалық мәтіндер, философиялық афоризмдер. Көне грек ойшылдары Фалес, Анаксимен, Гераклит шығармашылығынан бізге жеткені бірнеше сөйлемдерден тұратыной - тұжырымдары. Бірақ олар үлкен мағыналық жүкті арқалаған, тылсым дүниенің тұңғыығына жол ашатын шамшырақтар. Қазақтың мақал – мәтелдеріде солар сияқты қысқа әрі нұсқа ой иірімдері, ата-бабадан қалған ұлағатты сөз, даналық жемісі. «Бабалар сөзінің» 65 – 66 – 68 томдарында жарық көрген 15.848 мақал – мәтелдер – қазақ болмысынан жан – жақты ақпарат бере алатын кешенді, құнарлы тарихи көздер. Олар – қайталанбас ерекше тағдыры, сипаты, белгісі бар мәдени, тарихи, рухани жәдігерлер, ұшқырой мен ұлағаттың түрлері. Осы жобаны орындау барысында анализ, синтез, тарихилық, салыстыру, баяндау, жинақтау сияқты қарапайым ғылыми әдістерді қолдандық. Сөз талдау, сараптау көбірек болғандықтан герменевтикаға да жүгіндік. Мақал – мәтелдер – қазақ сөз өнерінің ерекше сұрлеуі.

Теориялық талдау. Мақал – мәтелдерде әуелден – ақ даналықтың шыңына шыққан, көргендерін дереу өлеңге айналдыра алатын қазақ халқының дүниетанымы, ділі, тілі, діні, әлемге қоршаған ортаға, адамға қарым – қатынасы, дәстүрі мен тіршілігі жан – жақты бейнеленген. Олар-ғасырлар бойы адамның өзімен бірге жасалып, екшеліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі. Көлемі шағын болғанына қарамастан, мақал – мәтелдер сөз құдіретінің барлық мүмкіндіктерін бойына сіңірген ерекше жанр. Оның білім алушылардың ой-өрісін, қиялын, тіл байлығын жетілдіруде, мәдениет аралық қарым-қатынас жасауда, тұлға құзыреттілігін қалыптастыруда маңызы зор.

Олар – ешкімді де бейжай қалдыра алмайтын сұлулықтың әдеміліктің иесі – сылқым сөздер. Мақал – мәтелдер – мiрдiң оғындай атылып шығып, айналасын тып-типыл етiп, жоқ қылып жiберуге қауқарлы семсер сөздер. Сонымен қатар, адамның iшкi жан дүниесiн күл – талқан етiп, байлап тастауға да, керек уақытында лепiрген, алқынған, бұлқынған көңiлдi басып тастауға да күдiретi жетегiн сикыр сөздер. Сондықтан олар саф алтындай асыл, мiрдiң оғындай өткiр. Көлемi ықшам болғанына қарамастан қиып түсер қылыштай өткiрлiгi мен тапқырлығы үшiн халық оны қадiрлеп, қастерлейдi. Мақал – мәтелдер – тiршiлiкaғыныныңкөпжақты, көпқабатты, қырыменсырымол, ұшы – қиыры жоқ дариядай кең болмысынан тек керек нәрсенi, қажеттiлiктi дөп басып, дәл табуға жолашатын «саңлақ» сөздер. Мақалмен мәтелдiң мәнiмен мағынасын ашатын қажеттi анықтамалар халық мұрасының өзiнде молынан кездеседi. «Сөздiң көркi – мақал» [1, 248 б] деп анықтап, оны – «мақал – сөздiң атасы, мәйегi, қатығы, тұздығы» деп одан әрi толықтыра түседi. Ата, мәйек, қатық, тұздық кезкелген қазақ үшiн қасиеттi ұғымдар. Тұздық – iшiлетiнастың дәмiн кiргiзiп, құнарлылығын арттыра түседi. Өзiн – өзi сыйлайтын азпазшы әр уақытта керемет тұздық жасауға ұмтылады, өйткенi осы бiр ғана деталь, қыртамaқтың дәмiн келтiредi, оған өзiндiк сипат бередi.

Ал қатық арнайы ашытылған сүтгiң сарысуынан тазартылған тоспасы. Өте дәмдi, пайдалы тағам, қатықтан құрт жасалады. Құрт адамның қарнын ашырмайтын, өзегiн талдырмайтынастың бiртүрi.

Ал – түпнегiз, бастау, мәйек бiр нәрсенiң әбден сығылған, жетiлдiрiлген нәтижесi. Ендеше, мақал – мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетiнiң шоқтығы биiк туындысы, өзектi өнерi, ерекше ырғағымен үнi. Олардың бiтiм – болмысында қазақ халқының барлық сырымен қыры, рухани – мәдени құндылықтары, сырт көзге түсе бермейтiн тылсым мүмкiндiк терi жан – жақты айшықталған. Олар әсерлi, көңiлге қонымды, ұтымды, әрi ықшам бiрақ мазмұны терең, кең. Оқушыға ойсалады таным-түсiнiгiн молайтады, көркемдiк көкжиегiн кеңейтедi.«Бабалар сөзiндегi» 65-66-68 томдарда көпшiлiк назарына 15848 мақал-мәтелдер ұсынылған. Оларды жинақтаған ғылымдар, ұлт жанашырлары туралы мәлiметтердi мынадай кестеде көрсетемiз.

№	Аты, жөнi, тегi	Өмiр сүрген жылы	Мәлiметтер
1	Әл-Фараби	870-950	Философ, жаратылыстанушы
2	Жүсiп Баласағұн	1015-1016	«Құтты бiлiктi» жазған философ
3	Махмұд Қашқари	1029-1038	«Диуани лугат ат түрiктi» жазған философ
4	Әлi (Күл Ғалы)	1212	«Жүсiп-Зылиханың» авторы
5	Рашид-әд-дин	1247-1318	Иранның тарихшысы. Шежiрелер жинағын жазған
6	Палуан М.	1248-1326	«Ақиқаттар қазынасы» жинағын шығарған
7	Сараи С.	1321-1396	Алтын орда мемлекетiнiң ақыны
8	Лутфий	1367-1466	Зафарнаменiң авторы
9	Ә.Науаи	1441-1501	Өзбек әдебиетiнiң негiзiн салушы
10	Бабыр (Закир-әд-дин Мухаммед Бабыр)	1483-1530	«Бабырнаманың авторы»
11	Жалайыр Қадырәли	1503-1605	Шежiрелер жазған, жалайыр руының өкiлi, «Жами ат тауарих жылнамалар жинағы» жазбасының авторы
12	Әбiлғазы	1602-1664	Тарихшы, қоғам қайраткерi
13	Березкин Илья Николаевич	1818-1896	Орыс шығыстанушысы
14	Катаринский В.	1846-1902	Ориенталист- ғалым
15	Радлов	1837-1918	Шығыстанушы, этнограф, археолог

	Василий Васильевич		
16	Пантусов Н.	1849-1909	«Древности Средней Азии» (1902)-дің авторы
17	Уәлиханов Шоқан	1835-1865	Қазақ ғалымы, ориенталист
18	Алтынсарин Ы.	1841-1889	Қазақ ағартушысы
19	Крафт Иван Иванович	1859-1914	Шығыстанушы, қазақ азаматтық және құқық тарихын зерттеуші
20	Диваев Әбубакир Ахметжанұлы	1856-1932	Көрнекті этнограф, фольклортанушы
21	Васильев Александр Васильевич	1861-1943	Қозы Көрпеш, Бөзжігіт, Бидай батыр туралы халық мұраларын жинаған
22	Мелиоранский Платон Михайлович	1868-1906	Шығыстанушы, қазақ тіліне қатысты еңбектері бар
23	Сарыбатыров Бөлебай	1860-1970	Ағартушы-мұғалім, халық әдебиет үлгілерін жинаушы
24	Мендіханов Инлигали	1872-1918	Қазақтың алғашқы драматургтерінің бірі
25	Балғымбаев Ғабдолғали Балғыбайұлы	1866-1942	Ағартушы, зерттеуші
26	Қаратаев Арап Бейсәліұлы	1870-1930	Халық мұраларын жинаушы
27	Адамбаев Балтабай	1909-1996	Белгілі фольклор-танушы
28	Құрышжанов Ә.	1930-2007	Түркітанушы ғалым

Осы мәліметтерді талдасақ, қазақтың мақал-мәтелдерін жинақтау, санау орта ғасырлардан басталып, осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқандығын көреміз. XX ғасырда өмір сүрген атақты қолбасшы, жазушы, қоғам қайраткері Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасында мақал-мәтелдердің біршама топтамасы бар.

Қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап, оны болашақ ұрпаққа тапсыруға ниет қылған ғалымдардың ішінде әр түрлі ұлт өкілдері бар. Орыс та, еврей де, неміс те, башқұр да осы ерекше мұрағаға бейжай қарамаған. Бұған басты-себеп-қазақ мақал-мәтелдерінің қарапайым, түсінікті, сонымен қатар, әдемі, орынды тауып айтылған сөздер арқылы берілуінде. Мақал-мәтелдер-қысқа, бірақ мағынасы жүйелі, сананы селт еткізерлік қуаты мол сөздер. Ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырған қазақтың қазіргі ұрпағы халқының рухани мұрасына адалдық танытып, оны жинақтап, тиісті адамдардың қолына табыстап, тамаша адами ерлік жасаған осы адамдарға әруақытта алғыс айтып, олардың әруағына бас июі қажет. 65 томда жарияланған Ж.Тлеповтің «Халықпен ғұмырлас рухани мұра» атты мақаласы тым жалпы әрі жалаң жазылған. Өкінішке орай, мақал-мәтелдер қандай тәртіппен, қалай жарияланғандығы туралы айтылмаған. 65 томдағы 6052 мақал-мәтел мынадай ретпен жарияланған

№	Тақырыптары	Көлемі
1	Атамекен. Ел. Халық.	1-566
2	Азаматтық-кісілік, жастық, кәрілік.	567-1238
3	Отбасы, ағайын-туыс, әлеумет	1239-1764
4	Ар. Ождан. Мінез	1755-2142
5	Сабырлық. Пейілділік. Адалдық. Әдептілік	2143-2366
6	Ақыл. Білім. Парасат.	2367-2642
7	Өмір-өнеге	2643-3192

8	Өнер алды-қызыл тіл	3193-3491
9	Қонақ. Қонақ асы. Ас. Тамақ.	3492-3874
10	Дүние-мүлік. Киім-кешек. Жол жолаушы.	3875-4071
11	Татулық. Достық. Араздық-өштік	4072-4665
12	Алыс-беріс. Сауда-саттық	4666-4774
13	Еңбек. Егіншілік. Ерлік. Шеберлік	4775-5438
14	Төрт түлік. Үй жануарлары	5439-6052

Жарияланған мақал-мәтелдердің мағынасы, мәні бұл топтастырудың қисынды ойластырылмағандығын көрсетеді. Этикалық ұғымдарға қатысты мәтіндер өзара байланысбай, бүкіл жарияланым бойына шашылып кеткен. Мысалы, 4,5 қатардағы этикалық мәселелердің қисынды жалғасы 11,13 қатардағы ұғымдар болатыны сөзсіз. Ал 66,68 томдарда мақал-мәтелдер алфавиттік реттен орналастырылған. Мұндай шешімнің себебі түсіндірілмеген. Жүздеген мақал-мәтелдер үш-төрт, ал кейбіреулері 10-15 реттен қайталанған. Ол мүлдем күтпеген жерден ұшырасып отырады. Мұның бәрі құрастырушылардың мақал-мәтел мәтіндерімен алдын-ала сұрыптау, талдау жұмыстарын жүргізбегендігін көрсетеді. Бұрын жарық көрген және енді ғана жинақталған мақал-мәтелдер ғылыми тұрғыдан сарапталса, олардың қалыптасу, пісіп-жетілу уақыттары бірден айшықталып, оқушыға түсінікті әрі қызықты болар еді.

Тәжірибелік талдау. Өйткені, мақал-мәтелдер- ұдайы дамып, толықтырылып, аясы кеңейіп отыратын, диалектикалық принциптерге негізделетін өскелең жанр. Сонымен қатар, көне дүние жүгін арқалаған, халықтың кешегі күнінен хабар бере алатын тарихи танымдық мүмкіндігі жоғары дәстүрлі жанр. Яғни, мақал-мәтелдер-дәстүр мен сабақтастықты инновациялық даму нышандарымен ұшырастыра алатын рухани сұхбат алаңы. Мақал-мәтелдер болмыстың барлық қабатын қамтиды, олар болмыс сияқты шексіз, шетсіз, удайы даму үстінде, жанару, жаңғыру үдерісінде. «Олар-болмыс пен заманның, адам атты әлемнің бұрын ешкім бармаған-бара алмайтын, ашпаған-аша алмаған тылсым пірімдерінен, қалта қияларынан сыр тартқан» [2] киелі сөздер. Мақал-мәтелдер дүниенің біртұтастығын, онда елеусіз, қалтарыста қалып қойған ештеңе жоқтығын, әр нәрсенің өз орны, ғұмыры бар екендігін ескертеді. Бас аяғы теп тегіс, тап түйнақтай, жып-жинақы қиылысып, үйлесіп тұрған тиянақты біртұтастықты бөлшектеп, өз әрекетінің қисыны мен мақсатына бейімдейтін адамның практикалық қажеттілігі, мұң-мұқтажы мен пиғылы екендігін қысқа әрі нұсқа айқындайды.

Мақал-мәтелдермен етене танысып олардың мәні мен мағынасына бойлаған сайын иен далада аңызаған жел өтінде, аптап ыстықта, үскірік аязда өзіндік жарастықпен, ішкі үйлесімділікпен тіршілік еткен, жаратылыстың тылсым қасиеттеріне үнілген, «күлдір-күлдір кісінетіп күреңді мінген, ешқашан мойымаған, жаулаушыларының уысынан удайы сырғып кетіп отырған қазақтың өр, қайсар рухымен қауышасың, оның еркіндігіне тәңті боласың. Халық даналығы сезімдік-заттық іс-әрекеттен өсіп шыға отырып, одан ешқашан да байланысын үзбеді. Әрбір нақыл сөз, мақал-мәтелдер контекстен тыс өмір сүре алатын болғанымен, оның белгілі бір мағынасы ол өзі айтылған жағдайдағы байланыста көрінеді. Мақал-мәтелдер кейінгі ұрпаққа қарт адамдар арқылы жетіп отырады.

Қазақ халқы өзінің мағынасы мен мәні жағынан өте таңғаларлық арқа сүйеу деген сөзді қолданады «Арқа сүйеу деген сөздің қарапайым, күнделікті тіршілікте қолданылатын мағынасы да бар, мысалы, оның арқасы, арқа сүйеуі бар» деп айтылады.

Қартайып отырған ата мен әже немесе әке мен шеше - әр отбасының қуаты, дәулеті, берекесі. «Атасыз үй батасыз, Анасыз үй панасыз». Міне, халық осылай ой толғаған. Жасы үлкен адамдардың мерейі биік, абыройы асқақ, сондықтан рухани көсем деп есептеп, олардың сөзін пір тұтқан, ісін үлгі көрген.

Қазақ халқы дана қарттарды қалай қадірлесе, сондай сый-сияпат жас балаларына да көрсетілген. «Балалы үй базар», «Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры», «Алты жасар бала атқа мінсе, алпыстағы шал алдынан шығады», «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем бере барады». Бұл мақалдарды одан әрі көбейтіп айта беруге болады. Бірақ олардың бәрі халық тағылымында ерекше орын алған. Ата-ананың бар тілеуі баласына бағытталған: баласының аман-есен өсіп, үрім-бұтақты, бақытты, атақ-абыройлы болуын қалаған. Бала адам өмірінің жалғасы, үміт-арманының тоғысар өзегі. Ата-ананың ең қастерлі арманы бұл фәниден өтерде де бала-шағаның алдында өтіп, солардан топырақ бұйырса дейді. Жанұяда жасы кіші балаларға әке-

шешесімен қатар аға-әпкелері де ілтипат көрсетіп, оларды өз қамқорлығына алып отырады. Бұл - олардың негізгі адамдық парызы.

Міне, осындай туысқандық қарым-қатынастар - ата дәстүрінен қалған өлмес мұра. «Атаның ақ жолы», «Есім салған ескі жол», «Қасым салған қасқа жол»-осы тіркестерді жиі-жиі естиміз. Оның үстіне әрбір қазақ жанұясында маңызды оқиғалар болғанда үлкендерге, басқа да сыйлы қадірлі адамдарға «оның жолы үлкен» деп жатады. Сапарға шығарда «жолың болсын» деген тілек айтылады. Адамның ақыл-ойы мен мінез-құлқының қалыптасуы оны қоршаған ортасына, жанұяда алған тәлім-тәрбиесіне тікелей тәуелді болған. «Ұяда нені көрсең ұшқанда соңы ілесің»- деген халық даналығында үлкен мағына жатыр. Біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса, оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой» деп мақтайтыны сондықтан.

Жанұя, қарттар мен балалар төңірегіндегі мақал-мәтелдің негізінен көп айтылатын, естілетін бірнешеуін атап көрсеттік. Бұл бағыттағы мақал мен мәтелдер көп талқыланған. Адамның интеллектуалдық қуаты оның ұядағы тәрбиесіне, табиғи мүмкіндіктеріне сүйенеді. Дегенмен оны жетілдіретін, дамитатын тетіктер-адамаралық қатынастардың молдығы, білім, ғылыммен, белгілі бір кәсіппен айналысу, осы бағытта тұрақтылық таныту. Осы маңызды қажеттілікті мақал-мәтелдерде растайды. Білім-жамандықтан қашып, қайырымдылыққа қарай қадам бастырады, білім-адамның саналы әрекет аясын кеңейтеді. Сөйтіп, білім парасаты толыққан жеке адамның қалыптасуының негізі болып табылады. Жеке адам жоғары парасаттылыққа рухани даму нәтижесінде, бәрінен де бұрын ақыл-ойдың аясы кеңейіп, ілім-білімге ие болу арқылы қол жеткізе алады. Білім адамды қайырымдылыққа жетелейді, ол ұдайы жаттықтыру арқылы қайырымды іс-әрекетке де баули алады. Адамзат қоғамы өз дамуының төртінші сатысы-ақпараттық қоғамға аяқ басты. Оның басты саласы-теориялық білім. Өмір бойы білім жинау, өмір бойы өзін-өзі жетілдіру-қалыптасып келе жатқан жанға еңбек нарығының қоятын басты талаптарының бірі. «Білім адам баласының ортақ қазынасы», «Білім-адамның байлығы», «Білім - байлық таусылмайтын, бітпейтін», «Білім теңіз түбі де тегі де жоқ», «Білім ал, ол өмірдің жолын ашар», «Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді», «Білім сананы ағартады» [3,105 б]-деген мақал-мәтелдер білімнің маңызын тайға таңба басқандай етіп көрсетеді. «Оқу-білім азығы, білім-ырыс қазығы», «Оқу-білім бұлағы, білім өмір шырағы» деген мақал-мәтел оқу мен білімнің біртұтастығын алға тартады. Удайы жол көрсетіп тұратын шырақтың болуы-тұрақты іс әрекеттің кепілі. «Ғылымның басы-ақыл - Ақылдың басы төзімділік» [3,197 б].

Осы мақал ғалым мен ақылдың тығыз байланыстығына көңіл аударады. Ал ақыл туралы да көптеген мақал-мәтелдер бар. Ақылдың қасиетін көпті көрген қариялар бағалай білген. «Ақыл азбайды, білім тозбайды» деп ақылдың адам өміріндегі, іс-әрекетіндегі алатын орнын өз ұрпақтарының санасына құйған, өйткені білім түйінінің ақылдан шығатынын сезген. Ақылдың көзі-ой. Дұрыс ойлай білу, дұрыс жүйелеп сөйлей білу мәдениетін қалыптастырады. Адамның басында қандай ой туса да, егер оны жинақтап, қорытып, жүйелеп, лайықты сөзбен бере алмаса, ол айтушыға да, тыңдаушыға да түсініксіз, күңгірт болады. «Ақылдың сөзі қысқа, айта қалса-нұсқа». Сөйлеу мәдениетіне жетілмейінше ақыл-ой мәдениетіне жетілу қиын. Яғни, дұрыс сөйлей білу дегеніміз-дұрыс ойлай білу. Сондықтан да болар халқымыз шешендік өнерді құрметтеп, сөз бастаған шешенді қол бастаған батырмен пара-пар қойған. Ойын-сауық, әр түрлі жағдайдағы ұжымдық кездесулер әуақытта асыл сөз, оралымды ой, өткір шешендік сайысына айналып отырған. Айтыс, терме сияқты сөз өнерінің жетілген түрлерінің халқымыздың рухани мұрасында қомақты болуы кездейсоқтық емес. Сөздің де сөзі бар, айтылып сол жерде ғана қалатын өткінші сөз бар. Сонымен қатар, ауыздан шыға сала ел аузына ілігіп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып сақталып, талай ғасырлар жасайтын ұлағатты сөз бар.

Соңғысы көзделген нысанаға дәп тиіп, жүрекке қозғау салып, іске түрткі болып, адамды белсенді тіршілікке жетелейді. Тек болмыс шындығы мен ақиқатты, халық арманы мен тілегін білдіре алса ғана сөз құнды болады. Адамдардың күнделікті қарым-қатынасында олардың көңіл күйіне, жан дүниесіне орайлас сөйлей білу өте үлкен өнер. «Сөз сүйектен өтеді» деп ой түйген де халық қой. «Ойдың түбі-терең- Адалдың түбі ерен». Ойлай берсең, ой да көп, сана да көп [3,201 б] деген мақал ой мен ақылдың айсберг сияқты біресе көрініп, біресе жасырынып, мен мұндалап тұратын мәңгілік мәселе екендігін, айшықтайды. Адамның зияткерлік болмысы ойсыз болмайды. Қоғамдағы жасампаз жетістіктер де, оны құрдымға апаратын сурқия әрекеттер де ойдың қатысуымен болады. Ойсыз істе жоқ, әрекет те жоқ.

Төзімділікті ақылдың басы, ал ақылдың өзі ғылымның басы деген халық даналығында

үлкен мағына жатыр. Ғылым қызығы да, қиындығы да мол адами іс-әрекет. Адам ғылымға айналадағы ортаны, әлемді, өзін-өзі танып білу үшін ұмтылады. Ешнәрсе мен мұндамын деп айқайламайды, өзімен өзі тып-тыныш тіршілік ете береді. Ал оны дәл тауып, дөп басу үшін ізденіс, қажымай, талмай еңбектену қажет. Мұның өзі төзімділікті қажет етеді. «Ғылым ақылға қанат бітіреді» деген мақал ғылыми дамудың әрбір қадамы онымен айналысатын адамды жаңа биіктерге жетелеп, бастап отыратындығына меңзейді. Тың сұрлеу ақылдың аясын кеңейтеді. «Ақылды үйретуге құмар». «Ақылды адам ерінбейді» [2, 188 б].

Ерінбей-жалықпай өзің тандап алған кәсібімен айналыса берсең өмірің тұрақты, бақыты баянды болады. Өзіңді-өзің әруақытта еркін сезінесің. Ал еркіндік- көңіл көншігендік пен ішкі жан дүние үйлесімділігінің кепілі. Дана қазақ мұны «ақылды адам жай-жай келеді, жан-жағын байқай келеді» деп аз сөзбен айшықтай салады. Ақыл-ой капиталы- елді ілгерілетуші локомотив. Білім беру мен ғылымға, ұлттың интеллектуалдық потенциалын дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлу Н.Ә.Назарбаевтің Әл-Фараби атындағы Қаз МУ-да 2009 жылы 13 қазанда жасаған «Дағдарыстан кейінгі әлемдегі Қазақстан: болашаққа зерделі ұмтылыс» деген баяндамасынан кейін басталды.

Білімнің тұлға қалыптастыру әлеуеті жоғары. Өте үлкен жылдамдықпен дамып жатқан қазіргі ақпараттық өркениетте, төртінші технологиялық революцияның баспалдағына аяқ басу жағдайында білімнің беделі одан әрі өсе түспек. Өйткені жедел өркендеген үдеріс жаңа идея мен әрекетке шығармашылық бейімділікті, сыни ойлауды, бір мақсат жолында бірігіп әрекет етуді қажет етеді. Орта мектептің физика пәнінің оқытушысы О.Қадірбаев «Физика сабағында мақал мәтелдерді пайдалану» тақырыпты мақаласында өзі мақал-мәтелдерді қалай қолданатынын баяндаған. [3].

Мысалға, «Жетінші класта «Үйкеліс» тақырыбын өткенде келесі мақал-мәтелдерге талдау жасауға тырысқан. «Саусақ бірікпей-ине ілікпейді» деген мақалдың тәрбиелік мәні, алға қойған іс-әрекеттің ойдағыдай, табысты орындалуы үшін, міндетті түрде біртұтастықтың, бірліктің, ынтымақтастықтың қажеттілігі туралы. Ал физикалық тұрғыдан қарағанда, шын мәнінде ине қолға ілігу үшін саусақ пен ине қажет, арасында үйкеліс болу қажет. Саусақтарды біріктіру арқылы инемен тиісу ауданы арттырылады. Енді төменде 7-8 кластарда физиканы өткен кезде қолдануға болатын мақал-мәтелдерді, тақырыпқа сай тізімін беріп отырмыз.

Рет номері	Тақырыптың мазмұны	Талдауға арналған мақал-мәтелдер
	7-класс	
1	Физикалық шамалар. Физикалық шамаларды өлшеу.	«Қарыстан сүйем жуық» «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» «Гауһарды мысқылдап өлшейді»
2	Заттың құрылысы	«Сынған кесеуді жамауға болмайды» «Отқа түссе тасқа да сызат түседі»
3	Диффузия. Дене температурасы	«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» «Жұпарды жасырғанмен исі білінеді»
4	Заттың үш күйі	«Ақымаққа үйрету суға жазу жазғанмен бірдей» «Бос қап тік тұрмас»

Осындай өз ісіне адал, ізденгіш ұстаздардың қатары көбейе берсе, шын мәнінде интеллектуалдар өсіп шығар еді. Өйткені ғылыми білім оқушыға түсінікті, күнделікті өмір тәжірибесімен тығыз байланыста түсіндірілген. Мақал-мәтелдерді мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерде пайдалануға болады. Бұл нақты пәнді оқытатын мұғалімнің адамгершілігі мен білім деңгейіне байланысты. Шын мәнінде білім беруге ұмтылған мұғалім мұндай ізденістерді жасап тұрады. Өз ісіне немқұрайды қарайтып педагог мұндай жолдарды білмеуі де мүмкін сондықтан қоғамда ұстаздарға олардың тікелей міндетіне жауапкершілікпен қарауды талап ететін тетіктер болуы қажет.

Қорытынды. Үш тілде білім беру, батыс европалық үрдістерге баса көңіл бөлу тым бір жақты сарында ұранға айналып үлгерді. Әрине бұл нәтижелі үдеріс емес. Осы тұста қандай адамды интеллектуал деп айта аламыз деген заңды сұрақ туындайды.

Әрине, білімді, білікті, креативті т.п. Ары қарай айта беруге болады. Шын мәніндегі интеллектуал-ол, ең алдымен, белгілі бір ұлттың, елдің өкілі, еліне, жеріне жаны ашитын, өз ұлтын

құрметтей алатын, қажет уақытында оның мүддесін қорғай алатын, заман талабына сай білім алған, кәсіп игерген азамат. Мектеп, бала бақшасынан бастап сондай адамды тәрбиелеуге бет бұру керек. Соңғы кезде көп айтып жүрген сабақтарды қысқарту, бірнеше пәндерді біріктіру деген үрдістерді жан-жақты ойластырып жүзеге асырған дұрыс. Төменгі сынып оқушыларына әліппе, ана тілі, математика пәндері терең және көп көлемде оқытылуы тиіс. Кез келген адам ең алдымен ана тілін жан-жақты меңгеруі керек. Мақал-мәтелдердің, жалпы ауыз әдебиетінің мол мүмкіндігі осы уақытта ашылады. Қазақ ертегілері, жаңылтпаштары, термелері адам болмысындағы көптеген интеллектуалдық мүмкіндіктері оятуды ықпал етеді. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыруға мүмкіндік беретін құндылықтар мыналар: ата-анасының, тұған елінің, Отанының қадірін білетін баланы күтіп, баптау, қазақ тілін, мәдениетін, тарихын түсінетін, оны дамытуға ұмтылатын ұрпақты қалыптастыру; толерантты, кез келген адамды сыйлайтын, ел бірлігін сақтайтын өскелең жасты, дені сау, ішкі жан дүниесі бай, еңбекке бейім азаматты тәрбиелеу. Осы құндылықтардың бәріне қазақ мақал-мәтелдері жауап беріп қойған, тек оны сана сезімге құйып, ішкі рухани байлық иіріміне айналдыру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Бабалар сөзі. Жүз томдық .Астана: Фолиант, 2010 т. 66 Қазақ-мақал-мәтелдер 408 бет.
- 2 Бабалар сөзі. Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2010 т. 65 Қазақ-мақал- мәтелдер 488 бет.
- 3 Қәдірбаев О. Физика сабағында мақал-мәтелдерді пайдалану-Физика, 2016 № 3-31-32 б.
- Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Алматы:, Изд-во, 2004.224 б. 3 кітап 9 б.
- 2 Бабалар сөзі: жүзтомдық . Астана:, Изд-во, «Фолиант» 2011.Т.78.: Қазақ мифтері 448 б.
- 3 Бинашиев Т. Көкбөрі. Алматы, Егемен Қазақстан, 24.04.2016, 9 б.
- 4 Дербисалиев А. Звезды казахской степи (историко-филологическое исследование). Алматы: Рауан, 1995. с.12.
- 5 Келимбетов Н. древние литературные экспонаты тюркских народов. Алматы: Раритет, 2011. 432 с.

Аннотация. Объектом специальной экспертизы в статье явилось 15.848 пословиц и поговорок, увиденных в томах 65 – 66, 68 серии «Бабалар сөзі» государственной программы «Культурное наследие». Пословицы и поговорки свидетельствуют о высокой просветительской, воспитательной, личностной способности казахского фольклора. Ведь они своей познавательной, коммуникативной, аксиологической, акмеологической энергией способствуют формированию конкурентоспособной, креативной личности, отвечающей современным требованиям. Специально рассмотрены особенности публикации пословиц и поговорок, дана оценка качества их группировки, классификации. Ведь в названных томах есть тексты, которые уже известны, а также только выходят в свет. Особое внимание уделяется воспитательному значению пословиц и поговорок: родитель, Родина, воспитание детей, язык, религия, культура, преемственность поколений, толерантное отношение, единство страны, здоровье, трудовая предрасположенность, квалификация, единство физического и мыслительного труда. Пословицы по знанию, разуму, науке дают специальную экспертизу.

Ключевые слова: духовное наследие, пословицы, мировоззрение, интеллектуальная энергия, творческая личность.

Abstract: In the article the subject of a special analysis becomes 15,848 proverbs, published in 65,66,68 volumes of the cultural heritage "Babalar sozi", implemented under the state program. Proverbs and sayings testify the enormous educational, enlightenment, personal-oriented potential of Kazakh folklore. Worldview, communicative, meaning of proverbs and sayings contributes to a creative , competitive personality, which is able to confront the globalization and the challenges of the modern civilization. Analyzing the principles of quality and publication of proverbs and sayings. In these volumes familiar proverbs and sayings are placed along with them there are some unknown proverbs are offered to the readers as well. Paying special attention to educational opportunities of proverbs and sayings. Specifically analyzing the theme of parents, motherland, nativelyland, the upbringing of children, the succession of generations, a tolerant relationship, adaptation to work, the unity of physical and mental labor, education, science and intelligence.

Keywords: culture heritage, proverbs and sayings, worldview, intellectual capacity, creative person.

UDC 330.1.608

Kulanova D.A., Abdikerimova G.I., Daribayeva A.S.

candidate of Economics, Associate Professor, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

candidate of Economics, Associate Professor, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

masters of Marketing, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

**DIGITALIZATION IN THE CONTEXT OF THE PANDEMIC:
WORLD EXPERIENCE AND KAZAKHSTAN**

Abstract: The aim of the study is to study and investigate the economic efficiency of digitalization development in the context of the pandemic.

Methodology. The goals and objectives set in the work were achieved using the methods of economic-statistical, abstract-logical, dialectical and historical analysis and synthesis, as well as macro - and micro-economic analysis of economic phenomena and processes. The study also used the works of classics of economic theory, well-known scientists and economists, legislative acts, statistical materials and materials published in the mass media, as well as Internet resources.

The originality of the research. Ongoing social exclusion measures in most countries of the world have forced a significant part of the global trade in goods and services to go online. It is likely that in the near future the world will see further explosive growth in the capitalization of online service providers against the background of falling positions of companies in the commodity industries. Consumption patterns will change dramatically. A significant share of work and education will also go to the distance format.

Keywords: pandemic, digitalization, Internet resources, sustainable development, competitiveness, development mechanism, efficiency.

Introduction. COVID-19 has become a global challenge and has spawned a new economic order both internationally and nationally. Contrary to pessimistic forecasts, the economy of the Republic of Kazakhstan is gradually recovering. Thanks to the low level of public debt and previously accumulated financial reserves, Kazakhstan has managed to significantly increase public spending, support citizens and the economy.

Theoretical analysis. The new coronavirus infection has already become a threat to the life and health of all mankind. Now it is very important to stop the spread of the virus as soon as possible and gradually restore economic activity. The pandemic has once again reminded us that we live in a closely connected world, and only joint efforts will allow us to find a way out of this situation.

The quarantine has dealt a heavy blow to the global economy. According to experts, in 2020, the global economy lost 8-13%. According to the most optimistic forecasts, only in the fourth quarter the growth rate can return to pre-quarantine levels. Air travel and other industries most affected by the epidemic will not recover until mid-2021. It is clear that the global economy has already entered a phase of recession.

However, at the height of the epidemic, we are seeing a clear increase in the demand for digital services everywhere [1]. Digitalization is particularly needed in healthcare, education, finance, the entertainment industry, as well as companies that continue to work remotely.

One of the most relevant topics for companies today is the organization of employees ' work at home. To ensure continuous operation, many companies began to actively use video conferencing services. All external and internal meetings and trainings are held online. Thanks to this, everyone continues to work normally.

Schoolchildren and students are also transferred to «remote». Online learning used to be quite a controversial topic. Only a few educational institutions have tested such solutions. Now, the majority of Kazakhstani students attend classes online. For example, the number of users of Yandex educational services has increased 2-3 times, and about 1 million people use them daily.

Residents of Kazakhstan are also getting more opportunities to use financial services online. Large banks have expanded the scope of services provided via the Internet. The opening of deposits, the

issuance of loans, the registration of insurance products and much more takes place remotely.

The experimental part. Under the quarantine, a number of free digital resources became available to users. You can watch videos and movies, read books, attend sports training and much more. Online meetings and online concerts are held in social networks. You can even cook food online. All this enriches the lives of people in isolation.

In the long term, the explosive growth in demand for such digital solutions will be a catalyst for the development of the «contactless economy», a new economic model based on such emerging technologies as 5G, artificial intelligence, and cloud services. Kazakhstan also needs to focus on building the appropriate capacity, which will allow to raise the industry development to a new level and move to intellectualization.

Perhaps the coronavirus is a wake-up call for the world to re-unite around one platform for free trade and accelerating globalization.

With the advent of the coronavirus, the rate of digitalization of the economy has increased 10-fold. Crises come and go. But we need to understand that the situation that we are currently experiencing will fundamentally change our future.

The digital divide that divided people into those who are connected and those who are not, will disappear very quickly.

«Digit» under the influence of the crisis phenomena completely changes the approach of companies to their work. 95% of respondents believe that for successful competition in the new conditions, the business must improve the quality of relations with the customer base, turning consumers into full-fledged partners (in the world-85%) [2].

Студенттер тұлғасының мәдениетін қалыптастыру – бұл құндылықтар жүйесін (материалдық және рухани) қалыптастыру үдерісі; тәрбиелеу мен оқыту үдерісі ықпалымен оның саналы іс-әрекетінде тұлға қабілеттілігін ашу мен дамыту.

Педагогтар тұлғасына қойылатын әлеуметтік талаптар әрбір онжылдықта жаңартылып отырады, сондықтан университет түлегінің іс-әрекеті бірнеше ондаған жылдар өткеннен кейін де заманауи қоғамның әлеуметтік даму динамикасына жауап бере алатындай болуы үшін заманауи мұғалімге «жоғарылатылған» талаптар қою қажет.

Білім беру саласында болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастыру проблемасы жастардың саяси, экономикалық және әлеуметтік жетілгендігінің қалыптастыру күрделілігін: студенттердің рухани мұқтаждықтарын дамытудағы жеткіліксіз біртұтастық пен ырғақтылық, адами қасиеттен ада іс-әрекеттерге адалдық көрсету, адамға деген немқұрайдылық, талапкерлердің белгілі бөлігінің төменгі мәдени деңгейі, бітірушілердегі оның елеусіз ғана артуы және т.б. сипаттайды.

Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалім тұлғасы мәдениетін қалыптастырудың негізгі қағидаларын атап өтейік. Жетекші қағида тұлғаны жалпымәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби тұрғыда үздіксіз дамыту қағидасы болып табылады. Бұл қағида студент тұлғасын ырғақты дамыту технологиясын дамыту, олардағы өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін қалыптастыру, жалпы және кәсіби тұрғыда жетілу, кәсіби және адами өзін-өзі тәрбиелеу әдістерімен жасақтануды

білдіреді.

Білім беру парадигмаларын өзгерту нәтиже ретінде тәрбиелеуші ықпалдастықтар сапасын, ұйымдастыру құрылымдары мазмұны мен формасын, тәрбиелеу инфрақұрылымын, оқытушылар мен студенттердің тұлғааралық қарым-қатынас стилін өзгерту жолдарының қалыптан тыс үлгілерін іздестіру орын алады.

Болашақ мұғалім тұлғасы мәдениетіне адам құзыреттілігін де жатқызуға болады.

Құзыретті адам әлеуметтік және табиғи даму үдерістерінің күрделі динамикасын ұғынуы, оларға ықпал етуі, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында барабар бағыттала алуы тиіс. Сонымен қатар, адам өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін бағалау, барлық болып жатқан нәрселерге және өзіне қатысты оқиғаларға жауапкершілікте болу дағдысын иеленуі тиіс [3, 29].

Жоғары және кәсіби білім саласында болашақ маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыру проблемасы мен жастардың саяси, экономикалық және әлеуметтік жетілгендігінің қалыптастыру күрделілігін: студенттердің рухани мұқтаждықтарын дамытудағы жеткіліксіз біртұтастық пен ырғақтылық, адами қасиеттен ада іс-әрекеттерге адалдық көрсету, адамға деген немқұрайдылық, талапкерлердің белгілі бөлігінің төменгі мәдени деңгейі, бітірушілердегі оның елеусіз ғана артуы және т.б. сипаттайды.

Тәрбиелеуді ізгілендіру мен демократизациялау оқытушы мен студенттің бірлескен шығармашылық іс-әрекетінің жаңа тәсілдерін іздестірумен бірінші кезекте байланысты, студенттерді үйлесімді дамыту, оның шығармашылық әлеуетін байытудың алғышарты ретінде көрінеді. Ол жоғары оқу орындарындағы болашақ маман таным, қарым-қатынас пен шығармашылық іс-әрекеттің белсенді субъектісі бағытынан табылатындай оқу-тәрбие үдерісін құрастыруды шамалайды.

Ізгілендіру студент өмір қалпының маңызды сипаттамасын құрайды. Және, ақыр аяғында, ізгілендіру – бұл жоғары мектептегі педагогикалық үдерістің полисубъектілік мәнін айғақтайтын жаңа педагогикалық ойлаудың маңызды элементі.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарындағы педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы негізгі талаптарды айқындайтын, оның бағыттарын көрсететін, ақыр аяғында педагогикалық үдерісті құрастыруда шығармашыл түрде әрекет жасайтын жоғары оқу орнындағы болашақ педагогтарды даярлаудың жаңа стратегиясы қағидаларын анықтау қажет. [4].

Педагогтарды даярлаудың жаңа стратегиясы қағидаларын айқындау өткен дәуірлердің педагогикалық ойларын ғылыми тұжырымдау мен алдыңғы қатарлы озық заманауи педагогикалық тәжірибені талдап қорыту нәтижесі болып табылады. Олар шынайы негізге ие, оқытушылар мен студенттер арасындағы заңды байланыстарды айқындайды.

Тұлғаны жалпымәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби тұрғыда үздіксіз дамыту қағидасы жетекші болып саналады. Ол студент тұлғасын үйлесімді дамыту технологиясын жасау, оның өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін қалыптастыру, жалпы және кәсіби тұрғыда жетілуін, кәсіби және адами тұрғыдан өзін-өзі дамыту әдістерін меңгеруін білдіреді.

Болашақ педагог тұлғасын жалпы адамзаттық мәдениетпен үйлесімділікте дамыту мәдениеттанушылық тәсіл қағидасын іске асырумен байланысты.

Ол студенттің әлемдік мәдениеттегі өзін-өзі айқындауын, оның ұлттық-мәдени дәстүрлерге қанықтығын, құнды жалпыадамзаттық мазмұнмен сусындағанын білдіреді.

Мәдениет егер де студенттің іс-әрекет жасауына түрткі болған жағдайда ғана өзінің тұлғаны дамытушы қызметін іске асырады. Нақ осы іс-әрекет, белсенділік тұлғаның даму жемісі ретіндегі жаңа құрылымында, жеке түрде дамушы өзгерістерде сыртқы ықпалдастықтар жиынтығын қайта түзуіне мүмкіндік береді. Бұл оқу-кәсіптік ынтымақтастық түрлерінің, нақтырақ айтқанда, оқытушының студентке барынша көмек көрсетуі мен олардың өзара көмек көрсетуінен бастап, кәсіби даярлық пен серіктестік қарым-қатынастарды көрсетудегі толығымен өзін-өзі реттестіруге дейінгі белгілі жүйелілігінде пайдалануды талап ететін тұлғалық-әрекеттік тәсіл қағидасының маңыздылығымен байланысты болып келеді.

Болашақ педагог мәдениетін қалыптастыру студентке тәрбиелеуші ықпал етудің әлеуметтік мәнін кеңейтуді талап етеді.

Ең әуелі, бұл келесі компоненттердің барынша тығыз және терең байланысы:

А) педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде студентке оқытушының тұлғалық ықпал көрсетуі; ЖОО ұжымының барлық тіршілік әрекетінде студентке және студенттер тобына мәдени ықпалдастығы;

В) студенттің әлеуметтік іс-әрекетінің қалыптастырушы ықпалы, оның өзін-өзі басқару мен бірлесе басқаруға қосылуы.

Қазіргі педагогты тәрбиелеу сапасы оқу-тәрбие үдерісінің біртұтас сипатымен анықталады, ал онда педагогикалық қызметтің барлық қағидалары, әдістері мен тәсілдері толық шамасында жүзеге асырылады. Тәрбиелеу сапасы болашақ маманның әлеуметтік және кәсіптік қызметін ұйымдастырудың әралуан түрлерінің өзара әрекеттестігінде де көрінеді.

Тәрбиелеу, егер де ол, қалыптан тыс, эвристикалық, эзденгіштік әдістерге, болашақ маман тұлғасы мәдениетін қалыптастыру құралдары мен тәсілдеріне бағытталған болатын болса, студенттердің өздерінің мұқтаждықтарына, бастамашылдықтары мен ізденгіштіктеріне сүйенеді. Тәрбиелеудің студенттерге іздену еркіндігі мен өз бетінше таңдау жасау құқығын беретін түрі ғана тұлғаны дамыта алады. Студенттер өзіндік қызығушылықтары мен мақсаттары негізінде таңдаған шығармашылық іс-әрекет үйлесімді тәрбиелеуші және дамытушы орта құрайды.

Жоғары оқу орындарындағы тәрбиелеудің қазіргі заманғы тәжірибесін талдау қалыпты педагогиканың көне, ескі стереотиптерінен бас тарту, қоғам дамуындағы өзгерістермен байланысты қиындықтарды жеңу орын алып жатқандығын көрсетеді.

Тәрбиелеудегі жаңа идеяларды, қағидаларды, формалар мен әдістерді іздестіру мен сынап көру – жоғары оқу орны педагогикасының негізгі ережелерін ойша тұжырымдау, тереңдету, жаңарту айғағы. Білім беру парадигмаларын өзгерту нәтиже ретінде тәрбиелеуші ықпалдастықтар сапасын, ұйымдастыру құрылымдары мазмұны мен формасын, тәрбиелеу инфрақұрылымын, оқытушылар мен студенттердің тұлғаралық қарым-қатынас стилін өзгерту жолдарының қалыптан тыс үлгілерін іздестіру орын алады.

Педагогикалық қарым-қатынаста студентке оқытушының тұлғалық сапалары мен оның іс-әрекеттері ықпал көрсетеді, бұл студенттің өзінің жеке идеалдарымен арақатынасады. Студент ұғым-түсініктері мен оқытушы тұлғасының сәйкес келмеуі мұғалімнің барлық педагогикалық күш-жігерін жойып жіберуі мүмкін.

Бір адамның екінші адамға ықпал көрсету нәтижесі (бұл жағдайда оқытушының студентке) олардың ішкі, тұлғалық қасиеттерімен жанамаласады.

Тәрбиелеудің ізгілендіру қағидалары оны тек мақсатқа бағытталған ықпалдастықтарға ғана түйістіруге мүмкіндік бермейді. Құзыретті адам әлеуметтік және табиғи даму үдерістерінің күрделі динамикасын ұғынуы, оларға ықпал етуі, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында барабар бағыттала алуы тиіс. Сонымен қатар, адам өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін бағалау, барлық болып жатқан нәрселерге және өзіне қатысты оқиғаларға жауапкершілікте болу дағдысын иеленуі тиіс.

Осылайша, болашақ мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеу қызметтерін атап өтейік, бұл адамға өмірлік кедергілерді жоюға мүмкіндік беретін рухани күштерді, қабілеттіліктер мен дағдыларды дамыту; әлеуметтік және табиғи салаларға бейімделу жағдайларындағы адами жауаптылық пен мінезді қалыптастыру; тұлғалық және кәсіби жетілу мен өзін-өзі іске асыруды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; интеллектуалды-адамгершілік еркіндікке, жеке дербестік пен бақытқа қол жеткізу үшін қажетті құралдарды меңгеру; адамның шығармашылық дербестігін өз бетінше дамытуы мен оның рухани әлеуетін ашу үшін жағдайлар құру.

Бұл қызметтер оқыту мен тәрбиелеу мәдениетті көшірмелеу құралы ретінде көрінетіндігі жөніндегі идеяны ашып көрсетеді, оны игере отырып студенттер тұрақты өзгеріп отыратын жағдаяттарға бейімделіп қана қоймай, инновациялық белсенділікке қабілетті бола түседі.

Қорытынды. Университеттердің оқу-тәрбие үдерісінде келесі гумнаистік идеяларды іске асыру талап етіледі:

1) педагогтар мен студенттердің қарым-қатынасы бірлескен шығармашылық іс-әрекет ретінде құрылады; педагогикалық қарым-қатынас - «өз біліміңмен студентке емес, студентпен бірлесе отырып – ғылым мен оның тереңдеріне» қағидасында құрылуы тиіс;

2) қиындықтарды жою, күрделі мақсаттарға қол жеткізу идеясы (А.С.Макаренко идеясын дамыту түрінде) педагогтар мен студенттердің бірлескен іс-әрекетін, сондай-ақ студенттердің өз бетінше жүргізетін жұмыстарын жандандырады;

3) іс-әрекет бағыттарын, түрлерін, әдістерін еркін таңдау идеясы ынталану аясын қалыптастырады, шығармашылық ойлауды дамытады, өз мүмкіндіктерін сыни тұрғыда бағалауын дамытады;

4) студенттердің өздерінің даярлықтарының келешек нәтижелерін көре білуі, өзіне-өзі білім

беруі мен өзін-өзі тәрбиелеуі табандылықтарын дамытады. Оқу және ғылыми іс-әрекеттегі озық жүру идеяларын іске асыру студенттердің кәсіби шеберлік негіздерін игеруін ынталандырады;

5) Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі ұйымдастыру идеяларын іске асыру корпоративтік сана мен тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру негізінде жататын болашақ мұғалімді басқару дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

6) тұлғаны дамытуға топтың, ұжымның интеллектуалды фоны, оның шығармашылық ахуалы елеулі ықпал көрсетеді, шығармашылық ахуал құру – тұлға қасиеттерін қалыптастыру мәндеті секілді, маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады.

7) Ұжымның әрбір мүшесін өзін-өзі басқарудың әралуан формаларына қатыстыруға қосу идеясы шығармашылы болуы тиіс.

8) Тәрбиелеудің жаңа мағыналық константалары жаңа педагогикалық орта – педагогтар, әріптестер, болашақ мамандарды шығармашыл сипатта тәрбиелеудегі ортақ ойлаушылар идеясын іске асыруды шамалайды.

Осылайша, бірлескен шығармашылық белсенділік мәдениеті мен оқытушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы қалыптастырылған жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер тұлғасының мәдениетін қалыптастыруға болады. Нақ осы себептен де болашақ педагогтардың тұлғалық сипаттамаларына қойылатын талаптарды жаңартуды профессор-оқытушылар құрамына қойылатын талаптарды тереңдетумен толықтыру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1 Калаков Н.И. Методология прогностического исследования в глобалистике (на материале анализа прогнозирования социально-образовательных процессов). М.: Академический проект, 2010. 747с.

2 Большой иллюстрированный Словарь иностранных слов: 17000. М.:ООО «Издательство АСТ» 2004. С.417.

3 Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъектности. Ростов-на-Дону, 1996.

4 Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание человека. Учебник. М., 5-е изд. М., 2019.

5 Педагогика личности [Текст]: учебное пособие для студентов высших и средних педагогических учебных заведений / С. В. Кульневич ; отв. ред. Е. В. Бондаревская; Воронежский гос. пед. ун-т. Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского пед. ун-та, 1995.

6 Леонтьев А.А. Психология общения.М.: Смысл, 1997.

Аннотация: Статья посвящена основным аспектам развития культуры речи будущих педагогов. В ней рассматриваются основные требования к речи педагога, выделяется три направления работы по развитию культуры речи студентов. Выделены и описаны также обязательные компоненты работы по развитию культуры речи студентов педагогического профиля. Языковое обучение в нашей стране направлено на сознательное практическое и теоретическое овладение литературным языком. Речь всегда была показателем общей культуры человека, его интеллекта, его уровня развития. Именно поэтому овладение культурой речи, ее совершенствование начинается в школьные годы и планомерно продолжается во время обучения в вузе.

Высшая школа выполняет особую роль в преобразовании Казахстанской общины, что обусловлено повышением качества профессиональной подготовки и воспитания, необходимостью обеспечения специалистов, способных ускорить научно-технический и культурный прогресс. Культура личности выступает как целостный процесс накопления знаний, опыта и его качественной реализации в деятельности и поведении.

Ключевые слова: культура речи педагога, языковые нормы, требования к речи педагога, направления работы, язык, речь, коммуникативно-речевая компетентность.

Abstract: The article discusses the features of the formation of the culture of the personality of future teachers. A significant place is given to the study of the formation of the culture of personality in the student age as prerequisites for the formation of the personality of a professional in this period of development. The concept is revealed, the regularities of the personality culture and the problems of the formation of the personality culture of students are analyzed. Special attention is paid to the spiritual and moral development of the personality of future teachers. The Higher School plays a special role in the

transformation of the Kazakh community, which is due to the need to improve the quality of professional training and education, to provide specialists capable of accelerating scientific, technical and cultural progress. The culture of the individual manifests itself as a single process of accumulation of knowledge, experience and its qualitative implementation in actions and behavior. The culture of the individual will be a state and result of the creation and assimilation of social values, as well as a productive process.

Keywords: students, future teachers, culture, personality, personality culture, pedagogical activity, psychological culture, students, values of psychological culture, moral development of personality, self-actualization.

ӘОЖ: 821. 512. 122. 09

Тухлиев Г.Б., Шойбекова А.А., Аширалиева Ұ.Т.
филолог.ғ.д., профессор, Ташкент МШУ, Ташкент, Өзбекстан
филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**ҚАЛАМҒЕР ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ
ЮМОР МЕН САТИРА**

Түйін: Бұл мақала Ғабит Мүсірепов повестерінің идеялық-тақырыптық ерекшеліктерін талдауға арналған. Мақалада қаламгердің шеберлік деңгейіне және оның туындыларының идеялық-тақырыптық ерекшеліктеріне лайықты бағасы беріледі.

Қаламгердің повесть жанрына жатқызылатын туындыларында («Тулаған толқын», «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі», «Кездеспей кеткен бір бейне» және т.б.), кейіпкер мінезін сомдаудың әралуан әдістері мен тәсілдері, психологиялық талдау ерекшеліктері, сондай-ақ ұлттық күлкі элементтерін, юмор мен сатираны қолданудағы шеберлігі сапалық жаңа тұрпатта қарастырылады.

Бұл мақалада қаламгер повестеріне біртұтас құрылым ретінде талдау жасалады. Ұлттық мінез сипатын, менталитетті, халық тыныс-тіршілігін заманауи өзекті мәселелер, қоғамдық өзгерістер мен саяси тұлғалар арқылы бейнелеу, сипаттау тәсіліне айрықша көңіл бөлінеді. Мұнда жүйелі-сипаттау, тарихи-салыстырмалы және текстологиялық әдістердің қағидалары қолданылды.

Кілт сөздер: туынды, қаламгер, әдебиет, повесть, идея, тақырып, юмор, сатира.

Кірісіне. Юмор және сатира жанрларының танымал теоретиктері Д.Николаев, Я.Эльсберг, Л.Ф. Ершов, Ю. Борев және басқа да зерттеушілердің пікір-пайымдарының, көзқарастұжырымдарының түйісер тұсы, құйылар сағасы – әдебиетіміздегі бұл жанрлық түрді де табиғи бітімге қатыстың ерекше әдісі, қандай да бір нақтылы оқиғаны, дәйекті, нысанды бейнелеп, бағалаудың айрықша бір тәсілі ретінде көрсетеді. Ю. Борев юмордың әдетте белгілі бір қоғамдық құбылыстың мәнін жоюға шақырмайтындығын, қайта оның қалыптасуына, кемшіліктердің орын алмауына жағдай жасайтындығын тілге тиек ете отырып, юмордың жағымды күлкі екендігін, дегенмен де оның мақсатсыз болмайтындығын нақтылайды [1, 28 б.].

Бұл саладағы қазақ ғалымдарының пікірлерін бағамдасақ, Темірбек Қожакеев юмордың сатиралық сипаттағы уытты мол тілмен жазылмаса да, алдына әшкерелеуші мақсат қоймаса да, жеңіл күлкіге негізделген әзіл-қалжың мазмұнына ие туындылар санатынан табылатындығына [2, 18 б.] анықтама берсе, М. Тілеужанов болса, юмордың табиғаты жағынан жанға жайлы жұмсақ күлкі екендігіне тоқтала отырып, ол кемшілікті меззей көрсетіп, оқырманын езу тартқызатындығын, жақсылыққа үгіттейтінін, өзінің түйреп отырған нәрсесіне қайғырып, ызыланса да, оны түпкілікті жек көрместен, жеңіл сипатта әжуалап, кемшіліктерінен арылтуға ұмтылатындығын [3, 8 б.] өздігінше байыптайды.

Иә, бұл әр зерттеушінің өзіндік ойы, парасаты. Дегенмен де осы жанр түрінің табиғаты жөнінде пікір айтқан, ауқымды зерттеу жүргізген ғалымдардың қай-қайсысы болмасын, Ғабен шығармашылығына, оның әңгімелері, повестері, романдарындағы күлкі сырына үңілмегені кемдекем. Ғабит шығармашылығын зерттеумен түбегейлі айналысқан ғалым Х. Әдібаев оның романдарындағы табиғи күлкіге таманса, Т. Қожакеев бірқатар әңгімелері мен повестеріндегі шынайы юморлық суреттеулерге таңдай қаға таңданып, Ғабит Мүсіреповке өз кейіпкерлеріндегі

әралуан кемшін тұстарды жоя көрсетудің нәзік қабілеттілігі мен кейде ауырсына отырып, кейде кең пейілмен күлімсіреуге даярлық тән екендігін баса көрсетеді [4, 12 б.].

Ал ірі әдебиеттанушы ғалым, профессор Р. Нұрғали Ғабит Мүсіреповтің барынша жарқын және қанық бояуы юмор екендігін, оның шығармаларындағы көне мен жаңаның, жақсы мен жаманның өзара күресі, әрекеттесуі юмор арқылы көрінетіндігін, қаламгер өз ойын бұралаң жолдармен жеткізу үшін әрқашанда сөзді сөз таба білетіндігін айта келе, символика, меңзеу, ой тәмамдалмауы әсіресе, оның соңғы жылдардағы шығармаларына тән екендігін айтады [5, 31 б.].

Теориялық талдау. «Тулаған толқында» повесіндегі юмор көріністерін сөз еткенде, болыс пен оның әйелінің кескіндері назардан тыс қалмақ емес. Жазушы Оспан кескін-келбетін жасауда оның бет-пішінін суреттей келіп: «Арам майы сыртына шығып, киген киімі жып-жылтыр, ала дамбалдың ауы өмір бойы тізесінен кетпейді. Семіз балтыры мәсінің қонышын сөгіп жібереді де, бір жағы қайрылып о да үнемі жалбырап жүреді. Ала дамбалдың кір-кір ала бауы, о да өмір бойы Оспанның тізесінен бір жоғары шықпайды» [6, 15 б.] деп ащы мысқалмен аяусыз шеней өтеді.

Оспанның жоғарыдан келгендерге жағымпазданып, өзінен мықтыларға жақсы атты көрінуге тырысуынан, олардың асты-үстіне түсуінен оның ел басқаруға қауқары жоқтығы, оқу-білімнен жұрдай, сана-сезімінің таяздығы аңғарылады. Сол себепті де автор оның портретін іс-әрекетіне сай жасай білген. Сондай-ақ Оспанның бәйбішесі де өзінен аумайды, ол да күпшектей семіз, тап бір Оспан болыстың туған қарындасы сияқты оған «қара жабағының күзем құйрығынан» сақал-мұрт жапсырып беріп, ерінің киімін кигізсе, болыстан айнымай шыға келеді. «Апама жездем сай» дегендей, бұл суреткердің шебер жасалған юморлық портреттері. Бұлар оқып отырған адамға күлкі шақырумен бірге, жирене қарауға мәжбүр етеді де, юмор ендігі жерде сарказмға ауысады. Автор Оспанды болыс деп, жалшыларға үстемдік көрсетті, шаруалардың ақысын жеді деп, жер-жебіріне жетіп, оның жағымсыз әрекеттерін әшкерелеймін деп те әуреленбейді, тек оның іс-әрекеті, қимылы, сөздері, бет-пішінін шеберлікпен суреттей отырып, өз мақсатына қол жеткізуді көздейді. «Оспан апалақтап аузына келген сөзді бірін қалдырмастан айтып жатыр... Тексерген адамға Оспан айтқан сөздің керектісінен керексізі көп еді» [6, 17 б.] дейді. Шындығында да Оспанның сөйлеген сөзі сыртқы түр-тұрпатына дәлме-дәл, сәйкес келіп жатады. Оның сөздері жүйесіз, мағынасыз, бір-бірімен еш байланыспайтын ебедейсіз, шашыраңқы ойлардың сырт көрінісі секілді болып келеді.

Итемгеннің өзін, оның үлкен баласы Күдербекті суреттегенде де жазушы жеңіл, жағымды юмор емес, ащы ирония, сарказмға бой ұрады. «Итемгеннің үй ішінің апшысын қуырмай отыратын бір күні жоқ» деген бір сөйлемнің өзіне «тығыршықтай тығыз, шертіп қалсаң шырт ете түскендей, ашуланшақ» адамның мінезіндегі шалдуарлық, мазасыздық тұтастай сыйып кеткен. Итемген ауылының жүдеу күйін, көңілсіз тіршілігін суреттегенде де «бүгжеңдеген аш иттер» мен «шұбаландап, жыбырлап жүрген» жалшы әйелдердің қоңырқай, сұрғылт өмірлерін түрлі теңеулер келтіре отырып, ирония өрнектерімен бедерлейді.

Автор Оспан, Итемген, болыстың әйелдерінің ісін, бет пішінін, кескінін және сөйлеген сөзін зілді, улы күлкімен беру арқылы-ақ көп жайды аңғартады. Мәселен, «бет-аузы жыбыр-жыбыр етіп отырады» деп болыс әйелінің мейірімсіздігін, қаталдығын, Оспанның өзі секілді дарақылығы мен жөндем сөз білмейтіндігін күлкі нысанасына алады.

Қалиша жайын сөз еткенде суреткер оның үйін, тұратын орнын суреттеу арқылы тұрмыс жағдайынан, әлділердің бұл «жесірге» тізе батыру себептерінен хабардар етіп өтеді. «Қоңыр көлеңке үйдің қоңыр сәулесі Шәйзаны да қоңырландырып, сұрғылтқа тандық түс береді. Үй де қоңыр, көлеңке де қоңыр. Қоңыр үйдегі тұрмыс та қоңыр. Қоңыр үйдегі Шәйзаның ойы да қоңыр. Қоңыр ойлы Шәйзаның әні де қоңыр... Қоңырлатып, ыңырсып өлең айтып отырады» [6, 14 б.] – деп Қалиша қызының мұңлы, шерлі күйін, еңсесін басқан ауыр жоқшылық, кедейшілік запыранын әсерлі қайталаулар легімен өрісті өрнектейді. Ал ақылды Шәйзаны қоңыр тұрмыс әбден жасытқан, қатарынан кем еткен, қор еткен. «Киім арқасында қыз болып жүрген Итемгеннің Жәмиләсы, Пірәдар үйінің Нәзиләсы, Шәйзаның қасында семпелеңдеген, жоны қазылған, көздері сүзілген арық сиыр сықылды. Бірақ, амал не, бұлар Шәйзаны менсінбейді... Ыбылжып отырып, ойын болса төрді бермейді. Шәйза ұсақ қыздар жақта, төмен отырады» [6, 15 б.] – деп ауқаттылардың ажарсыз, реңсіз қыздарын ызалы күлкімен түйрейді.

Саяси санасы оянбаған, ақылы таяз Оспан болысты суреткер шығарманың басынан аяғына дейін ызалы, улы күлкімен көмкеріп отырады. Мәселен, оның алашордашылар айтқан сөздерді аңғармағандығын: «Бір жағы сөзге жалпы орашолақтығы, екінші жағынан алқынып сасқандығы

бар, Оспан төре айтқан сөздің оннан бірін әрең барлап қана алды. Сонда да арғы түбі жарамсақтану ниетімен әр сөздің басын қосып, белгілі дыбырлаққа сала жөнелді» [7, 21 б.] – деп кекесінмен береді. Жоғарыдан келгендерге жағымпазданып, жақсы көріну ниетімен амандық-саулық сұраған Оспан «бақандай қолын әркімге бір ұсынады» [6, 21 б.]. Осылардың бәрін жазушы көңіл көзімен шолып, қалт жібермей, аңдап, бақылап отырады. Суреткердің мұндай қырағылығы жөнінде академик С. Қирабаев Ғабит Мүсіреповтің адамдардың бойындағы кемшін тұстарды да, дүниедегі олқы тұстарды да байқап, осы кемшіліктерді юмор мен сатира құралдары арқылы шаншып отыратындығын, бұл кемшіліктерге халық өміріндегі сайлау мен сот билігі, қараңғы халықтың ұзақ амандасуы, көшпелі тіршіліктегі жалқаулық, құлық-сұмдық, настық, жағымпаздық сияқтылар жататындығын, бұлардың барлығы да, әйелдердің қиын өмірі де, оларды қинаған заман сыры да жазушы назарынан тыс қала алмайтындығын түйіндейді.

Әралуан әжуа-мысқылдарды, сықақтарды кез-келген шығармадан да ұшыратуға болады. Күлдіріп, езу тартқызғанымен, сүйіндіріп, сүйсіндіргенімен адамда жағымды эмоция туғызуы жеткіліксіз. Юморда, көркем шығармадағы әзіл-қалжыңда, сатирада өткір астар, терең мәнді мағына болуы қажет, ол адамда тек жағымды әсер қалдыру міндетін атқарып қана қоймай, адам сезіміне қозғау сала отырып ойландыру, юмормен өрілген қоғам мінінің сырын түсінуге ұмтылдыру мақсаттарын көздеуі де тиіс. Суреткердің өзі де қойын дәптерлеріндегі жазбаларында өнердегі ең ауыр нәрселердің бірі – әдебиетте қалжыңның шектен шығып кетпеуін сақтай білу деп атап көрсетеді. Жазушы юморы тіршіліктегі ұсақ, елеусіз нәрселерді шенеп-мінеп әуре болып жатпайды, қоғам өміріндегі ең басты түйіндерді, өзекті мәселелерді өз нысанасына алып, оны күлкіге айналдырады. Сондықтан да Ғабит шығармаларындағы юмор өзінің стильдік-көркемдік ерекшеліктерімен, психологиялық қуатымен туынды деңгейін көркемдік биікке көтеруге барынша күш салады. Шығармадағы алаш төрелерінің бет-бейнесін ащы мысқылмен бедерлеуі де сол кезеңдегі қазақ зиялыларының басы бірікпей, «аққу көлге, шаян шөлге, шортан суға тартқандай» ауызбіршіліксіз, ынтымақсыз тірлік қылып, бірқатары Ресейге қосылмау, өз алдына бөлек қазақ мемлекетін, Алаш ордасын құру ниетімен, ал енді кейбіреулері Қазақстанда Кеңес Үкіметінің орнауына атсалысып, атойлап, бет-бетімен бытырауына ашынғандығынан да болса керек. Бірақ Ғабит повесі жазылған кезеңде көп жайлардың басын ашып айтуға, сол кездегі қазақ қауымы шындығын бұрмалаусыз көрсетуге, алашордашылардың көздеген мақсаттарының дұрыс-бұрыстығына талдау жасауға қоғамдық идеология мүмкіндік бермеді. Сондықтан да Алаш туын көкке көтереміз деген қазақ зиялыларының ой-ниеті біржақты ұғынылып, олардың бейнесі ұнамсыз, жағымсыз кейіпте бейнеленген.

Төрелердің шай, қымыз ішіп, ет жегендегі қомағайлығы, тойымсыздығы да «Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарыла берсін» деген халық мақалымен түйреледі. Ал, тамаққа тойып алған соң, сыбыр-күбірге көшіп, серілік құрғысы келгендердің әрекеті тіпті күлкі шақырарлық кейіпте суреттеледі. Түн ортасы ауа берген шақта естілген кемпірдің ащы айғайы да осы жетім-жесірді басынғысы келгендерге бағытталған болатын. «Әкенің аузына дейін ағытып-шашып кемпір қала берді де, үсті-басы ақ айран, қара ала сәуірік сияқтанған Қазі оңаша үйлерге қарай қашып берді» [6, 25 б.]. Тағдыр тепкісін көрген, тауқыметін тартқан жанның тілі қашанда ащы болмақ. Қылмысы ашылған Қазі күйі де езу тартқызбай қоймайды.

Юмор мен сатира – өткір қару, мін мен кемшіліктерді сынап, жақсылықты көкке көтеретін айрықша көркемдік құрал. Сол көркемдік құралды Ғабит оқырман қауымға ой тастап, өз мақсатын өрнектей жеткізуде тиімді қолдана біледі. Ғалым Х. Әдібаев Ғабит юморы жөнінде сөз қозғағанда, оның қалыпты тіршілік пен топалаң күрес, қырмандағы қазу еңбек пен жарасымды әзіл, тұрмыс күйбеңі арасынан жарқ еткен күлкі, жарасты әзіл, әсем юмор көріністерді құбылтып, ажарландырып, көңілдендіріп жіберетіндігін айта отырып, Мүсірепов күлкісінің негізінде сан түрлі әдіс жататындығын, халық мінезіндегі ақаулар, әдет-ғұрыптағы кикілжің, әртүрлі жағдаяттар, тілдегі қитұрқылық сияқтыларды құр жібермейтіндігін [8, 199 б.] нақ баса көрсетеді.

Иә, өз орнын тапқан келісімді күлкі көз алдыңыздағы кейіпкердің бар қасиетін аша түсіп, тамырларына қан жүгірткендей болады. Ғалым тұжырымынша адам көңіл-күйінің көтеріңкі болуы – юморды туындату негізі [9, 111 б.] болмақ. Уақыт күшімен көмескіленген, сағымдай буалдырланған, ғайып болған замана келбеті бар шындығымен, бар табиғи қалпымен елестейді, күлкімен бірге ақиқат лебі ескендей болады. Ескірген, тозған дәуірлердегі қазақы тұрмыс бедері айқындалып, жинақталып, дараланған болыс, би, бай, атқамінерлер мен кедей-кепшік, жалшы, малшы, батырақтар болмысы табиғи кескінде кейіптеледі.

«Жеті қараңғы түнде, ауылдың ту сыртында Итемген мен Оспан отыр. Оспан үлкен қара өгіз секілді де, Итемген үлкен өгіздің қасында мұрнын шүйіріп қорқып тұрған көпей торпақ секілді. Бұрын нығызданатын Итемген, бұл жолы олай емес, жампаң-жампаң етіп, Оспанның тесік жері болса, кіріп кеткендей болып, бейғам Оспанды сиқырлап отыр. Бұрынғы «едәуір» салмағынан түк қалмаған. Оспанды дөңгелетіп, кейде көпшік қойып мақтап, төрелердің де ырза болып аттанғандарын айтып көттекіленеді» [6, 29 б.].

Мұндағы юморлық суреттеулер болыс пен би психологиясын ашу мақсатына қызмет етеді. Бұл суреттеуде юмор мен сатира араласып, жігі білінбей кеткен. Жазушы Итемген мен Оспанды сүйкімсіз жануарларға теңей отырып, Итемген қылығы арқылы аңғырт Оспан мінезін де аңғартып өтеді. Х. Әдібаев қаһарманның сөзінен оның мінезін, ойын, сезімін аңғаруға болатындығын, керемет эпизодтар көз алдына ерекше көріністерді алып келетіндігін, Ғабит шығармалары уытты әжуаға, отты мысқыл мен көңілді көтеретін күлкіге толы болатындығын, оның өзінің кейіпкерлерінің күлдіргі тұстарын шебер суреттеп, күлкілі жағдайларды тамаша баяндайтынын, дегенмен күлкіні жазушы күлдіру үшін қажет етпейтінін, ол өзіне оқырманды баурау арқылы ой тастағысы келетіндігін, сипатталған жағдайларды көркемдеуге ұмтылатындығын [10, 50 б.] баса айтады.

Ғабит шығармаларының юморын зерттеген М. Тілеужанов Ғабит юморы шығармаларының өн бойына тараған, қанына біткен қасиет секілді екенін, бұл оның жазушылық стилін айқындайтын факті екендігін тұжырымдай келе, сұңғыла суреткерлер туындыға ажар беру үшін күлкі туындататын жағдайларды ендіріп отырады, бұл оның жазушылық стилінің талабы іспеттес» [3, 69 б.] дейді.

Ал, Г.Пірәлиева болса өз мақаласында қаламгердің күлкіні шығарманың идеялық мазмұнынан бөліп-жарып жатпайтындығын, күлкінді келтірер әзіл айтпағанымен езуінді жидырмас уытты, ащы мысқыл арқылы кемшілікті сынап, әжуалай отырып, күлкі де тудыратындығын, шындығында ол сатирик жазушы емес, оның күлкісі жағымсыз құбылысты келемеждеуге бағытталмайтындығын, керісінше өмірде кездесетін ұсақ қарапайым оқиғадан терең ой тербеп, одан әлеуметтік философиялық мәселе көтеріп, кесек көркем образдар сомдайтынын, ең қызығы, өзінің сөз өнеріндегі туындыларын жеңіл юмор, әдемі әзілмен көркемдеп, кестелеуден бір танбайтындығын [11, 84 б.] баса көрсетеді. Қаламгер шығармаларындағы күлкі адамды езу тартқызу мақсатында туындаған десек, айқын қателескендік болар еді.

Кейіпкердің сана қабаттарындағы өзіндік пайым, елес, түсініктерді суреттеуде де Ғабит өзінің жарқын күлкісін, ащы мысқылын жоғалтпайды. Шәйза түсінігіндегі Оспан бейнесі де өмірдегі Оспан бітімімен ыңғайлас, кейіптес. Шығармада әсіресе, Шәйзаны ұзатуға жиналған топтың суреттелінуі еріксіз күлкі шақырады, тойға еркімен емес, жұрт Итемгеннің зорлығымен ғана әрең дегенде келеді. Сол түні Шәйза Біржанмен қашып кетеді, сөйтіп әпербақан Оспанды жер соқтырады, амалы құрыған болыс Шәйзаны суға кеттіге жорып, байбалам салып еліне кетеді. Әрине, бұл сол кезеңдегі барлық қазақ ауылдарына тән құбылыс, дегенмен сарабал суреткер бұл көріністерді суреттеуде өзіндік дара стилімен, айрықша нақышымен көркемдік көкжиектеріне көтеріледі, қарапайым қазақ ауылындағы кәдуілгі үйреншікті жағдайлардың өзінен күлкі туғызады, оларға бұрын байқалмаған сипат бітіре суреттейді.

Оспаннан кәде алып, Шәйзаны әкеп бермек болған ауыл әйелдері де бірде «жайрандап, дарақыланған» күйде, енді бірде «іннен шыққан тарақ құйрықтай жылмиған» кейіпте, ал енді біресе «көздері бұлаудай» кескінде күлкі туғызады. Шәйзаны іздеп таба алмаған ауыл әйелдері үстері су-су болып, адам сыяр қуыс-тесіктің бәрін тінтіп, қарап шыққанмен, бұл істері бос әурешілік болды. Шәйзаның мүлдем жоғалғанына, табылмайтындығына көзі жеткен Оспан «қап-қара болып, түтеп кетті. Танауы таңқиып, желпілдеп, кеудесі бұрынғыдан жаман қаңқайып, ауызға келген ақ ит пен көк ит біріне-бірі жол бермей, булықтырып барады. Әркімге бір қарайды. Кім үміттенерлік сөз айтса, Шәйза соның қойнында тұрғандай – түймесін ағытса-ақ шыға келетіндей көріп отыр. Бүгін түні бойы «Шәйзаны қалай құшақтап жататынын» ойлап отырған Оспан, қазір қыздың қойнынан шығып кеткенін білмей қалған адамдай» [6, 45 б.].

Шәйзаны тоқалдыққа алмақ Оспан болыстың бет-ажары адам көргісіз. Қаламгердің суреттеуінде кедей қызы өмірдің тұтқасына ие бола кетерлік, жанып тұр, ал болыс – тірі өлексе, қаусап шашылып қалғалы тұр. Өмірде басқаша болыстар да, басқаша кедей қыздары да бар-тын. Суреткер оларға еліктемей, алаңдамай, кейіпкерлерін өз тұжырымы, өзіндік дүниетанымы бойынша суреттеп-бейнелейді. Бұл жазушының өзіндік субъективизмі болса керек. Бұл жайтты

ғалым Т. Нұртазин пікірімен қорытындыласақ: «Қаламгердің бесенеден көзге түсер ерекшеліктері бар. Ол алдымен субъективтігі басым - өзі кесіп-пішуге үйір жазушы. Реалистердің бірсыпырасы өмір құбылыстарына қол сұқпай, бойын тарта ұстап, өзі тасалау қалып, оқушыларға табиғи түрде жасалып жатқан құбылыстарды ұсынатындай, Ғ. Мүсірепов те реалист: өмірде табиғи түрде кездесетінді, болып жатқанды, болуға лайықтыны суреттейді. Сонымен қатар ел қаһармандарын өзі ұнататын я құмартатын жағдайға, ситуацияға ұшыратады. Кейде оның кейіпкерлері болуға мүмкін мен мүмкін еместің аралығына жуықтап жүреді.

Қорытынды. Жазушының шығармаларын көңілмен сүзсең, әуелгі қадамынан бастап осы күнге дейін жақсыларды жарқындандыра, содырларды сүренсіздендіре суреттеп, тынымсыз майдандасуда екенін көресің» [12, 2 б.].

Орыс жазушысы М.Горький өзінің кімді жазса да, дәуірдің ұлы адамын жазса да, міндетті түрде оның ерекше, тіпті бір қарағанда таңқаларлық қасиеттерін табуға тиісті екендігін, соны сығалап көру арқылы өзінің оқушыны іштей жымиюға мәжбүр ететіндігін айтқанындай, сыртына күлкі шығып тұрмаған болмыс-құбылыстардың, адам мінез-құлық, іс-әрекет, қимыл, бет ажарының езу тартқызарлық белгілерін іздеп тауып, көрсетіп, оқушыны күлдіру шеберлігі Ғабит шығармашылығына тән қағида.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Трагическое и комическое в действительности и в искусстве. М., 1955. 897 с.
- 2 Қожакеев Т. Сатира – күштілер қаруы: Монография. Алматы: Жазушы, 1985. 285 б.
- 3 Тілеужанов М. Астарлы әзіл. Алматы: Жазушы, 1978. 116 б.
- 4 Қожакеев Т. Сатира негіздері. Алматы: Санат, 1996. 464 б.
- 5 Нурғалиев Р. Древо обновления. Алматы: Жазушы, 1989. 368 с.
- 6 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар: 3 т. Алматы: Жазушы, 1980. Т. 1. 544 б.
- 7 Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы: Филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 1997. 159 б.
- 8 Әдібаев Х. Талант. Талғам. Тағдыр. Алматы: Жазушы, 1971. 256 б.
- 9 Әбілов Ж. Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері: Филол. ғыл. д-ры дис. Алматы, 2001. 234 б.
- 10 Әдібаев Х. Ғабит туралы сөз // Уақыт және суреткер. Алматы: Жазушы, 1967. 47-59 бб.
- 11 Пірәлиева Г.Ж. Ғ. Мүсірепов – психологиялық талдау өнерінің хас шебе-рі // Ғабит Мүсірепов және әлемдік әдеби процесс: Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100-жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: Ғылым, 2003. 78-85 бб.
- 12 Нұртазин Т. Тамаша талант // Қазақ әдебиеті. 1972. 17 март.

Аннотация: Данная статья посвящена анализу идейно-тематического своеобразия повестей Габита Мусрепова. В статье дана соответствующая оценка уровню мастерства писателя и художественно-эстетическим особенностям его произведений.

В произведениях писателя, относящихся к жанру повести («На стремительной волне», «Соседи синего дома», «Сказка жизни», «Однажды и на всю жизнь» и др.), на качественно новом уровне рассматриваются особенности психологического анализа, различные приемы и средства создания характера героя, а также мастерство писателя в использовании элементов народного смеха, юмора и сатиры, что определяет актуальность данной статьи.

В этой статье дается анализ повестей писателя как единого художественного целого. Особое внимание уделяется способам изображения национального характера, менталитета, жизни народа сквозь призму современных писателю актуальных проблем, общественных изменений и политических форм. Здесь были использованы принципы системно-описательного, историко-сравнительного и текстологического методов.

Ключевые слова: произведение, писатель, литература, повесть, идея, тематика, юмор, сатира.

Abstract: The thesis research is devoted to the analysis of the ideological and thematic peculiarity of Gabit Musrepov's stories. The research provides the appropriate assessment on the writer's mastery level an artistic and aesthetical peculiarities of his work pieces.

The writers work pieces related to story genre («On a Rushing Wave», «Blue House Neighbours», «Life Fairy tale». «Once and Forever» and others), the peculiarticles of the phyiological analysis, various methods and tools of creation of the hero's character, and writers mastery in using the elements of the

folk laughter, humor and satire are considered on a new quality level that makes the thesis theme important.

The newness of the thesis is that, for the first time, on the examples of the texts, provides analysis of the writer's stories as the whole artistic. The special attention is given to the methods of describing the national character, its mentality, people's life through current and actual problems for the writer, social changes and political reforms.

The research used systematic-descriptive, historic-comparative principles and textual methods. Structural method is used in analyzing poetics of the artistic text.

Keywords: related, writer, literature, stories, ideological, thematic, humor, satire.

**КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕГІ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ-МӘДЕНИАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗІ
ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКА В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ –
ОСНОВА МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ
LANGUAGE LEARNING IN COGNITIVE ASPECT –
BASIS OF INTERCULTURAL COMMUNICATION**

УДК: 81 233:331.361

Аульбекова Ж.С., Байтенова Р.М., Уразбакова У.Т.

к.филолог.н., доцент ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ст.преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ст.преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**РОЛЬ ИНТЕГРАТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА**

Аннотация: Данная статья посвящена роли интегративного обучения в формировании профессиональной компетентности будущего специалиста. Интегративное обучение в рамках преподавания профессионального русского языка как базовой дисциплины находит выражение в реализации принципа межпредметной связи с профилирующими дисциплинами специальности.

В работе предлагаются нетрадиционные формы работ, направленные на формирование и развитие интегративно-профессионального мышления, коммуникативной компетенции обучающихся в будущей профессиональной сфере. Изучение в казахской аудитории профессионального русского языка по основам специальных дисциплин с учетом специфики специальности позволяет студентам – будущим специалистам технического профиля получить более глубокое и качественное образование на втором языке. Этот фактор полностью соответствует формированию полиязыковой личности как одного из существенных факторов развития интеллектуального потенциала страны в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру». Предложенные поисковые задания, решение кейс-ситуаций, групповые формы работы, создание проблемных ситуаций, разрешение практических задач различной сложности, *стратегия «Fishbone*, «Инсерт» профессиональной направленности позволяют реализовать в рамках интегративного обучения инновационные формы и методы обучения, способные обеспечить формирование необходимых профессиональных умений и навыков будущего специалиста.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, речь, интегративное обучение, нетрадиционные методы, специальность, язык, деятельность.

Введение. На сегодняшний день, характеризующийся вхождением в мировое образовательное пространство, большое значение отводится вопросам разработки новой образовательной парадигмы, направленной на подготовку высококлассных, прагматичных специалистов, способных адаптироваться к новым условиям, выдержать жесткую конкуренцию как на внутреннем, так и внешнем рынках труда. В связи с этим особую актуальность приобретают вопросы совершенствования профессиональной направленности обучения в условиях растущей социальной потребности в квалифицированных специалистах, сочетающих профессионализм с высоким уровнем коммуникативной культуры. Как результат

профессионально направленного обучения выступает формирование компетенций, необходимых в будущей профессии. Это позволяет специалисту мобилизовать в ходе общекультурной, коммуникативной и профессиональной деятельности приобретенные знания и умения, а также использовать обобщенные способы коммуникативной деятельности в условиях реализации профессиональных функций [3]. Поэтому особое внимание в системе вузовского образования необходимо уделять развитию профессиональной речи будущих специалистов, способности к высоким достижениям в сфере будущей деятельности. В свою очередь продуктивная профессиональная направленность обучения требует осуществления межпредметных связей. Преподаватель профессионального русского языка при составлении учебных программ по той или иной образовательной программе должен консультироваться со специалистами-предметниками, широко использовать адаптированные тексты по специальности для чтения, структурно-семантического анализа, продуцирования устных и письменных монологических высказываний, создания текстов вторичного жанра. Работа в данном направлении будет способствовать развитию профессиональной компетенции, специальных знаний будущих специалистов. В данном аспекте важное значение приобретает решение проблемы интеграции, модернизации методик преподавания учебных дисциплин [4].

Методы (методология). Методологической основой послужили теория познания, анализ, сравнение, сознательно-практический метод.

Сознательно-практический метод предполагает владение языком в его наиболее активной, динамичной форме в качестве средства коммуникации. Первый аспект данного метода (сознательный) предполагает умение сознательного использования терминологических единиц языка специальности в учебно-профессиональной сфере языковой коммуникации. Практический аспект предполагает формирование коммуникативных умений общения в учебно-профессиональной сферах. Реализация сознательно-практического метода требует аналитико-синтетической деятельности студентов на занятиях профессионального русского языка. Данный метод предусматривает активизацию творческой деятельности, применение поисковых заданий, аналитических, исследовательских кейс-ситуаций, групповых форм работы, создание проблемных ситуаций, разрешение практических задач различной сложности, *стратегию «Fishbone «Инсерт»*, направленных на развитие коммуникативных навыков в будущей профессиональной сферах общения.

Теоретический анализ. Профессиональный русский язык как средство овладения базовыми знаниями с учетом специфики специальности позволяет студентам получить более глубокое и качественное образование на втором языке. Весь процесс обучения профессиональному русскому языку, в основе которого заложен коммуникативный метод, представляет собой языковую подготовку, направленную на развитие профессиональной речи будущих специалистов. Цель преподавания дисциплины профессиональный русский язык в казахских группах технических специальностей с учетом требований профессионально-ориентированного образования определяется коммуникативными потребностями студентов в научно-профессиональной сфере - подготовка будущих инженеров-технологов к общению в профессиональной сфере. В данном аспекте интегративное обучение в рамках преподавания профессионального русского языка как базовой дисциплины находит выражение в реализации принципа межпредметной связи – связи с профилирующими дисциплинами специальности.

Развитие языковой, речевой и научно-профессиональной компетенций происходит на материале адаптированных текстов, связанных со специальностью обучающихся. Интеграция профессионального русского языка с профилирующими дисциплинами специальности проводится на основе предусмотренных Типовыми учебными программами (ТУП) структурно-семантического анализа текстов по специальности, активизации терминологической лексики специальности на фонетическом, лексическом, грамматическом уровнях языка посредством их функционального использования, другими словами, путем включения их в систему учебных заданий, в ходе выполнения которых обучающиеся знакомятся с содержанием научного текста, учатся извлекать и использовать из специального научного текста фактическую информацию. Следует отметить отличие профессионального чтения от чтения публицистического, художественного или научно-популярного текста. Цель профессионального чтения - переработка и последующее использование извлекаемой научной информации. Отсюда следует, что постановка и решение профессиональных задач на уровне текста по специальности должно проводиться в рамках

речевого действия, предполагающего учет специальности по отношению к сфере деятельности. Использование специальных текстов в рамках учебного речевого действия, обеспечивающих профессиональную направленность конечных целей, способствует формированию адекватных поставленным задачам речевых действий. В процессе достижения профессиональной ориентировки целей обучения вырабатываются умения и навыки, направленные на выражение обучающимися оценочных интенций: высказывать мнение, предположения, сравнивать, оценивать. К заданиям данного типа относятся следующие:

- Определить основную и дополнительную информацию текста по специальности.
- Определить виды дополнительной информации (дополняющая, иллюстрирующая, конкретизирующая, дублирующая, резюмирующая). Указать языковые средства их введения.
- Переведите вербальную информацию в графическую.
- Переведите графическую информацию в вербальную.
- Составьте тезисный план (резюме-выводы, аннотацию, рецензию) текста по специальности. Целесообразно предложить и задания нетрадиционной направленности, способствующих развитию креативного мышления в сфере будущей профессиональной деятельности. К ним можно отнести кейсы, презентации, круглые столы, мозговой штурм, *стратегию «Fishbone»*. Задания данного типа, предполагающие работу со специальной литературой по определенной профессиональной тематике, способствуют реализации принципа взаимосвязанного обучения русского языка с дисциплинами специальности. Рассмотрим таблицу фиксации планируемых результатов - целей обучения профессиональному русскому, построенной согласно таксономии Блума, по категориям учебных целей в когнитивной области.

Таблица 1. Результаты обучения профессиональному русскому языку согласно таксономии Блума

1. Знание и понимание	2. Применение	3. Анализ	4. Синтез	5. Оценка
знать научную лексику и научные конструкции; знать речевые нормы профессиональной сферы деятельности; правила построения научного высказывания	применять правила построения научного текста; применять методы и приемы создания текстов вторичного жанра, продуцирования самостоятельных высказываний	истолкование учебно-научного текста; выбор языковых средств в соответствии с коммуникативной интенцией и ситуацией общения	обобщать и интерпретировать научную информацию по специальности; конструировать научные тексты по специальности с учетом структурно-семантической специфики различных жанров научного текста	оценка логики изложения, единства, ценности и целостности информации продуцированного текста; стратегия и тактика в сфере профессионального взаимодействия

Как следует из вышеизложенного, цель преподавания профессионального русского языка заключается в развитии специальных компетенций обучающихся в сфере их будущей профессиональной деятельности. В процессе реализации данной цели будущие специалисты должны освоить терминологическую лексику, приобрести умения и навыки их функционального использования в речи. Поэтому задача преподавателя - на основе введения новых понятий показать роль междисциплинарных связей в преподавании профессионального русского языка[1]. Решение проблемы интеграции учебных предметов нуждается в модернизации методик преподавания учебных дисциплин[4]. Считаем, что в целях развития профессиональных компетенций обучающихся на основе интегративного обучения следует широко использовать на занятиях профессионального русского языка нетрадиционные формы обучения. В частности такие педагогические технологии, как: работа в группах, работа в парах, кейс-метод (метод конкретной

ситуации), развитие критического мышления, а также стратегия «Fishbone», «Инсерт» и др.

В рамках данных технологий приведенные ниже задания способствуют развитию не только коммуникативной компетенции, но и интегративно-профессионального, а также критического мышления.

Задание 1. Используя стратегию «Fishbone» - фишбоун (рыбья кость) сформулируйте проблему в сфере вашей будущей профессиональной деятельности и запишите ее в «голове рыбы». Укажите причины и факты и данной проблемы.

На верхних ребрах рыбы разместите причины проблемы, на нижних ребрах – укажите факты, аргументы, доводы. Кратко сформулируйте свои выводы в хвосте рыбы.

Задание 2. Работа в парах.

В пары объединяются студенты с разным уровнем подготовки:

сильный+средний, средний+слабый.

1-й партнер дает определение (объяснение) терминам по специальности.

2-й партнер разъясняет своему собеседнику, что было им упущено или растолковано ошибочно.

Задание 3. Работа в группах

Выразите свою точку зрения. Аргументируйте свой ответ.

Согласны ли вы с мнением, что

1-я группа Объемы производства текстильной продукции РК ежегодно снижаются. Спад наблюдается по продуктам, на долю которых приходится более 80% объема промышленного производства, в т.ч. по хлопковому волокну, пряже и тканям. Объем неиспользованных производственных мощностей в стране составляет 70-80%.

2-я группа Маркетинг в основном осуществляется компаниями производящими текстильную продукцию. Однако, на данный момент, маркетинг осуществляется не всеми компаниями. К тому же, большинство компаний не имеют четкой стратегии развития, как на внутреннем, так и на внешних рынках. Персонал, осуществляющий маркетинг не учитывает изменения на мировом рынке текстиля. Технологии, используемые предприятиями, являются устаревшими. Отсутствуют торговые отношения с ведущими трейдерами и логистическими цепочками.

Развитию научно-профессиональной компетенции обучающихся, развитию профессионально ориентированной речи будущих специалистов, использованию знаний по профильным дисциплинам способствуют также создание различных ситуаций и их разрешение.

Например, для студентов специальности научная химия могут быть предложены задачи типа:

- Представьте, что у вас в руках волшебная палочка и вы превращаете:

а) камень в песок;

б) кислород в озон;

в) лед в пар

В каком случае вы проводите химические превращения?

Для студентов технического профиля целесообразно предложить следующие кейс-ситуации:

Ситуация 1.

Работа со сплавами магния иногда причиняет немало хлопот – магний легко окисляется. Расплавленный металл может загореться от соприкосновения с воздухом.

Предложите свое разрешение данной ситуации.

Ситуация 2.

Распыленные в воздухе мельчайшие частицы магния создают взрывоопасную смесь при шлифовке или полировке магниевых изделий над станком. При работе со стружкой или тонкой лентой из магния нужно действительно обращаться очень осторожно

Предложите свое разрешение данной ситуации.

Ситуация 3.

Обычные радиолампы начинают нормально работать лишь после того, как их сетки нагреются до 800°C. Каждый раз, когда вы включаете радиоприемник или телевизор, приходится некоторое время ждать, прежде чем польются звуки музыки или замерцает голубой экран.

Что вы можете предложить, чтобы устранить этот недостаток радиолампы. Выразите свою точку зрения. Аргументируйте свой ответ.

При погружении в воду кусочка натрия происходит взрыв. Как вы думаете, раньше или позже произошел бы взрыв, если использовать вместо кусочка натрия точно такой же кусочек цезия? Ответ аргументируйте.

Ситуация 4.

Несколько лет назад ученые Миннесотского университета в США избрали объектом научного исследования яичную скорлупу. Им удалось установить, что скорлупа тем прочнее, чем больше она содержит магния.

Что вы можете предложить, чтобы повысить прочность скорлупы. О том, сколь важен этот вывод для сельского хозяйства, можно судить хотя бы по таким цифрам: только в штате Миннесота ежегодные потери из-за боя яиц превышают миллион долларов.

Ситуация 5.

Опыты, проведенные венгерскими учеными на животных, показали, что недостаток магния в организме повышает предрасположенность к инфарктам. Одним собакам давали пищу, богатую солями этого элемента, другим – бедную.

Как вы думаете, что произошло с собаками, в рационе которых было мало магния?

Ситуация 6.

Выразите свою точку зрения:

При желании магний можно добывать даже из... простого булыжника: ведь в каждом килограмме камня, используемого для мощения дорог, содержится примерно 20 г магния.

Почему, по-вашему, в таком процессе пока нет необходимости?

В процессе выполнения данных нетрадиционных форм работ будущие специалисты технического профиля усваивают общенаучные и узкоспециальные термины, овладевают терминологическим минимумом по специальности, у них формируются навыки и умения оперировать сложной специальной терминологией, что способствует развитию интеллектуальных умений, гибкости интегративного мышления, отражающих степень профессиональной подготовки специалиста.

Выводы

Таким образом, сущность профессионально-ориентированного обучения русскому языку выражается в его интеграции со специальными дисциплинами с целью формирования базовых знаний обучающихся с учетом специфики специальности. Коммуникативные потребности студентов в будущей профессиональной сфере деятельности реализуются через усвоение профессионально значимой информации в процессе чтения текстов по специальности.

Считаем, что предложенные нетрадиционные формы и методы обучения в процессе реализации принципа взаимосвязанного (интегративного) обучения способствуют развитию научно-профессиональной речи, интегративно-профессионального мышления, формированию профессиональной компетентности будущего специалиста.

Список литературы:

1. Гузарова Н.И., Кашкан Г.В., Шахова Н.Б. Предмагистерская подготовка иностранных граждан // Высшее образование в России. 2013. № 2. С.84 - 89 ISSN: 0869-3617eISSN: 2072-0459
2. Колесов, В. В. Культура речи - культура поведения / В.В.Колесов. Л., 1988. 271 с.
3. Солянкин Л.Е. Модель развития профессиональной компетентности в практико-ориентированной образовательной среде/ Л.Е. Солянкина// Известия ВГПУ.2011.№1.
3. Зиннурова, Ф.М. Формирование профессионально-языковой компетентности студентов ССУЗ в полиэтничном регионе: автореф. дис. канд. пед. наук / Ф.М. Зиннурова. Йошкар-Ола, 2006. 25 с.
4. Соболева А. В. Использование мультимедийных технологий в обучении иностранным языкам // Педагогика: традиции и инновации: материалы IV Междунар. научн. конф. (г. Челябинск, декабрь 2013 г.), 2013. С. 119-123.

Түйін: Бұл мақала болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы интегративті оқытудың рөліне арналған. Студенттердің болашақ кәсіби саласындағы интеграциялық-кәсіби ойлауын, коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға

бағытталған дәстүрлі емес жұмыс түрлері ұсынылады. Мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы пәндер негіздері бойынша қазақ аудиториясында кәсіби орыс тілін оқып үйрену студенттерге - болашақ техникалық мамандарға ақыр соңында екінші тілде тереңірек және сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Бұл фактор көптілді тұлғаны «Рухани жағыру» бағдарламасы шеңберінде елдің интеллектуалды әлеуетін дамытудың маңызды факторларының бірі ретінде қалыптастыруға толық сәйкес келеді. Ұсынылған іздеу тапсырмалары, жағдайлық жағдайларды шешу, топтық жұмыс формалары, проблемалық ситуацияларды құру, әр түрлі күрделіліктегі практикалық мәселелерді шешу, кәсіби бағыттағы «Фишбоун», «Инсерт» стратегиясы инновациялық формалар мен әдістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді болашақ маманның қажетті кәсіби дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын оқыту.

Кілт сөздер: Кәсіби құзыреттілік, сөйлеу, интегративті оқыту, дәстүрлі емес әдістер, мамандық, тіл, қызмет.

Abstract: This article is devoted to the role of integrative learning in the formation of the professional competence of a future specialist. Non-traditional forms of work are proposed, aimed at the formation and development of integrative-professional thinking. The study of the professional Russian language on the basis of special disciplines allows students - future technical specialists to ultimately receive a deeper and higher quality education in a second language. This factor fully corresponds to the formation of a multilingual personality as one of the essential factors in the development of the country's intellectual potential within the framework of the Rukhani Zhagyru program. The proposed search tasks, solution of case situations, group forms of work, the creation of problem situations, the strategy "Fishbone," Insert "allow implementing innovative teaching methods that can ensure the formation of the necessary professional skills and abilities of a future specialist.

Keywords: professional competence, speech, integrative learning, non-traditional methods, specialty, language, activity.

ӘОЖ 373.1.2:372.8

¹Донбаева А.Б., ¹Исабаева Г.Н. ²Уабенда Михал

¹филолог.ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²PHD доктор, Европейский университет им. Ю.Тигнера.Краков. Польша

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ТІЛДЕГІ ПРАГМАТИЗМ:

СЕНДІРУ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Түйін: Рухани жаңғыру, яғни кез келген қоғамның, ұлт болмысының мәдени дамуы мемлекеттің рухани өміріндегі қоғамдық сана түрлерінің заман талабына сай жетілуі арқылы көрінеді. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарда елбасы Н.Ә.Назарбаевтың нарықтық экономикалық қатынастарды орнату мақсатында ел экономикасына шетелдік инвесторларды тарту ісін негізгі басымдық ретінде белгілегені аян. Қазіргі таңда Қазақстан экономикалық секторын шетелдік ірі кәсіпорындармен іскерлік қатынаста болуы – осы тарихи бетбұрыстардың нәтижесі. Бұл сайып келгенде, қоғамның барлық салаларына, соның ішінде тіл біліміне де белгілі бір жаңалық, өзгерістер әкеліп, жаңа міндеттерді межелегендей. Соның бірі – зерттеу нысаны болып отырған іскерлік сөйлеу тілі болып табылады. Іскерлік сөйлеу тілінің табиғаты күрделі құрылым болғандықтан оны бір ғана тілдік шеңберде жан-жақты зерттеу мүмкін емес. Сондықтан оның тілдік және экстралингвистикалық факторлары прагмалингвистикалық ізденісті талап етеді.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, прагматизм, тіл, сендіру категориясы, прагматикалық қызмет, мән, когнитивтік қызмет

Кіріспе. Қазіргі таңда лингвистика саласында тілдің ықпал етуін зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның себебі көпшілік ақпарат құралдарының және байланыс қатынастарының шығуы және дамуы (пресса, радио, теледидар, интернет); адам санасына әсер ететін үгіт-насихат құралдары және жарнамалардың тез қарқында өсуі; адамдардың қоғамда көзқарасын туғызу үшін идеологиялық күрестің үдере түсуі; қоғам мәдениеттіліктің тіл арқылы

қалыптасуы; білім арудың кеңеюі.

Адамдар тілдің көмегімен тек қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, тыңдаушыны қандай-да бір іс-әрекет жасауға итеретін тілдік құралдарды пайдалана отырып өзінің көздеген мақсатына жетуге тырысады. Сондықтанда тілдің прагматикалық аспектісін зерттеу ықпал етуші тіл бірліктерін тілдің әр түрлі деңгейде анықталуын қажет етеді. С.Л.Рубенштейн: «Тіл – сөйлеу, қарым-қатынас қызметін атқара тұра, ықпал етуші қызметті де атқарады. Адам тіл арқылы тыңдаушының санасына, сезіміне ықпал етеді» деп жазады [2].

Прагматика саласының негізін қалаушылардың бірі Ч.Моррис тілдің таңбалық сипатын зерттей келе, семиотиканы семантика, синтактика және прагматика салаларына бөліп, семантика таңбалардың объективті шындығын сипаттайтынын, синтактика таңбалардың құрылымдық сипатын көрсететінін, ал прагматика таңбалар мен оларды қолданушылардың арасындағы байланысын зерттеумен айналысатынын анықтап берді [3].

Теориялық бөлім. Тілдің прагматикалық қызметін зерттеген Ч.Моррис, Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс және ресейлік В.В.Виноградов, Ю.С.Степанов, Г.В.Колшанский, А.А.Леонтьев, Е.Ф.Тарасов, Л.А.Киселева, Н.Д.Арутюновалардың ғылыми тұжырымдарының тіл білімі саласында алатын үлесі зор.

Қазақ тіл білімінде тілдің прагматикалық қызметінің жекелеген мәселелері, атап айтқанда, көркем әдеби жанрында, баспасөз тілінде прагматикалық қызметін атқарудағы тілдік құралдар талданған. Осы мәселеге қатысты бірқатар ғалымдардың Р.Сыздық, Б.Шалабай, О.Бүркітов, Ф.Жақсыбаева, Ғ.Солтанбековалардың құнды еңбектері бар.

О.Бүркітов: «Көпшілік ақпарат, газет-журналдар беттеріндегі сөздер әлеуметтік-бағалылық сипатта келіп, прагматикалық қызметті атқарады» [4] деп жазса, Ф.Жақсыбаева: «Әсер ету, үгіттеу, сендіру – газеттік-публицистикалық стильдің ең басты міндеті» деп көрсетеді [5].

Прагматика саласында көптеген еңбектер жазған Г.В.Колшанский тілдің коммуникативтік аспектісін қарым-қатынас кезінде коммуниканттардың бір-біріне ықпал жасайтын прагматикасы деп көрсетеді. Оның пікірінше, прагматиканың қызметі ең ақырғы мақсатқа жету үшін адамның мінез-құлқына ықпал ету. Г.В.Колшанский прагматиканың мән-мағынасы өз алдына белгіленген күрделі категорияны білдіреді және бұл категория адамның мінез-құлқына әсер етіп, субъективті баға арқылы объективті шындықты көрсетеді деп пікірін қорытады [6].

Ал Л.А.Киселева тіл қарым-қатынас кезінде негізгі екі мақсатта қолданылады деп тұжырымдайды: (а) хабарлама, ақпарат береді және (б) адам психикасына және іс-қимылына ықпал етеді. Оның пікірінше, ықпал ету *сендіру*, *иландыру*, *бұйрық беру* секілді әр түрлі сипатта келеді [7].

Әйтсе де, тілдің прагматикалық қызметі тек ықпал етумен ғана шектелмей, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында байланыс орнатуға, сол қарым-қатынастың нәтижесінде көздеген мақсатын жүзеге асыратынын айту қажет. Яғни сендіру коммуниканттардың когнитивтік аспектілерін, атап айтқанда, коммуниканттардың қарым-қатынас барысында өзара байланысын, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, сөйлеу стратегиясын, сөйлеушінің ниетін т.б. қамтиды.

Прагматика саласында көптеген зерттеулер жүргізген П.Грайс прагматиканың қызметін зерттей отырып, зерттеу нысанына сөздің айтылуын жатқызады, және оны *прагматикалық мән* деп атайды. Бұл мәнді ол «сөйлеушінің мәні» деп те атауды ұсынып, оны сөйлеушінің тыңдаушыға ықпал ету ниеті деп түсіндіреді. Бұл мән бойынша сөйлеуші тыңдаушыға ниетін білдіріп қана қоймай, оны тыңдаушыларға мойындатуға әсер етеді. Ол сөзін қорыта келе, қарым-қатынас кезінде сөйлеуші сөйлеу әрекетін белгілі бір мақсатпен, ниетпен айтады деп тұжырымдайды [8].

Н.Д.Арутюнова да бұл пікірге қосыла отырып, сөйлеу жағдаяты, сөйлеушінің байланысын көрсететін субъективтілік ұғымын, яғни прагматикалық мәнді енгізетінін айтады [9].

Карл Бюлердің психологиялық тұжырымы бойынша тілдің қызметі үш топқа бөлінеді: *сөздер арқылы ойын білдіру*; *ынталандыру*; *адамның сезімін, ішкі эмоциясын білдіру* [10].

К.Бюлердің бұл жіктемесін әрі қарай Р.Якобсон зерттеп, толықтырды. Ол «код» және «қарым-қатынас орналастыру» ұғымдарын енгізді. Оның пікірінше, «код» тілдің жүзеге асуына үлес қосатын семиотикалық жүйе болып есептеледі, ал «қарым-қатынас орналастыру» сөйлеу барысында сөйлеуші мен тыңдаушы арасында қарым-қатынас жасаудың негізгі элементі болып саналады [11].

Р.Якобсон тілдің қарым-қатынас барысында тыңдаушыға берілетін ықпалын зерттей келе, оны төмендегі топтамаларға жіктеді:

- тілдің эмотивті қызметі;
- тілдің сөйлеуші мен адресат арасында қарым-қатынас орнатуға көзделген қызметі;
- тілдің риторикалық қызметі;
- тілдің металингвистік қызметі;
- тілдің когнитивтік қызметі;
- тілдің эстетикалық қызметі.

Осы берілген топтамадағы тілдің алуан түрлі қызметі сендіру категориясымен ұштасып жатыр. Енді осы топтамаға толығырақ сипаттама берелік.

Тілдің эмотивті қызметі алуан түрлі стильдік тәсілдердің көмегімен сөйлеушінің ішкі сезімін, қоршаған ортаға, адамдарға деген қарым-қатынасын және эмоциясын білдіреді. *Тілдің сөйлеуші мен адресат арасында қарым-қатынас орнатуға көзделген қызметі* амандасу, қоштасу немесе бірігіп уақыт өткізу секілді сөйлеу актілерінің қолданысымен сипатталады. Тілдің бұл қызметі тілдің контекстіне негізделмей керісінше бағалауыш сөздер арқылы тыңдаушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуды көздейді. *Тілдің риторикалық қызметінің* ең басты мақсаты адресатқа ықпал ету ерекшелігімен сипатталады. Ықпал ету әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдардың қолданысымен жүзеге асады. *Тілдің металингвистік қызметі* тілді қалай әрі неге қолдану керек деген сауалдарға жауап береді. Сөзталас, ойбөліс, пікірталас секілді сайыстарға қатысушылар бірін-бірі сынау немесе жеңу мақсатында тілдің осы қызметін басшылыққа алады. *Тілдің когнитивтік қызметі* адамның дүниетанымымен, танымдық процесімен, дүниенің тілдік көрінісімен және жалпы концептілерімен сипатталады. *Тілдің эстетикалық қызметі* мәтіннің дұрыс логикалық құрылымын, ақпаратты немесе хабарламаны көріктеп, әдемі айтуын және этикалық нормасын сақтауды қамтамасыз етеді. Тілдің осы қызметтерін сайып келгенде басты мақсаты – прагматикалық қызметпен сипатталатындығында.

Тіл мен сөйлеу тілінің прагматикалық аспектілерінің өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, соңғысы сөйлеу актісі теориясы шеңберінде қарастырылады. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас қалыптасады, қарым-қатынастың нәтижесінде адамдар бір-біріне ықпал етіп, әрекетке итереді. Ғалымдар тіл мен сөйлеу тілінің ара-қатынасын зерттеп, оларды ажыратып көрсетуге тырысты. Ф. де Соссюр тіл мен сөйлеу тіліне тән берілетін анықтаманы прагматикалық аспект мынадай қарама-қайшылықтармен сипаттайтынын жазады: тілге әлеуметтік сипат тән, ал сөйлеу тілі жеке адамның қолданысымен сипатталады; тіл қарым-қатынас құралы болса, сөйлеу қарым-қатынастың процесі болып табылады; тіл таңбалық жүйеден тұрса, сөйлеу тілі ақпарат береді [12].

Сөйлеу тілі оның ең төменгі бірлігі сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. Шетел және орыс тіл білімінде сөйлеу актісі теориясы кең ауқымда зерттелуде. Бұған қатысты мәселелер Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс, А.В. Вежбицка, Г.О.Почепцов, Ю.Д.Апресян және қазақстандық З.Ш.Ерназарова, И.Нұрғожина, З.Х.Ибдальдинова секілді ғалымдардың зерттеулерінде сөйлеу тіліне тән кейбір ерекшеліктер прагматикалық тұлғасынан қарастырылған.

Практикалық бөлім. Сөйлеу актісі теориясының негізін салушылардың бірі Дж.Остин сөйлеу актілерін перформатив етістіктерінің негізінде құрылған ықпал етуші күш тұлғасынан таныды. Перформатив етістіктерінің негізінде Дж.Остин сөйлеу актісінің бес түрін көрсетеді: 1.вердиктер; 2.экзерсивтер; 3.комиссивтер; 4.бехавитивтер; 5.экспозитивтер. Алайда, Дж.Остиннің өзі бұл жіктеменің аяқталмағанын, әлі де аяғына дейін ойластырмағанын мойындайды [13].

Дж.Остиннің бұл идеясын әрі қарай Дж.Серль дамытып, сөйлеу актісін үш деңгейлі акт ретінде қарастырады: иллокутивті (сөйлеудің мақсаты – illocutionary), локутивті (сөйлеу әрекеті – locutio) және перлокутивті (адресатқа ықпал етуші – perlocution). Оның пікірінше, иллокутивті акт сөйлеу актісінің маңызды бөлігі, өйткені сөйлеу актісі сөйлеушінің тыңдаушыға тілегін, мақсатын жеткізеді, яғни ол ықпал етуші күшке айналады және ықпал ету сөйлеуші мақсатымен тығыз байланыста келеді. Осылай дей келе ол Дж.Остиннің жоғарыда берілген жіктемесін сынап, өз жүйесін ұсынады. Бұл жүйеде «В качестве основания для классификации я предлагаю избрать иллокутивную цель и вытекающую отсюда условия искренности» дей келе, сөйлеу актісінің бес түрін атап өтеді [13].

Олар: 1.репрезентативтер; 2.директивтер; 3.комиссивтер; 4.экспрессивтер; 5.декларативтер. Бұл жіктемеде Дж.Серль ықпал етуші актілерінің арасындағы айырмашылықтарды көрсететін белгілер мен перформатив етістіктерін басшылыққа алады.

Г.О.Почепцов сөйлеу актісінің ықпал етуші күші мен сөйлеушінің мақсатын ескере отырып, сөйлеу актісінің бес түрін ұсынады: 1. констатив; 2. промиссив пен менасив; 3. перфоматив; 4.

директив; 5. квеситив [14].

Осы көрсетілген сөйлеу актілері негізінде *нақтылау, бұйыру, қарсылық білдіру, талап ету, өтіну, болжау, уәде беру, жауап беру* секілді әрекеттер жатыр. Кейбір ғалымдар, мысалы А.Вежбицка, Ю.Д.Апресян сөйлеу актісі түрін анықтауда перформатив етістіктерді басшылыққа ала отырып жіктейді. А.Вежбицканың пікірі бойынша, перформатив етістіктері сөйлеу актісінің түрін анықтайды. Ол сөйлеу актісінің бірнеше түрін атап, олардың арақатынасы мен айырмашылықтарын қарастырады [15]. Ал Ю.Д.Апресян перформативтердің негізінде сөйлеу актісінің 15 түрін анықтады: 1. нақтылау; 2. мойындау; 3. уәде беру; 4. өтініш; 5. кеңес беру немесе ұсыну; 6. өтіну немесе кеңес беру; 7. талап ету; 8. рұқсат беру немесе ұсыну; 9. келісу немесе қарсылық білдіру; 10. мақұлдау; 11. анықтау; 12. кешіру; 13. сөйлеу дәстүрлері; 14. бас тарту; 15. тағайындау және атау [16].

Жоғарыда шолу жасалған жіктемелер саны жағынан әркелкі болғанымен аса бір алшақтық немесе кереғар пікірлер байқалмайды. Сондықтан да оларды бірін-бірі толықтырады деп анықтауға әбден болады. Дж.Остин, Дж.Серль, З.Вендлер тұжырымдамалары бойынша сөйлеу актілерінің барлығы дерлік адресатқа бағытталмайды, олардың ішінде тек кейбіреулері ғана адресатқа тура бағытталуымен ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктерге императивтер, директивтер және сұрақтарды жатқызады. Сөйлеу актілерінің бұл түрлері адресатқа қандай-да бір іс-әрекетті жасауға ықпал етеді. Бұл ғалымдар мәтіннің семантикалық құрылымын зерттеп, ықпал ету мүмкіншілігі сөйлеу актілерінің мына түрлерімен жүзеге асатынын анықтап берді: арнау; аппелятивті; қарым-қатынас орнату; қарым-қатынасты реттеуші [13].

Сөйлеудің аппелятивті түрі бұйрықты, шартты сөйлемдердің қолданысымен беріледі. Қарым-қатынас орнату, атап айтқанда, амандасу, қоштасу, бірігіп уақыт өткізу сияқты сөйлеу дәстүрі арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынастың реттеуші қызметі сөйлемдердің бір-бірімен логикалық байланыста болуымен, жүйелілігімен ерекшеленеді. Бұл көзқарастарды сайып келгенде сөйлеу актілері жоғарыда көрсетілген тілдің қызметінен туындайды деп тұжырымдауға болады.

Сендіру сөйлеу актілері арқылы адресант пен адресаттың арасындағы қарым-қатынасты, адресанттың көздеген ниетін, мақсатын айқындаумен ерекшеленеді. О.Я.Гойхман мен Т.М.Надеинаның пікіріне сүйенсек, былай деп көрсетеді: «При речевом воздействии на различные социальные группы населения следует также выбирать соответствующие речевые тактики, имея в виду при этом, что ни одна из тех или иных тактик не являются универсальной и эффективной на все случаи жизни» [17].

Сендіру *тура* немесе *жанама* сөйлеу актілері түрлерімен де беріледі. Ойды астарлап, тұспалдап жеткізу жиі кездесетін сөйлем түрі *импликатура* арқылы жүзеге асады. ИмPLICITTI сөйлем сыпайылық ережесімен де байланысты. Жанама сөйлеу актілері тыңдаушыны қиын, ыңғайсыз жағдайда қалдырмайды, керісінше өтініш немесе ұсыныс білдіру арқылы іс-әрекетке итереді. Өтінішті орындау немесе орындамау, ұсынысты қабылдау немесе қабылдамау адресаттың факторына (жас шамасы, білім деңгейі, әлеуметтік ортасы т.б.), психикалық жағдайына (ерік-жігері, мінез-құлқы, көңіл-күйі) байланысты. Бұл жерде ырғақ, интонация секілді фонетикалық құбылыстар маңызды қызмет атқарады. Мысалы, *Сен өтінішімді тездетші. Оны көре жатармыз. Байқап көрелік.* Ағылшын тілінде жанама сөйлеу сұрақ ретінде жеткізілетіндігі байқалады: *Why don't you try to have this new device for your PC?* Мұндай сұрақтарды екі түрлі мағынада түсінуге болады, бір жағынан өзінің тура мағынасында, екінші жағынан өтініш ретінде. Сөйлеуші сұрақ қою арқылы өтініш білдіріп, тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итереді. Мұнымен қоса, сұрақтар «жауап талап етпейтін» тыңдаушыларға ұсыныс ретінде немесе ой-бөлісуге, шешім қабылдауға ықпал жасауы мүмкін: *Жұмыс ойдағыдай болады, егер сен келе алсаң?, Will every prospect learn of our products and their value?* Дж.Серльдің пікірінше: «проблема косвенных речевых актов заключается в выяснении того, каким образом говорящий может с помощью некоторого высказывания выразить не только, что оно непосредственно означает, но и нечто иное» [13].

Қорытынды. Коммуниканттардың қарым-қатынасын кешенді түрде зерттеп, оның сәтті жүзеге асуы П.Грайстың ұсынған «ынтымақтастық қағидасына» байланысты. Оның тұжырымы бойынша комунниканттардың ынтымақтастығы мына ұсыныстарды орындағанда жүзеге асады: белгілі хабарды айту; тек қана шындықты айту; тақырыптан ауытқымау; анық сөйлеу; сыпайы болу [8]. Ғалымдар тілдің ықпал етуін екі мағынада ұсынады: кең және тар көлемде [18]. Тілдің ықпал етуінің кең мағынада қолданылуы белгілі бір мақсатты көздеген, коммуниканттардың бірі ықпал етуші субъект, ал екіншісі ықпалға көнуші объект болып табылатын кез келген сөйлеу

қатынасынан көрінеді. Тілдің ықпал ету барысында субъект объектінің іс-қимылын реттейді, сөз арқылы оған бір нәрсені бастауға, өзгертуге, аяқтауға немесе іс-қимылды жасатуға ықпал жасайды. Тілдің ықпал етуінің тар мағынадағы қолданысы адамның санасына ықпал ететін ақпарат құралынан немесе үгіт-насихат тарататын тілдік қарым-қатынастан көрінеді.

Л.Т.Лузина тілдің ықпал ету қызметін зерттеп, тілдің ықпал етуі тек сөзді қолданумен ғана байланыста болмай, сонымен бірге, тілдің қарым-қатынас кезінде прагматикалық аспектісімен де байланыста болады екен деп ойын білдіреді [19]. Бұл берілген пікірден тілдің ықпал етуі субъектінің қарым-қатынасты ұйымдастыру, іс-қимылды ынталандыру белсенділігі және оның объектіге ықпал ету процесі деп түсінуге болады. Ал сөйлеушінің тыңдаушымен қарым-қатынасты орнатуы, ең алдымен, психологиялық жағдайларды ескерумен сипатталады.

Әдебиеттер тізімі:

Интернет-ресурс:

1 Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Астана, 12 сәуір, 2017 ж.
<https://www.akorda.kz/ru>

Кітап (монография, жинақ):

- 2 Рубенштейн С.Л. Проблемы общей психологии. М.: Изд-во «Наука», 1976.- 416 с.
- 3 Semiotics and pragmatics: An evaluative comparison of conceptual frameworks. Philadelphia: John Benjamin Publishing Company, 2001.138 p.
- 4 Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. Дисс. канд. пед. наук. Алматы, 1996.
- 5 Жақсыбаева Ф.З. Қазіргі қазақ газет тіліндегі бағалауыш сөздер // Қазіргі әдеби қазақ тілі: бүгінгі мен болашағы.- Алматы, 1998. 92 б.
- 6 Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. М.: Изд-во «Высшая школа», 1984. 178 с.
- 7 Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. Л.: Изд-во ЛГУ, 1978. 160 с.
- 8 Grice H.P. Utterer's meaning and intentions // The Philosophical review, 2002. V.78 (2). P.48-59.
- 9 Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Изв. АН СССР. Сер. лит-ры и языка. 1981. Т.40. №4. С. 356-367.
- 10 Звегинцева В.А. Бюлер К. Теория языка// История языкознания в 19-20 вв в очерках и извлечениях в 2 ч. М.: 1965. Ч.2. С.22-37.
- 11 Jacobson R. Linguistics and Poetics // Style in Language. Massachusetts: Cambridge University Press, 1999. 350 p.
- 12 Фердинанд де Соссюр. Труды по языкознанию. М., 1977. 695 с.
- 13 Новое в зарубежной лингвистике. Т. 17. М.: Изд-во «Прогресс», 1986. 500 с.
- 14 Почепцов О.Г. Коммуникативные аспекты семантики. Киев, 1987. 210 с.
- 15 Вежбицка А. Речевые акты//Новое в зарубежной лингвистике. Т.16. М.: Изд-во «Прогресс», 1985. 500 с.
- 16 Апресян Ю.Д. Перформативы в грамматике и словаре // Известия АН СССР. Т.45. №3.
- 17 Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Основы речевой коммуникации.- М.: Изд-во «Инфра», 1997. 272 с.
- 18 Оптимизация речевого воздействия/ Под.ред. Н.А.Безменова, В.П.Белянина, Н.Н.Богомолова и др. М.: Изд-во «Наука», 1990. 235 с.
- 19 Лузина Л.П. Язык как средство идеологического воздействия: лингвопрагматический аспект. М., 1983.217 с.

Аннотация: Духовное возрождение, т.е. культурное развитие любого общества, национального самосознания, выражается в современном совершенствовании форм общественного сознания в духовной жизни государства. В первые годы независимости нашей страны Елбасы Н.А.Назарбаев определил основным приоритетом привлечение иностранных инвесторов в экономику страны с целью установления рыночных экономических отношений. В настоящее время деловые отношения казахстанского экономического сектора с крупнейшими зарубежными предприятиями – результат этих исторических переломов. Это, в конечном счете, приносит определенные открытия, Изменения и ставит новые задачи во все сферы общества, в том числе и в лингвистику. Одним из них является деловая речь, которая является объектом

исследования. Поскольку природа деловой речи представляет собой сложную структуру, ее невозможно всесторонне изучить только в одном языковом круге. Поэтому его языковые и экстралингвистические факторы требуют прагма лингвистического исследование.

Ключевые слова: духовная модернизация, прагматизм, язык, категория убеждения, прагматическая деятельность, сущность, когнитивная деятельность

Abstract: Spiritual revival, i.e. the cultural development of any society, national identity, is expressed in the modern improvement of the forms of social consciousness in the spiritual life of the state. In the first years of independence of our country, Elbasy N.A.Nazarbayev identified the main priority of attracting foreign investors to the country's economy in order to establish market economic relations. Currently, the business relations of the Kazakh economic sector with the largest foreign enterprises are the result of these historical changes. This ultimately brings certain discoveries, changes, and challenges to all areas of society, including linguistics. One of them is business speech, which is the object of research. Since the nature of business speech is a complex structure, it is impossible to study it comprehensively in just one language circle. Therefore, its linguistic and extralinguistic factors require a pragmatic study.

Keywords: spiritual modernization, pragmatism, language, category of belief, pragmatic activity, essence, cognitive activity.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
CREATIVE DIRECTION**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН (КӘСІПТІК БІЛІМ)
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН
(ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ).
VISUAL ARTS AND DESIGN (VOCATIONAL TRAINING)**

ӘОЖ 37.035.6

¹Ботабаева Ә.Е., ²Бектурсунова А.К., ²Ботабаев Н.Е.

¹ педагогика.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²аға оқытушы, докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

² PhD докторы, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ МЕКТЕП КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕПТЕРГЕ ЕНДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Аннотация: В статье рассказывается о важности духовного возрождения на основе национального воспитания. В этой работе большое значение придается программе «Рухани жаңғыру». В статье подчеркивается о важности введения образцов национальной школьной формы в общеобразовательные школы. Одно из содержательных национальных инструментов, развивающих эстетическое воспитание молодежи является казахская национальная одежда. Уважение к казахской национальной одежде, передача его последующему поколению является показателем зрелости народа, успешного развития его жизни. Национальная одежда занимает особое место в культурно-исторической жизни народа. Потому что, казахская национальная одежда – бесценное сокровище, передающаяся от поколения к поколению, веками формировала эстетический вкус, вобравшая в себя передовые достижения созидания и художественному творчеству, нацеливала к единству гармонии, красоты. При проектировании образцов национальной школьной формы в национальном стиле необходимо учитывать следующие требования и качество. К ним относятся: полезность-утилитарность (эффективность; гигиеничность; экономичность; технологичность; конструктивность); национальный стиль (форма одежды; орнаменты на одежде); эстетичность (визуальность; гармоничность); региональные особенности (толщина ткани); связь с политикой (цвет одежды); направление моды.

Ключевые слова: национальное воспитание, модернизация общественного сознания, национальная школьная форма, общеобразовательные школы, ученик, казахская национальная одежда, политическая самобытность, эстетическая самобытность, региональная самобытность, направление моды.

Кіріспе. Қазіргі кезде қазақ халқы үшін ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың маңызы өте зор. Себебі, жаһандану заманында көп ұлт өкілдері өз тарихына, салт-дәстүріне, туған тіліне, құндылықтарына т.б. аса мән бермейді. Тіптен, жер бетінде бірнеше тілдердің қолданысы кеміп, ұмыт болды. Тарихтан белгілі, тілін жоғалтқан ұлттың өзінде бірте-бірте жоғалатындығы. Осындай жаһандану кезеңінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, қазіргі көкейтесті. Бағдарламада қазақ халқының рухани тұрғыдан дамуының мақсаты мен міндеттерін және жоспары көрсетілген және өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу жөнінде нақты мәселелерді көтереді. Қазіргі таңда мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасына айналды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде кезеңдерге бөлініп жүзеге асырылуда.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы стратегиялық және ұзақ мерзімді сипатқа ие мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы негізгі идеологиялық құжат болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының миссиясы: болашаққа ұмтылған бір ұлттың қалыптасуына бағытталған қоғамдық сананы жаңғырту.

Мәңгілік ел ретінде дамуымыз үшін, елімізге ұлттық құндылықтарды игерген адамдар көп болуы шарт [1].

Бұл бағдарламаны елімізде жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігінің «Рухани жаңғыру» Департаменті тікелей айналысады. Бағдарлама аясында ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, оны өсіп келе жатқан ұрпақтарға таныта отырып, бойына сіңіретін бірнеше құнды жобалар жүзеге асырылуда, олар: 100 жаңа оқулық; Туған жер; Қазақстанның рухани қасиетті орындары. Қазақстанның сакралдық географиясы; Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет; Қазақстанның 100 жаңа есімі; Латын әліпбиіне көшу; Ауыл – Ел бесігі; т.б.

Теориялық талдау. «Рухани жаңғыру» аясында қазіргі таңда, ұлттық нақыштағы мектеп киім үлгілерін жалпы білім беретін орта мектептерге ендіру маңызды. Себебі, бүгінгі мектеп түлектері – жастарымыз қазақ мемлекетінің ертеңгі бет-бейнесі. Олар халқын әлемге таныту үшін әуелі өздерінің бойында ұлттық сана, эстетикалық тәрбие және өзінің қазақ болып туғанын бақыт санау сезімі қалыптасуы қажет. Оқушының бойына ұлттық сана мен эстетикалық талғамды қалыптастыруға ұлттық киімдердің қосатын үлесі өлшеусіз. Ұлттық киім әр ұлттың сипаты, қадыр-қасиеті, сый-құрметі деп білеміз. Өзін сыйлағанды өзге де сыйлайды. Ал балалардың нағыз ұлттық психологиясы, санасы қалыптасатын кез – мектеп жасы. Осы кезде оқушылардың ең көп киетін үлгісі – мектеп киімі. Ол үшін мектеп киім үлгілері ұлттық, эстетикалық және саяси ерекшеліктерді ескере отырып дайындалуы қажет. Ұлттық ерекшелік ол адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық құрамының жоғары түрі [2. 34 б.].

Ұлттық ерекшелік негізінде дайындалатын мектеп киім үлгілері оқушыларға ұнауы әбден мүмкін. Ұлттық ерекшелік мұнда мектеп киім үлгілерінің кейбір элементтері мен бөлшектерін ұлттық киім пішініне келтіріп, ою-өрнекті орынды, әсемдеп қолдана білу қажет, сонда ғана ол оқушыға ұнамды болады. Ал саяси ерекшелік деп мемлекетіміздің рәмізіндегі туымыз алынған, мұнда оқушылардың мектеп киім үлгілерінің түсі, ою-өрнек түсі алынып отыр. Республикамыздың азаматтарын рухани бай, адамгершілігі мол, мәдениетті, эстетикалық талғамы бар етіп тәрбиелеуде мемлекеттік рәміздеріміз бен дәстүр, салт-жоралардың мәні зор [3. 152-156 б.].

Қазіргі егеменді еліміздің туының түсі көк, ондағы қыран мен күн бейнесі сары түспен боялған, яғни мектеп киім үлгісі көк, ондағы ою-өрнек сары түсті болмақ.

Жоғарыда айтылып өткен ерекшеліктерден басқа сән бағытын да ескергеніміз жөн. Себебі, сән бағытымен киінуге әуестік осы бала кезден басталмайды ма? Балалардың да киімге қоятын өздерінше талаптары бар. Заман талабына байланысты сән бағытыда бір қалыпта тұрмай үнемі өзгеріп, жаңаланып отырады.

Адамның сән бойынша талғаммен киінгісі келуі – табиғи нәрсе. Сән тұрақтылықты емес, өзгеріп тұруды білдіреді. Негізінде ол жақсы мен жаңаны өнерпаздықпен ізденуден туады. Оның болу себебі мен қажеттілігі осыдан шығады. Соның арқасында қазіргі киімдер қарапайым да ықшам, бірақ жарасымдылық мәдениеті жағынан күрделене түсті, адам тұлғасын жақсырақ көрсетуге бағытталған киім үлгілерінің түрі көбейді. Бұл өзгерістерде ойға қонымдылық, сұлулық талаптары және ұлттық дәстүр ескерілсе, олардың жақсы талғамға бастайтыны анық. Ал сәттілерінің осы заманғы талғамға сай ұлттық киім үлгілері болып қана қоймай, өмірі өте ұзақ үлгілер болып қалуы да ғажап емес. Адам сәнге ілесіп, сол бойынша киінбесе де, кейіп-кепсеріне, тұлға-тұрпатына қонымды, өзіндік келбетін, түрін ашатындай киімдер кигені жөн. Адамның сұлулық сезімінің жетілгендігі талғам мен талғамсыздықтың ара жігін ажырата алуында.

Сән ұғымы тек қана жаңа киім үлгілерімен шектелмейді. Ол өнер стильдері мен көркем әдебиет, сазгерлік туындыларына, сахналарға, кітап-журнал беттеріне дейінгі талай нәрсеге қатысты. Сәннің адамның ішкі және сыртқы сұлулығына бірдей қатысы бар. Талғаммен пайдаланылған сән адамның сұлулығын асырып, кемшілігін жасырады. Шынайы әсемдікке талпыныс сұлулық сезімін жетілдіреді. Әдемі киім кию де имандылық. Олай болса, киім ұлттық нақышта, әрі сәнді болуы керек. Бірақ шама-шарқына қарамай, сән қуу – әулекілік, ал киетін кезін, орнын білмеу – парықсыздық болмақ. Бұл тұрғыдан келгенде, мұғалімдер сән жөнінен ұстамды болғаны жөн де, оқушылар сән қумай, білім қуғаны дұрыс, сонымен бірге бір сыныпта бірге оқитын құрбылар мен ата-аналарының (кейбіреуінің отбасы түгел емес қой) материалдық мүмкіндіктерінің әр түрлі екенін ескермей болмайды. Бұл айырмашылықтың (өте әсем және өте жұпыны киім) шәкірттердің көңіліне жайсыз әсер етуі ықтимал. Киім сәнінің өзі үш жағдайға байланысты қалыптасады:

1. Еліктеуге байланысты.
2. Қоршаған ортаға байланысты.
3. Заман ағымына байланысты.

Дегенмен әр халықтың өз дәстүрін, киім киісін, ұлттық қасиеттерін сақтай отырып киінуі сол ұлтты биіктен көрсететін ардақты қасиет. Сондықтанда мектеп киім үлгілерін жобалағанда, әсіресе, ұлттық ерекшеліктерге мән берілу керек.

Сән бағытымен қатар, аймақтық ерекшеліктер де ескерілген жөн. Оқушылардың мектеп киім үлгілерінің маталары аймаққа, яғни ауа-райына байланысты өзгеріп отырылуы қажет.


Оқушылардың мектеп киім үлгілеріне жоғарыдағы талаптармен қоса, келесі сапалар да ескерілуі керек. Әрбір архитектуралық өнер эстетикалық (көркемдік) және утилитарлы-пайдалылық қызметтер атқарады. Демек, мұнда мектеп киім үлгісінің мазмұндылығы (аксиологиялығы) мен тектоникалығын (морфологиялығын) айқындайды.

Мектеп киім үлгілерінің мазмұндылығы (утилитарлық, эстетикалық сапаларының сай келуі) мен тектоникалығы (киім сызбасы мен пішінінің бірлігі) бір арнаға құйылуы – мектеп киім үлгісінің эстетикалық талғамға сай екендігін көрсетеді.

Қандай киім, костюм болса да оның сапасы әр түрлі болады, ол өзіне тән қағидалар мен қажеттілік қызметтерін сипаттайтын талаптар бойынша анықталады. Енді осы сапаларға қысқаша тоқталайық.

Оқушылардың мектеп киім үлгілерінің пайдалық-утилитарлық сапалары: тиімділігі (сенімділігі мен жарамдылығы), гигиеналығы (шағындылығы, ыңғайлылығы, маталардың ауа өткізгіштігі), үнемділігі (маталарды тиімді пайдалану мен сәйкестігі), технологиялығы (тігілуі), конструктивтілігі (маталардың дұрыс таңдалуы, конструкциялық өзара байланысы) қағидалары бойынша анықталады[4].

Оқушылардың мектеп киім үлгілерінің эстетикалық сапаларына: бейнелік (көркемдік мазмұнына сыртқы түрінің сай болуы), байланыстылығы (сыртқы түрінің сәйкестігі), ағымдылығы (маталар мен сыртқы түрінің өзара әсері) бойынша анықталады. Біз жоғарыда оқушылардың мектеп киім үлгілеріне қойылатын талаптар мен сапаларды анықтап, түсініктеме бердік (сурет 1).



Сурет 1. Оқушылардың ұлттық нақыштағы мектеп киім үлгілеріне қоятын талаптары мен сапалары

Мұғалім-тәрбиешілердің алдында – оқушыларға қоршаған ортаның көркемдігін, киім кию эстетикасын және адамдардың рухани сұлулығын терең түсіндіре білу, яғни олардың ішкі сезімін дамыта отырып, көркемдік талғамдарын дамыту міндеттері қойылады.

Нәтижелер мен талқылау. Осы тақырып аясында біз, 2013 жылы «Кіші жас санатындағы қыздарға арналған мектеп формасы» (авторлық куәлік № 12640)[5] және «Кіші жас санатындағы ұл балаларға арналған мектеп формасы» атты тақырыптарда екі авторлық құқық (авторлық куәлік

№ 12642) [6] алғанбыз. Бұл тақырып төңірегінде біз біраз жылдардан бері айналысып, магистрлік тақырыпта ғылыми жұмыстар мен мақалаларда жазылған. Осы магистрлік жұмыстар екі бағытта жазылды: педагогика бағытында (Ботабаева Ә.Е.) және технология бағытында (Ботабаев Н.Е.). Жұмыс нәтижесі бойынша оқушыларға мектеп форма үлгілері тәгіліп, авторлық куәліктер алдық.

Талғаммен киіну – білімділік белгісі болса, үйлесімсіз киіну – талғамсыздықты білдіреді. Жастарды мектеп кезінен эстетикалық талғаммен киінуге тәрбиелеу – ұстаздардың шәкірттерін, пәктікке тәрбиелеудің қайнар көзі. Киімнің ұлттық жанрын дамытып, бүгінгі күн талаптарымен балалардың мектеп киім үлгілерін дайындап, киіндірсек, адамгершілікке баулысақ, онда бүгінгіоқушының болашақ халық қалау өсетініне еш күмән жоқ.

Қорытынды. Қорыта келгенде, жас ұрпақтың көркемдік талғамдарын арттыруда, өмірге көзқарастары мен эстетикалық талғамын дамытып, ұлттық тәрбие беруде жақсы мінез-құлық, рухани-адамгершіліккалыптастыруда қазақ ұлттық киімдерінің қосатын үлесі айрықша.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысының Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. <http://www.akorda.kz>.

2 Ұлт. //ҚСЭ. Алматы, 1977. Т.11.349 б.

3 Ботабаева Ә.Е. Мектепке арнайы мектеп форма үлгілерін ендірудің эстетикалық және тәрбиелік мүмкіндіктері. //М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ аспиранттары, магистранттары мен дәрістенуші-зерттеушілердің ғылыми еңбектерінің жинағы. Шымкент, 2000. Б.152-156.

4 Ботабаева Ә.Е. Ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғыру: монография. Нұр-Сұлтан, 2021. 171 б.

5 Ботабаев Н.Е., Омарбекова М.Т., Бектурсынова А.К., Кіші жас санатындағы қыздарға арналған мектеп формасы. Авторлық куәлік № 12640. Астана, 2013.

6 Ботабаев Н.Е., Омарбекова М.Т., Ботабаева Ә.Е., Кіші жас санатындағы ұл балаларға арналған мектеп формасы. Авторлық куәлік № 12642. Астана, 2013.

Түйін: Мақалада ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың маңыздылығы туралы айтылады. Бұл жұмыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үлкен мән беріледі. Мақалада ұлттық мектеп формасының үлгілерін жалпы білім беретін мектептерге енгізудің маңыздылығы туралы айтылады. Жастардың эстетикалық тәрбиесін дамытатын ұлттық құралдардың бірі қазақ ұлттық киімі болып табылады. Қазақтың ұлттық киімін құрметтеу, оны кейінгі ұрпаққа беру халықтың кемелденуінің, өмірінің табысты дамуының көрсеткіші болып табылады. Ұлттық киім халықтың мәдени-тарихи өмірінде ерекше орын алады. Өйткені, қазақтың ұлттық киімі – ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан баға жетпес қазына, ғасырлар бойы эстетикалық талғамды қалыптастырып, жасампаздық пен көркем шығармашылықтың озық жетістіктерін бойына сіңіріп, үйлесімділік пен сұлулықтың бірлігіне бағыттады. Ұлттық стильдегі ұлттық мектеп формасының үлгілерін жобалау кезінде келесі талаптар мен сапаны ескеру қажет. Оларға мыналар жатады: пайдалылық-утилитарлық (тиімділік; гигиена; үнемділік; технологиялылық; конструктивтілік); ұлттық нақыш (киім үлгісі; киімдегі ою-өрнектер); эстетикалық ерекшелік (көрнекілік; үйлесімділік); аймақтық ерекшелік (матаның қалыңдығы); саяси ерекшелік (киімнің түсі); сән бағыты.

Кілттік сөздер: ұлттық тәрбие, рухани жаңғырту, ұлттық мектеп формасы, жалпы білім беретін мектептер, оқушы, қазақтың ұлттық киімі, саяси ерекшелік, эстетикалық ерекшелік, аймақтық ерекшелік, сән бағыты.

Abstract: The article describes the importance of spiritual revival based on national education. In this work, great importance is attached to the program «RukhaniZhangyru». One of the meaningful national tools that develop the aesthetic education of young people is the Kazakh national dress. Respect for the Kazakh national dress, its transfer to the next generation is an indicator of the maturity of the people, the successful development of their lives. National clothing occupies a special place in the cultural and historical life of the people. Because the Kazakh national dress is a priceless treasure, passed down from generation to generation, for centuries formed an aesthetic taste, absorbed the advanced achievements of creation and artistic creativity, aimed at the unity of harmony and beauty. The article emphasizes the importance of introducing samples of the national school uniform in general education schools. When designing samples of the national school uniform in the national style, the following requirements and quality must be taken into account. These include: utility-utilitarianism (efficiency;

hygiene; efficiency; manufacturability; constructiveness); national style (uniform; ornaments on clothes); aesthetics (visibility; harmony); regional features (fabric thickness); connection with politics (clothing color); fashion direction

Keywords: national education, modernization of public consciousness, national school uniform, general education schools, pupil, Kazakh national clothing, political identity, aesthetic identity, regional identity, fashion direction.

ӨОЖ: 378.14.015.62

Кунжигитова Г.Б., Бейсенбаев С.К.

аға оқытушы, М.Ауезов ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
педагогика ғ.д., академик, М.Ауезов ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА

Түйін: Мақалада М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультеті, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының профессорлық-оқытушылары туралы және бетке тұтар түлектері туралы сөз қозғалып отыр.

Қазіргі әлемдік пандемия жағдайында ЖОО оқу үдерісінің онлайн форматқа ауысуы, дәрістер мен практикалық сабақтарды цифрлық алаңдар арқылы өтілуі кезіндегі алғыр түлектері туралы мәлімет беріліп отыр.

«Кісінің бойында *үйрену* құмарлығын оятқан адам – ең жақсы мұғалім», - деп А.Фердинанд айтқандай біліммен сусындатқан, мамандыққа деген құмарлықты оятып рухани азықтандырған, *білім беру үрдісін «қалап» отырған* ұстаздар қауымы туралы сөз болмақ.

Оқу үрдісін ұйымдастыру – бұл білім алушыларды ортаға бейімдеу мен олардың өзара қарым-қатынас жасауына, оларды дамытуға бағытталған жұмыс және бұл жұмысты атқаратын оқытушы.

Кілт сөздер: оқытушы, білім беру үрдісі, пәні мұғалімдері, берілетін идеялар, стильдің әртүрлі әдістері.

Кіріспе. «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының тарихы жарты ғасыр бұрын 1969 жылдан бастау алады. Шымкент Педагогикалық институтында жалпы білім беретін орта мектептерге арнап «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімдерін дайындау колға алынғаннан бастап оны бір қатар көрнекті тұлғалар басқарды, олар: п.ғ.к., доцент Павловский А.Л.; п.ғ.д., профессор Ералин Қ.Е.; п.ғ.д., академик Бейсенбаев С.Қ.; п.ғ.д., профессор Танирбергенов М.; п.ғ.к. Ниязов А.К., п.ғ.к. М.Ж.Джакипбекова; п.ғ.к. Т.С.Буркитбаев; п.ғ.к. Жанбыршиев С.Н.; п.ғ.к. Қ.А.Жолдасбекова; ф.ғ.к., доцент Болысбаев Д.С.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың:

«Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға», - деген өлең жолдары кафедраның іргетасы қаланғаннан бастап білім беру үрдісін жүргізген профессорлық-оқытушылар құрамын атап өту орынды, олар: Скородин Ю.И., Почукаева З.В., Ломакин Ю.И., Халмуратов Ж.И., Тастемиров Қ.Т., Савостина Л.М., Загоденко Ю.И., Никонов Г.В., Тен В.Г., Бейсенов С., Жиенбаев Е., Чернявская Н.А., Көпжасарұлы Е., Халмуратова Ж.И., Тулева Ж.И., Туралиева А.И., Минигулова М., Сманов И., Ибрагимов У., Михайлиди Х.В., Жорабеков С., Мугавеева Р.И. және т.б.

Теориялық талдау. «Мұғалім – бүкіл білім беру жүйесінің негізі, жаны мен жүрегі», - деп, аталған әрбір оқытушыға тиесілі. Олар Отанымыздың ертеңі болып есептелетін шәкірттерінің жүрегіне білімге деген құштарлығын оята білген, оқыту үрдісінің жаны бола білген тұлғалар.

Қазіргі уақытта кафедра 6В02171-Орта дизайн, 6В02160-Сәндік өнер, 6В01431-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау, 6В02150-Графика білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындайды.

Осы таңда кафедраның құрамында педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар, педагогика ғылымдарының кандидаттары, доценттер, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер

Одағының мүшелері, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшелері, магистрлер, аға оқытушылар және оқытушылар қызмет атқарады. Атап айтатын болсақ, олар: Айдосов Ә.- ҚР Мәдениет қайраткері, доцент, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Есенбаева К., Кенжебаева А.Н., Офицерова Н.Р., Миронова Т.Г., Абуова М., Жолдасбекова Қ.Ә., Ибрагимова П.Т., Рсмаханбетова Ш.Е., Джартыбаева Ж.Д., Оспанов Д., Оспанов Т., Сайнанов Б., Мамешев М., Доскараева Ж. және т.б.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай: «Ұстазды алтын дiңгекке теңер едiм». Жоғарыда аталған оқытушының әрбiрi кафедрамыздың алтын дiңгегi iспеттес.

Чех педагогi Я.А.Коменский: «Мұғалiм - мәңгi нұрдың қызметшiсi, ол барлық ой мен қимыл әрекетiне ақылдың дәнiн сеуiп, нұр құятын тынымсыз жалын иесi» - деп, ұстаздар қауымын жоғары бағалаған. Осындай жалынды ұстаздарымыздың қолынан ұстамы мықты шәкiрттер шығады. Бiздiң кафедраның бетке тұтар түлектерi атайтын болсақ, олар: Иляев С.- ҚР Мәдениет қайраткерi, ҚР Суретшiлер одағының мүшесi, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесi; Ералин Қ.Е.- п.ғ.д., профессор; Танирбергенов М.- п.ғ.д., профессор; Жанбыршиев С.Н.- п.ғ.к.; Павловский А.Л. - п.ғ.к., доцент; Аблаев А.- ҚР Суретшiлер одағының мүшесi; Жорабеков С.- ҚР Мәдениет қайраткерi, Елбасымыздың резиденциясында «Ғасырлар үнi» (триптих), «Абылайхан» және «Төрт қақпалы Түркістан» атты туындылары iлулi тұр. Қазақ өнерiндегi алғашқы «Қазақ елi» картина эпопеясын жасауға қатысқан белдi суретшi, 2012 жылдан Оңтүстiк Қазақстан облысы Суретшiлер одағының төрағасы; Небесаева Ж.О.- Сырдария университетi, Дизайн және өнер факультетi, «Өнер» кафедрасының деканы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент) мiндетiн атқарушы, «Жоғары оқу орнының құрметтi оқытушысы» атағының иегерi.

Тәжiрибелiк бөлiм. Кафедраның жаңа буын түлектерiнiңбiрi – белсендi, жан-жақты бiлiмдi және патриоттық рухы жоғары 2020 жылдың «Кескiндеме» мамандығының түлегi *Серiкжан Жалын Қабыланұлы* туралысөз қозғамақпыз.

Серiкжан Жалын туралы «Саусағынан бал тамған шебер!», - деп Солтүстiк Қазақстан облысының аймақтық байланыс қызметiнiң АҚ2020 жылдың қыркүйектiң 19 жұлдызындамақала жарияланған [1].

Қазақта «... саусағынан бал тамған өнерлi адам» дейтiн сөз қолынан iс келетiн, шебер адамдарға қарата айтылады. Бұл сонау Алтайдан Солтүстiк өңiрге қоныс аударып келген Жалын Серiкжан саусағынан бал тамған шебер екенiне жүргiзген сұхбатынан, жасаған бұйымдарынан көз жеткiзуге болады. Қарапайым күнделiктi өмiрде қолданылатын ағаш астау, үстел, бесiк, кесе сынды дүниелердiСҚО Есiл ауданы Бiрлiк ауылындағышеберханасында жасап шығарады. Жалын шағын шеберханасы кәсiбiн дөңгелетiп жүргiзуге керек құрал – жабдықтармен қамтамасыз етiлген.

WhatsApp желiсi арқылы Жалыннан алынған сұхбаттан үзiндi:

- Жалын, өмiр баян мен жетiстiктерiңiз туралы айтып берсеңiз.

- Мен 1996 жылы қазанның 15-шi жұлдызында Қытай Халық Республикасы Жетiсу өңiрi Иле-қазақ Автономиялық облысы Күнес ауданы Бестөбе қалашығы Қарасу Андастыұсақ деген мекенде қарапайым малшы отбасындадүниеге келдiм, мектепке бардым, 11-сыныпты бiтiрдiм.Кейiн Қытайдың жоғарғы оқу орнына емтихан тапсырып бағымды сынадым.

2014 жылы Казакстанға өтiп, сол уақытта, Оңтүстiк Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстiк Қазақстан мемлекеттiк университетiнiң Шетел студенттер факультетiне оқуға түстiм. 2015 жылы аталған университеттiң Мәдениет және спорт факультетi, Бейнелеу өнерi және дизайн кафедрасы, «Кескiндеме» мамандығына оқуға грантқа түстiм, 5 жыл оқып 2020 жылы бiтiрдiм. Оқумен қатар ата-бабамнан келе жатқан қазақ ұлттық ағашты өңдеп ыдыстарды жасау өнерiн үйрендiм, бiрге алып жүрдiм. Облыстық және халықаралық байқауларға белсендi қатысып жүрдiм, олар: «Жас ағаш шеберлерi» байқауы, 2018 жылы «Жусан» халықаралық шеберлер бiрлестiгiнiң ұсынысымен Қазақстанның «Отандастар» қоры ұйымының қолдауымен Қазақстанның үздiк 10 шеберлерiмен бiрге Ресейдiң Тюмень облысында өткен «Қазақ құрылтайына» барып өз өнерiмдi мастер-класс арқылы көрсеттiм, АҚ Қазақтелеком атынан шебер ретiнде Халықаралық «Алтын жебе» - ат үстiнде садақ ату жарысына қатысып, сонымен қатар мастер-класс көрсеттiм.2020 жылы «Жастар жылы» бағдарламасы аясында СҚО Есiл ауданы Бiрлiк селосы«Бизнес Бастау» мемлекеттiк бағдарламасы бойынша 250000 мың теңге грант ұтып алдым.

- Қазiргi таңда жас шеберлердi, болашақ кәсiпкерлердi дайындауымен айналысамыз, 20 қатар қазақ бұйымдарын жасап шығарамыз, олар: ыдыс-аяқтар, кесе-ожаулар, түрлi көлемдегi

астаулар, музыкалық аспаптар, бесіктер, сандықтар, ұлттық спорт жабдықтары және т.б. Әрбір бұйым уақыт пен шеберлікті талап етеді. Дайын бұйымдарды арзан бағада Әлеуметтік желілер және сауда орталықтар арқылы халыққа жетуіне ат салысып жатырмыз. (Сурет 1-6) [2]



Сурет 1. Серікжан Жалын



Сурет 2. Кесе-ожаулар



Сурет 3. Түрлі көлемдегі астауа



Сурет 4. Бесіктер



Сурет 5. Ұлттық музыкалық аспаптар



Сурет 6. Шеберлерлік көрмесі

- Ағаштан бұйым жасау үшін алдымен қажетті материалды дайындап алу керек, олар ағаш шикізаты, құрал-саймандар. Біз бұйымның негізі ретінде ақ қайынның ағашын аламыз, себебі оның қасиеті мықтылығымен ерекшеленеді. Шикізатқа ыдыстың пішіні беріліп болған соң ыдыс 2 сағат тұзды суға жібітіледі. Кейін кептіріліп ою ойылып салынады. Сорпаға арналған кесені жасау үшін 2 күн қажет, астау жасау үшін -2 апталық уақытты қажет етеді.

Қазақстанның Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтау, Петропавл және т.б. қалаарына, Монғолия, Қытай, Ресей және Қырғызстаннан ағаш бұйымдарға тапсырыс берушілер өте көп. Тапсырыстарды Қазпочта немесе поезд кондукторлары арқылы жібереміз, кейде өзімізден келіп алып кетеді. Жұмыс көлемі үлкен.

- Жалын, жанұялық жағдайыңыз туралы айтып берсеңіз.

- Ата-анам: Қабылан Серикжан, Тұрсынғүл Бектұрсын; әпшем, екі інім, жұбайым, ұлым бар. Әкем мен інілерім ағаш кәсібінде, әпшем теріден ер, әйел, балаларға мәсі тігумен айналысады. Анам Тұрсынғүл Бектұрсын курс оқып, мемлекеттік грант алып кәсібін ашты – ұлттық нақыштағы үй жиһаздарын тігумен айналысады-оюлы көрпеше. Жасаған бұйымдары үлкен сұранысқа ие.

- Болашақ уақытқа қандай жоспарларыңыз бар?

- Құрал- саймандарымыздың қатарын жаңартуды, шеберлеріміздің санын ұлғайтуды, кәсіптік оқу орындарын ашуды жоспарлап отырмыз. Себебі, Қазақстанда жас шеберлерді ағаш ою өнерін үйрететін, ағаш шебері кәсібіне бауылытыноқу орындарын жоқтың қасы. Коледждерде терең кәсіпке үйретпейді. Оларды бітіргеннен кейін кәсіпкер болып кету екі талай. Жүн өңдеу, тері өңдеу, ағаш ою бағыттары бойынша кәсіпке баулу курстарын ашу, ұлттық киім тігу, киіз үй жабдықтарын жасау, экологиялық таза сабын шығару, өлкеміздің этнотуризм саласын дамыту жоспарларымыз бар.

- Жас болсаңыз да талай биіктерді бағындырыпсыз. Жетістіктерге жетуіңіздің сыры неде?

- Өмірге қазақ болып келгеннен кейін, қазақтың игілігіне жарасам ба деп ойлаймын, дүниеге менде бір кірпішімді қалағым келеді. Ұлтымның қай тұсы кем болып жатыр деп, осы ағаш өнері ақсап тұрған соң, өзіме осы өнер саласы ұнағаннан кейін айналысып жатырмын. Егер бір табысқа жетіп жатқаным болса оның сыры тұған жерімнің, салт-дәстүрімнің берген күш-құатынан деп ойлаймын. Студент болып жүрген кезімде мені алға қарай ұмтылдырған бір ғана мақсат болды – халықаралық дәрежедегі ағаш ою саласы бойынша шебер болу.

- Сіздің ойыңызша байырғы қазақ жастарының арасында сіздің жүрегіңіз тәрізді ұлтым деп соғып тұрған жүректер неге аз?

- Ұлтжанжы жігіттер көп, оларға дұрыс бағыт-бағдар жетіспей тұр. Атқа мініп алып домбыраны қолға алып «challenge» деп шауып жүру емес. Ұлтты сүю - халықтық экономикалық және ауыл-шарушылықтың жағдайын көтеруге атсалысу, кәсіп игерілуіне, Қазақтың жеріндегі шикізатын өндірілуіне атсалысу. Мысалы, қойдың жүнін өндіру, мақтадан көрпе-жастық жасау, қазақ жерінде өсетін ағаштан қарапайым тіс шұқығыш жасау. Қарапайым тілмен айтқанда «Қой бағып – көтен жеу». Алдағы уақытта барлығы дұрысталады, деп ойлаймын.

Жақын танытын ұлтжанжы жігіттер *Тимур Спатаев*-күрестен Халықаралық спорт шебері, *Ибраһим Ескендір*-жекпе-жекпен үш дүркін жеңімпазы, *Дамыс Болатхан*-жас кәсіпкер, *Самғау Нәсіпхан*-көпөнер шебері, *Ардақ Назаров*- Ережесіз жекпе-жекпен әлемнің екі дүркін чемпионы, *Арман Оспанов*– аралас жекпе-жек спортшысы. Аталған ағалардың мықты 5000 жігіттердің легіне бірігіп бас қосып жатқанын көріп, солармен танысып араласқаннан кейін, қазақ жері ұлтжанды жігіттерге бай екеніне көзім жетті. *Тимур Спатаевпен* аға-бауыр болып араласамыз.

- Сіз әлеуметтік желі арқылы ағаш кәсібіне ниет білдірушілерді тегін үйретемін деген ұран тастаған болатынсыз. Бұл іс-әрекетке сізді не итермеледі?

- Мен осы кәсіпті үйренейін деп ең алғаш ұмтылған кезінде қандастарымыздың арасынан бір шебер кісі тегін үйретемін деп ниет білдірді, бірақ менің сұранысым ол кісінің өнерінен жоғары болды. Мен өнерімді дамыту үшін қаншама мықты шеберлердің есіктерін тоздырдым, ешқайсысы үйретпеді – тұмсығым тасқа тиіп қайттым. Сол кезден ізденіп әлеуметтік желіден қарап үйреніп отырып ант іштім – «осыдан мен шебер болайын, алдыма келгеннің барлығын тегін үйретемін» деп. Уақыт өте келе, кәсібімді айналдыра жүргізгеннен кейін бүкіл халыққа жар тастадым, өкінішке орай тегін нәрсеге ешкім келмеді. Неге екенің білмедім: матаға ораған етке шыбын үймелейді дағы, ашық қойған етке шыбын қонбайды – сол сияқты қызық жағдайлар болып жатыр.

- Жеткен белестеріңіз үшін кімге алғысыңызды білдіргіңіз келеді?

- Маған ұстаздық еткен барлық ұлағатты жандарға алғыс айтып өтуге дайынмын, атап өтетін болсам: мені бала күнімнен тәрбиелеген Қабылан әкеме, суретке ең алғаш үйреткен – Тәңірберді Ясынұлына, ағаш ою кәсібіне алғаш баулыған – Тоғайбай Нұрмұратұлына, кескіндеме өнеріне үйреткен – Айдосов Әнуәрбек мырзаға.

- Сіз тандаған ағаш өңдеу кәсібінен бұрын жастардың бет бұрғаны аз. Сіздің тандауыңыздың себебі неде?

- Бала күнімінен ата-анамыз «Жеңіл жерде ас жатпайды», «Маңдай терің төкпей, татқаның тәтті болмайды» деп тәрбиелеген. Маған тамада болу, «Жайдарманда» ойнау ұсыныстары талай айтылды, бірақ мен олардың өмірі ұзақ болмайтынын, «Шегірткеге ұқсап шырылдап, жан

баққаннның» пайдасы жоқ екенін білдім. Міне карантин болды – тамаданың барлығы аштан қырыла жаздады, тойханалардың барлығы тоқырауға ұшырады, сол кезінде біздің жұмысымыз дүрілдеп жүрді. Осыдан, еңбекпен тапқан асынды ешкім тартып ала алмайтынына көзім жетті. Сол себептен мен ауыр жолды таңдауға мәжбүрмін.

Қорытынды. Жасаған ыдысымнан мындаған адам тамақ ішіп, талай адам қуанышқа бөленіп шаттанған болар. Астаумнан ас ішкен жандар жасаған әр батасынан мағанда титтей сауабы болсада тиетін шығар деген үміттемін. Сол үшінде мен осы іспен тоқтамай айланысып келемін. Елдің ішкі нарығы толық қамтамасыз еткен кезде ғана тоқтатамыз. Оған дейін біз қазақ жастарын осы кәсіпке баулып ары қарай дамытуды жалғастырамыз. Алланың берген несібесімен, халықтың ықыласына бөленіпағаш өңдеу кәсібінің дамытуын тоқтатпаймыз деген ізгі оймен жүрміз. Бізді қолдап келе жатқан жандарға мың алғысымызды білдіреміз. Біз сіздерсіз ешкім емеспіз. Біздің қаралым санымыз артса, онда сіздің ұлттық бұйымның дамуына қосқан бір үлесіңіз болып есептеледі.

- Сұхбатыңызға рахмет. Әңгімеңіз Оқырмандарға терең ой тастайтынына сенімдіміз. Еліңіздің игі істеріне бұйырып, аман жүріңіз.

Серікжан Жалын тәрізді азаматтар өсіп келе жатқан жас буынға, әрбір қазаққа үлгі болары анық.

Халыққа қызмет етіп, елінің көсегесін көгертіп жүрген жас түлегімізбен мақтанамыз. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деп Жалындай тұлғаның қалыптасуына үлестерін қосқан ұстаздар қауымына мың алғыс. [3]

Әдебиеттер тізімі:

1. Саусағынан бал тамған шебер! 19.09.2020
<https://www.facebook.com/rsk.sko/posts/3075575352554640/>
2. Бренд из сельской глубинки. 22.10.2019г. <https://kazpravda.kz/articles/view/brend-iz-selskoi-glubinki>
3. Жеке архивтен Алғыс хаттар.

Аннотация: В статье даны материалы о бывшем и о ныне действующем профессорско-преподавательском составе кафедры «Изобразительное искусство и дизайн» факультета «Культура и спорт» Южно-казахстанского университета имени М.Ауезова и о талантливых выпускниках данной кафедры.

В условиях нынешней глобальной пандемии при переходе образовательного процесса ВУЗа на онлайн-формат, проведении лекций и практических занятий на цифровых платформах Интернета преподавательский состав учебных заведений на требуемом уровне приспособляется к возникшим условиям.

«Лучший учитель - это тот, кто пробуждает в человеке желание учиться», - сказал А. Фердинанд.

Организация учебного процесса - это работа, направленная на адаптацию учащихся к среде и их взаимодействию, их развитие и учителя выполняют эту работу.

Ключевые слова: учитель, учебный процесс, учителя-предметники, идеи, разные стилистические приемы.

Abstract. The article contains materials about the former and the current teaching staff of the Department of Fine Arts and Design of the Faculty of Culture and Sports of M. Auezov South Kazakhstan University and about talented graduates of this department.

In the context of the current global pandemic, during the transition of the educational process of the university to the online format, conducting lectures and practical classes on digital Internet platforms, the teaching staff of educational institutions at the required level adapts to the conditions that have arisen.

“The best teacher is the one who awakens the desire to learn in a person,” said A. Ferdinand.

Organization of the educational process is a job aimed at adapting students to the environment and their interaction, their development and teachers do this work.

Keywords: teacher, educational process, subject teachers, ideas, different styles.

UDC: 624.012.72

¹Kaldybaev R.T., ¹Dairabay D.D., ²Tashpulatov S.Sh.

¹candidate of technical sciences, docent, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhtan

¹PhD, Senior Lecturer M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhtan

²Doctor of Technical Sciences, professor, Tashkent Institute of Textile and Light Industry,
Tashkent, Uzbekistan

NATIONAL COSTUMES OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract: "The most beautiful clothes are the clothes of your nation" - say poets and writers. The type, color and pattern of national costumes of the Kazakh people were not inferior to any other people. His works are also on display in ethnographic museums and exhibitions around the world. In the culture of the nation, valuable clothes were used as gifts, as a monument in diplomatic relations. The Kazakh people have always appreciated national costumes. The whole Kazakh way of life is based on the fact that the national costumes of Kazakh girls are sewn horizontally from soft fabrics, such as barshin, torgyn, tea, marigold. Clothing for girls and women is made of soft, delicate fabrics, which is noticeable in their gentle and polite clothing. The fact that the sleeves are wide means that the Kazakhs are ignorant, generous, kind, hospitable, generous, like the steppe. The gift of a horse and a cloak was considered a sign of respect. There are many types and names of Kazakh national costumes: sometimes called the Great Zhuz, the Middle Zhuz, the Lesser Zhuz, and sometimes by the names of the tribes within those zhuzs.

Keywords: shekpen, side shapan, tarpaulin, cebenec, canvas, beshpent, zhargak ton, zhekey

Introduction. In ancient times, folk masters created a variety of clothing patterns that are typical of the Kazakh nature and comfortable to wear. Men's clothes: shapan, coat, trousers, belt... Women's clothes: jacket, double-breasted shirt, camisole. Hats: zhekeytymak, borik, takiya, saukele, kimeshek... There are many types and names of Kazakh national costumes: sometimes called the Great Zhuz, the Middle Zhuz, the Lesser Zhuz, and sometimes by the names of the tribes within those zhuzs. For example, argyntymak, naimantymak, kyzayborik, nogaiborik, etc. Sometimes, depending on the name of the geographical location, a special style is divided into patterns: konyrat, zhetisu, arka and so on. Such a distinction is also made on the basis of the width, compactness, size and style of clothing. Take, the pattern of the robe. The robes of the great zhuz are mostly striped, with long sleeves and open collars. The southern part of the country is bordered by Uzbeks, Tajiks, and Uighurs, and many of them are engaged in gardening and farming. The robes of the middle zhuz are mostly made of one-sided fabric, sleek, rarely worn, the skirts are long, the sleeves are wide, the collars are short-threaded or buttoned. Because the Middle Zhuz is close to the city, mixed with the Russian and Tatar peoples. The robes of the younger zhuz are also remote, the sleeves are long and wide, woolen, thick with wheat, with a collar. Despite these differences, they all have the same national style and Kazakh names. In any of the three zhuzs, a shapan is put on the shapan and it is called shabu everywhere. The bottoms of the sleeves are wide, and they are called sleeves, carved, crocheted. Any of the three zhuzs puts a net on his pants and puts an armpit on his armpit. The smallest types of

Theoretical analysis. Kazakh clothes are found in the middle zhuz and the great zhuz, and the largest and largest models are found in the zhuz zhuz. Kazakh clothes are divided into four groups: underwear, outerwear, sulyk, and one garment. Underwear - shirts, leggings, vests, camisoles, jackets, outerwear - shapan, kupi, ton, shidem, sulyk - shekpen, side shapan, tarpaulin, cebenec, canvas, outerwear. One garment is a garment made of expensive fabrics, worn at weddings, gatherings, and trips abroad. The Kazakh proverb "Respect where you know, respect the tone where you do not know" explains this. According to the Kazakh tradition, when a man goes to war, he goes to war and wears the best clothes [1].

Certain groups of people dressed well at home, in the desert, and in everyday life. They were girls, boys, musicians, amateur and martial artists. Likewise, brides wore very fashionable clothes until they found their firstborn. It was considered a traditional custom of the country to wear embroidered, jeweled, shiny clothes, even for the elderly.

Experimental part. The most expensive men's clothing is animal skins. According to the names of the species, they are divided into several types: sable intestine, fox intestine, wolf intestine, mink intestine. The outside of the belly, made of animal skin, is covered with three layers of velvet, satin, blue

beren, manat, violet, and lambek. Sometimes these materials were embroidered with multi-colored silk threads, printed with handbags, coral threads, gold and silver jewelry on the sleeves, and sometimes covered with separate embroidered embroidery. The bellies were sometimes neat, sharp, with a folded collar [2].

The robe is often made of wool and wheat. In some places the cloak was first covered with a liner and wheat and then covered with a blanket, in other places it was covered directly on the out, and sometimes it was scratched. This coat was called a "sliding coat". Coats are often found in the form of clasped collars, sometimes with vertical collars. There is one button on the clasped collar and two buttons on the five-pointed clasp[3].

The coat is mostly made of tanned winter sheepskin. For medium-sized people, the skins of 11 to 12 sheep produce fur. Their inguinal and pupal skins, palate, and neck skins are taken separately, that is, they are not used for sewing coats. The fur of the tones looks inside, the flesh is painted with henna, bark, tomar dye. The coat is embroidered by pressing or stitching with a needle. Occasionally there is a coat on the outside. The cover is embroidered with different colored threads on the outside of the tones, and the collar is made of animal skins.

Zhargak and tayzhaky are made of the skins of calves and foals, with the fur facing outwards. They are also kneaded in malm, their flesh is shaved, and they are wrapped in bark and henna to make them more beautiful. Embroider the edges and decorate the sleeves. Sometimes the skirt and the hem of the region are covered with expensive animal skins. Usually, a sledgehammer and a mule are worn on the outside of light clothes, such as beshpents.

Pants are made of velvet, pulish, shuga, tiben, shushinshe, shibarkyt, shegren, lambok, malesken, krymzy, kamka, kok mauyty, sheepskin and goat skins. The laces of the trousers are whistled, without pockets, they are wide. Its wide seam made it ideal for horseback riding and animal husbandry. The foot in the pants is sometimes put inside the boot camp and sometimes walks outside the camp. It also wore a light shapan and a beshpent under the whistle. Wearing trousers was a custom, especially for hunters, heroes, and wrestlers. The trousers' foot were sewn on both sides and embroidered. That's why pants are one of the most fashionable and beautiful clothes. Pants made of different types of sheepskin (wool, shear, bald, etc.), goat and foal skins, leather are often not bitten. It is painted and embroidered in one color, and the foot is covered with animal skins, such as beaver and marten. It also was leather trousers. Men often wear outerwear without buttons, only with a belt. The belt is wrapped in a few meters of fabric. The belt and the bag were made of leather, and were decorated with silver nails, bracelets, and silver embossed eyes. In addition, there were belts, baths and belts. They were also embroidered, embroidered and beautifully made[4].

Women's clothing also has different patterns and different names in different regions. Among them are the typical types of the Kazakh people: dresses, kimesheks, hats, saukele, kerchief, turbans, kamzol, kazekey, kebis-masi, vests. Women's clothes are traditionally sewn for four groups. They are girls' clothes, women's clothes, middle-aged women's clothes and old women's clothes[6]. Each of them has a different style of sewing and decoration. Girls' dresses are narrow, tight, with embroidered breasts and collars, dresses with double skirts, hats with beads, shoes with high heels, light and any outfit is decorated with gold, silver and pearl beads. Girls often wear beaver hats, turbans and sholpy. The girls were pulling their breasts hard to hide their breasts. Brides wear girls' clothes until they are pregnant. But they do not wear hats, takiya, borik or go naked. Pregnant women sew a large clothes. Their hats are square, brand new, shawls, and have less jewelry than girls. Middle-aged women wear kubatobel. Their dresses have no skirts, wide waists and sleeves. Women of this age wrap the square. They don't rub the sides, they just embroider. Older women's clothing was more skirted, with more pleats, pockets, and most of the jewelry was a necklace, buttons, toothpicks, staples, and an arrowhead. They did not wear scarves or necklaces. Women of all ages wore jewels, such as bracelets, embroidered necklaces, bracelets, earrings, rings, silver buttons, and coins[4].

The most important women's clothing is a dress, followed by saukele, beret, turban, kimeshek-hatek, bergek, kamzol, kazekey and vest. The skirt and chest of the woman's dress were sewn separately, and then the skirt was sewn to the chest. The part of the chest that joins the skirt is called the waist or hem of the dress. Women's dresses have narrow breasts and wide skirts. The area is open to the curve, the underside is neatly embossed, it is called a "gate". A mother breastfeeds through this gate. [3]. The collar of the dress is pulled out vertically and is buttoned at the back, sometimes over one shoulder. And the

collars of women's dresses are embroidered or embroidered with hand needles. Sometimes the upper edge of the shore is twisted and fluttered. The woman sews a few buttons on the collar of her dress.

One of the most fashionable clothes for girls and young women is a double skirt dress. The double-skirt dress is usually made of expensive white silk, precious fabric and pure wool. Such a dress is intended for winter wear and is garment dress. The double-skirt dress is usually long and wide, with the sleeves and collar of the sleeves, the waist is folded and folded. One of the accessories that make a woman's dress look special is the "onir" that can be sewn on the chest or attached with buttons, pins and hooks. The onir extends from the anterior margin of the collar to the lumbar vertebrae, the width of which reaches the seam on both sides. The onir is sewn separately from the precious fabric. Embroidered and embroidered around the edges, a variety of precious stones, pearls, gold or silver necklaces, coins, shawls, and shiny keychains are nailed to the surface [3]. The onir is also called the vest, bra, chest, necklace. According to the Kazakh tradition, men's and women's hats are different. Men's hats: taqiya, borik, tymak, kulakty borik (earborik), kalpak, shalma, shytkulapara (head), zhalbagai. They are made of leather, hides and skins. Women's hats: kimeshek, hat, diary, square, saucele, flag, shawl, bergek t. b. They are mostly made of lightweight belly fabric, and katyka turbans, beaver hats and hair hats are made of the most expensive animal skins[4].

Results and discussion. In the Kazakh tradition, the headdress is considered a sacred garment that symbolizes beauty and elegance. The Kazakh proverb "A friend looks at your feet, an enemy looks at your head" is derived from this. In the same way, when you are polite, when someone apologizes, when you fall on your feet, when you take off your hat or throw your hat under your feet and sigh, it is born out of respect for this hat. Winter and summer hats were sewn separately, and hats worn at weddings and campaigns were sewn differently as a gift. Tymaks and berets are often made of marijuana, felt, sage, calfskin, and fur etc. It is made of animal skins and covered with wool. The winter fox's fur coat was covered with warm and expensive fabrics such as velvet, velvet, satin and silk. Zhekey tymak is a stylish and lightweight cap that is worn in summer and autumn [2]. Zhekey tymak means fashionable. Zhekey tymak is swon with silk fabrics such as duriya and shagi, sometimes with his back skirt raised, and sometimes with his front ear forward. The beret is also made of different skins of lambs, sheep and animals. The headgear is sometimes flat and sometimes rounded. In the south, they wear a large sheepskin hat. The warmest and most woolly types of hats are often found in Uralsk and Guryev. In Zhetysu, Semey, Ust-Kamenogorsk there are flat and high specimens. In the past, poets, singers, entertainers and amateurs wore beaver hats with very elegantly sewn beak hats. There are many models and names of turbans. Embroidered turbans with low skirts and four-topped tops are more common in the south, while round turbans with low skirts and yurts are more common in the Middle zhuz. The Small zhuz is characterized by flat-topped, high-heeled turbans. Men's turbans do not have tenge, beads or denim. Instead, they are embroidered with patterns such as "horn", "perfume", "ivy", and are hand-painted with "stitches", "curves", "wall" seams. Sometimes, on the top of the mind, there is a small thread made of the same fabric. Young men, rafts, and husbands adorn it with ornaments, owls, ashes, and wreaths[1].

Conclusions. In the past, Zhaky was worn by wealthy people, made of horse skin, but now it is one of the rarest, most beautiful collars. It is made of horse skin. It is divided into foals, heifers and heifers. Black, brown or purple animals are selected from the horses for sewing, and they are kept under special care and kneaded [5].

In ancient times, one of the winter outerwear, adapted to the nomadic lifestyle and environment, worn by the inhabitants of the region during severe frosts and storms, was a Daky. Daky is a type of winter clothing that is stuffed, but with the fur facing outwards and the inside out. Shapan is one of the most popular, revered and traditional Kazakh outerwear. Wool or cloth is placed between the outside and the lining, and the outside is lined with a beautiful and strong fabric, such as silk or velvet. The shapan is made of silk, textile, cotton, wool and sometimes mink[1].

A camisole is used in the sense of a lightly sewn lined cape. A camisole is an easy-to-wear outerwear worn over a shirt, with a skirt slightly above the knee, made of different fabrics.

The most common type of outerwear is the fur coat. In the Kazakh language, "ton" is the ancient name of the word in the ancient Turkic language, which means to wear the words "tonanty, tonymak"[4].

"Ton" is a common outerwear worn by adults, women and children. Types of "ton" is an outerwear that is sewn from the skins of various animals, especially animals, to protect it from the cold and keep it warm. The fur coat is a type of outer garment made of summer antlers of antelope and calves.

The tanned skin is thoroughly rubbed and massaged to soften it, cut it in the form of a cape or a border and cover it with a thick cloth. The ends of the sleeves and the hem of the sleeves are cut with a cloth[6].

References list:

- 1 Culture of the Kazakh craft / U. Dzhanibekov. Almaty: Oner, 1982.
- 2 Zakharova I.V. Kazakh national clothing / I.V. Zakharova, U.D. Khodzhaeva. Alma-Ata: Nauka, 1964. 177s., ill.
- 3 Gofman A. B. Fashion and people: a new theory of fashion and fashionable behavior. Moscow: Nauka, 1994.
- 4 Efimov A. E. Color in the subject environment. Actual problems/ A. E. Efimov. M.: Tech. estetika, 1989. 103 p.
- 5 Kalashnikova N. M. Folk costume(semiotic functions): textbook. M., 2002.
- 6 Leleko V. D. The space of everyday life in European culture. St. Petersburg: SPbGUKI, 2002, 8-10.

Түйін: «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы ақындар иен жазушылар . Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, түсі де ,үлгісі де еш халықтан кем болған емес . Оның көркем үлгілері де әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Қашанда қазақ халқы ұлттық киімді қадір тұтқан. Қазақ қыздарының ұлттық киімін - баршын, торғын, шәйі, қырмызы сияқты жұмсақ нәзік маталарды пайдалана отырып бүрмелі етек, бүрмелі жеңін аса кең етіп көлбеңдете тіккенінде қазақтың бүкіл тұрмыс-салты жатыр емес пе. Қыз балалардың, әйел адамдардың киімін жұмсақ, нәзік матадан тігетіні нәзіктігі мен әдептілігі үстіндегі киімінен-ақ көрініп тұрған ғой. Етек-жеңінің кең болатыны – қазақтың дархандығы, үрімді-бұтақты екендігі, мейірімі, қонақжайлылығы, даладай кең пейілі, қолының жомарттығын білдіреді. Ат, шапан сыйлау құрметтеудің көрінісі деп бағаланған. Қазақтың ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылған.

Кілттік сөздер: шекпен, қаптал шапан, брезент, кебенек, кенеп, бешпент, жарғақ тон, жекей

Аннотация: «Самая красивая одежда - это одежда вашего народа», - говорили великие поэты и писатели. По типу, цвету и рисунку национальных костюмов казахский народ ничем не уступал другим народам. Его работы также находятся в этнографических музеях и выставках по всему миру. В культуре нации ценная одежда использовалась в качестве подарка, как памятник дипломатических отношений. Казахский народ всегда ценил национальные костюмы. Весь казахский образ жизни основан на том, что национальные костюмы казахских девушек шьются горизонтально из мягких тканей, таких как баршин, торгын, чай, календула. Одежда для девочек и женщин изготовлена из мягких, нежных тканей, что заметно в их нежной и вежливой одежде. То, что рукава широкие, означает, что казахи невежественные, щедрые, добрые, гостеприимные, щедрые, как степь. Уважение к лошади и одежде считалось знаком уважения. Существует много видов и названий казахских национальных костюмов: иногда они называются улы жуз, орта жуз, киши жуз, а иногда по названиям племен, входящих в эти жузы.

Ключевые слова: шекпен, қаптал шапан, брезент, кебенек, кенеп, бешпент, жарғақ тон, жекей

ӘОЖ 372.4.347

Ибраймова П.Т., Торбаев Б.П., Юсупова Н.Д.

магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
техника ғ.к., доцент, Ташкент тоқымашылық және жеңіл өнеркәсіп институты. Ташкент, Өзбекстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ КИІЗ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ

Түйін: Бұл мақаланың басты мақсаты – көнені жаңғырту арқылы қазақ халқының қолөнерін тың белеске көтерілуіне ықпал жасау, қолөнер шеберлерін сондай ақ қолөнерге деген қызығушылығы бар тұлғаны киіз басу үлгілерімен және әдістерімен таныстырып, өнеріне өріс ашуға көмек көрсету. Қазақ қолөнерін түсіну, қайталау, жаңғырту, біздің алдымызға қойған басты мақсат, игі мұрат.

Қазақ халқының қолданбалы өнер түрінің бірі – киіз өнері, оның пайда болу тарихы, адамның ұлттық тәрбиесіне әсер ететін және дайындау түрлері мен технологиясы қарастырылады. Киіз дайындау әдістемесі ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Әр аймақтың әртүрлі түрлері мен үлгілері кеңінен дамыған.

Киізден бұйымдарын жасау әдістемесі тазалыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді, жауапкершілік сезімге тәрбиелейді, Отанға деген және өз халқына деген сүйіспеншілік сияқты сезімдер қалыптасады, эстетикалық талғам ойы дамиды. Киіз бұйымдары немесе мал өсірген көшпелі халықтың тұрмыс тіршілігінің ажырамас бөлігі болған және қалдықсыз өндіріс тәсілдерінің бірі болған, яғни жануарлардан қыркылған жүнді тастамаған, ерекше әдіс - тәсілмен отырып тазалаған, жуған, бояған және өңдеп пайдаланған. Қазақ халқының киіз үйін киіз бұйымдарсыз елестету мүмкін емес.

Кілттік сөздер: туырлық, қайшы, есік жапқыш, күзем жүн, жіп, сабау, ши

Қазақ елі – ежелгі мәдениет өлкесі. Ерте ғасырдан-ақ оны мекен етушілер мал бағумен қатар, жер жырттып, егін егумен шұғылдана жүріп, өзіндік орны бөлек» өрнекті өнерін, өзіндік мәдениетін қалыптастырды. Қазақ халқының қолөнері – сонау ежелгі заман тарихымен қатарласып, біте қайнасып келе жатқан өте бай қазына. Қазақ халқының қолданбалы өнер түрі – өз даму тарихының алғашқы күнінен бастап оның әр сатысында құнды қазыналарға ие бола бастады. Бұл қазына бүгінде қазақ халқы тарихи туындыларының негізін құраушыларының бірі болып табылады [1, б.2]

Киіз басу өнері – қолөнердің бастапқы түрлерінің бірі. Қытай жазбаша дереккөздерінде біздің заманымызға дейінгі 2300 –ші жылдардан бастап киіз туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Киіз жасау технологиясы тоқыма станоктары мен тоқу құралдарынан да ертерек пайда болған. Біздің дәуірімізге дейінгі I-II ғасырдың мұралары жиналған Эрмитаж бір бөлімінде "Ғұн кілемі" сақталған. Сондай-ақ Алтайдағы Пазырық қорғанынан ең көне киіз кілем мен чепраки табылды. Оған шамамен 2 500 жыл. Олардың ең жоғары көркемдік деңгейіне қарап, біздің дәуірімізге дейінгі киіздің жоғары температура, ылғал немесе арнайы инелер, қысым мен бүктеу әсерінен өзара байланысқан жүн талшықтарынан жасалынғанын аңғарамыз. Киіз жасаудың негізгі материалы ретінде қой жүнін атаймыз [2.123].

Еуразия қырларындағы қазақ халқының қолданбалы өнер түрі - киіз басу өнерінің бастау алуын ғылым қола дәуірінің соңына дөп келеді деп санайды, бұл кезде көшпенділік салт-дәстүріне сай мал шаруашылығы басымдыққа ие бола бастады. Біздің заманымызға дейінгі VII-V ғасырларда, сақ кезеңінде көшпенділік тұрмыста пайдаланлған жабдықтардың типтік көрінісі қалыптасты.

Қазақ халқының қолданбалы өнер түрінің бірі – киіз өнері бұл сұлулық заңдарына сәйкес тұрмыстық заттарды жасау Киіз өнері туындыларында өмір сүру салтының ерекшеліктеріне тікелей әсер ететін адамдар өмір сүретін климаттық жағдайлардың ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар, қолданбалы заттардың формалары, түс схемасының ерекшеліктеріне және декорына сонымен қатар көркем идеяларды бейнелейтін эстетикалық ақпаратты қамтиды. Қазақ халқының бұл туындыларында көшпелі мәдениеттің ғасырлық дәстүрлері сақталған.

Киіз үй жиһаздарында киіз басу өнерінің өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді.

Өрнектермен безендірілген кілемдердің көптігі оның интерьері көркін айрықша ашады. Киіз үй жиһазына арналған жабдықтар көлемі жағынан шағын қысқа және олардың саны аз болды.

Бұл өнер түрлері киізбен жабылған, жорыққа ыңғайлы итарқалар, жиналмалы шатырлар мен күркелер, киізді пайдалана отырып жасалған салт аттыға тән киім-кешектер және тасымалға ыңғайлы жеңіл бұйымдар болатын. Бұл мәліметтерді қазба жұмыстары нәтижелері мен Страбон, Гиппократ, Геродот жазып қалдырған деректер арқылы аңғаруға болады. Сонымен қатар көрші Таулы аймақтағы Алтай Пазырық қорғанында, Жетісудағы Бесшатыр обаларында, Шығыс Қазақстандағы Берел обаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған киіз бұйымдар дәлел бола алады [2,б.12]

Қазақ халқының ою-өрнегінің негізі ежелгі дәуір кезеңіндегі өнерден бастау алған. Қарапайым да, геометриялық әшекейлер тас дәуірінде пайда болды. Бұл геометриялық өрнектер бүгінгі күнге дейін керамиканы, дәстүрлі тұрмыстық заттарды безендіруде пайдаланылып келеді.

Сол кезеңдегі ою-өрнектер туралы ақпараттарды талдап танудағы негізгі мақсат – оларды қазіргі заман талғамына сай қайта өңдеп заманауи тұрмыста пайдалану. Мыс ғасыры мен қола дәуірінде геометриялық өрнек символдық космогониялық мәнге ие болды, олар ғарыш объектілерінің (жұлдыздар мен планеталар), өсімдіктер мен жануарлардың стильдендірілген бейнелерін біріктіріп күрделі сипатқа енді. Темір дәуірінің сәндік өнер мотивтері одан да күрделі және стильдік ерекшеде болды.

Біздің дәуірімізге дейінгі 1 мың жылдықта Қазақстан территориясын мекендеген сақтар-көшпенділердің қару - жарағын, тұрмыстық заттарын әшекейлеген ою-өрнектердің негізгі мақсаты - рулық тотем маңызын бағалап, оны сақтау болып табылды. Аң-құстардың тырнақтары, тұмсықтары, жыртқыш құстар мен жануарлардың тістері сияқты элементтер жиі стильденіліп суреттелді. Қола дәуіріндегі андронов керамикасын безендіретін космогониялық өрнектер, шеңбер тәрізді дөңгелек бейнелер, сынған сызықтар, меандрлар мен темір дәуіріндегі сақ бұйымдарының әшекейлері стилизацияланған түрде көзге түседі..

Киіз басу өнерінде кездесетін өрнектер тамыры мыңжылдық тереңдікте жатқан ежелгі космогониялық өрнектер ерекшеліктері негізінде сақталған. Әсіресе, күнге арналған ою-өрнек мотивтері кеңінен таралды.

Күн шеңбері, күн сәулесімен байланысты розеткалар аспан әлеміндегі күн қозғалысын бейнелейді. Күн, оның шашараған алтын сәулесі, арайлап атқан таңертеңгі шағы т.б. Күн мен аспанды бейнелейтін космогоникалық мотив - шеңбер қола дәуіріндегі барлық Орта Азия халықтарының сәндік өнерінде кең таралған. Ол әртүрлі тұрмыстық заттарды безендіруде, діни ғимараттардың орналасуында күнді, жұлдызды символдауда пайдаланылады. Сонымен қатар оны күн сәулесімен бейнеленген құдайлардың тасқа қашап салынған суреттерінен көруге болады. «Шұғыла» өрнегі күн сәулесін білдіреді. Кейде осы үлгінің ішкі жазықтығы жапырақтармен толтырылады. Осылайша, жердегі тіршілік көзі ретінде «шұғыланың» символикасы ашылады. Мотив - «шимай» - спираль әлемдік кеңістікті бейнелейді. Мәңгілік қозғалыстың символы болып табылатын – бұл мотив негізінде «бітпес» мотиві сияқты – шексіздікті білдіреді. Розеткалар қазақ халқының қолданбалы өнер түрінің бірі – киіз өнерінен басқа да үй тұрмысына қажетті көптеген заттарда, киім-кешек, қару-жарақтарды әшекейлеуде кеңінен пайдаланылды. Бұндай шеңбер-суретті ежелгі дәуірден бастау алған күн бейнесіндегі ою-өрнектің өзіндік сиқырлы бір элементі деуге болады. Күн шеңбері ішіндегі толтырылған өрнектер оның тылсым күшін көбейте түседі.

Мысалыға алсақ дөңгелек розетканың ішінде орналасқан Қошқар мүйіз өрнегі байлық және тоқшылықты білдірді [3,б.25]

Қазақ киіз жасау өнерінде жүннен тоқылған кілемдер маңызды орын алды. Барлық кілем бұйымдары қарапайым пішіндегі тік және көлденең станоктарда жасалды.

Қазақтар өнерінде ою-өрнектердің бірнеше тобы бар: геометриялық, өсімдік, зооморфтық және космогоникалық, олар халық қолданбалы өнерінің жалпы композициясында өзіндік орынына ие болып табылады.

Міне, осы көрсетілген дерекке негізделгенде халқымыздың жүнді ерекше пайдаланып, киіз басуы, арқан жіп есуі сияқты т.б. қолөнер тарихының ерте дәуірден бастау алғанын көруге болады. Жазба деректеріне қарасақ, киіз үй қазақ халқы тұрмысында біздің заманымыздан бұрынғы VII-ші ғасырда кеңінен пайдаланылғанын және ол белгілі бір еңбек кәсібіне айналғандығын байқауға болады [4,б.5]

Қолданбалы өнер нәтижесі – күнделікті тұрмыста пайдаланылатын және сәндік

әшекейлерімен ерекшеленетін көркемөнер бұйымдарын жасау болып табылады.

Халқымыздың ғасырлар бойына мал шаруашылығымен айналысуы сәндік-қолданбалы өнер, соның ішінде жүннен дайындалған бұйымдар өте мықты әрі эстетикалық талғамды да, материалдық рухани құндылықтарды да көрсету қажеттілігіне байланысты өмірге келді. Бұл халық шығармашылығымен тығыз байланысты болып табылатын, қолданбалы өнер туындыларына: жиһаз, кілем, тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, тағы да басқа тұрмыстық заттар кіреді. Бірақ сонымен бірге сәндік өнердің кез-келген түрі өз уақыт талабына сай болған кезде ғана өміршеңдігін сақтап қана қоймайды – дамиды, сондықтан бүгінгі таңда халық өнері қайта жаңғырып, заманауи жаңа формалар мен басқа көріністерге ие болады.

Сақ тұрмысындағы мал шаруашылығының негізгі бағыты қой шаруашылығы болды. Қойдың еті мен сүті ғана емес, сонымен қатар оның жүндерін өңдеп киіз басу, арқан есу және жіп иіру үшін де пайдаланды. Бес шатыр обаларынан табылған бірнеше заттар дәлеліне сүйенсек, сақтар киіздің әлденеше түрін: киіз үйге пайдалануға және жерге төсеніш етіп төсеуге арнап, қарапайым да қалың, қара түсті киіздерді киім және бас киім тігу үшін пайдаланған. Сонымен қатар, олар жұқа да жұмсақ, талдырма киіздерді ойдағыдай өңдей алған. [5,б.12] Жүнді өңдеу арқылы киіз басылып, үй жабылды. Осылайша, бүкіл әлем халықтарының өнері дамуына, әсіресе сәулет саласына көшпенділер өнері ықпалын тайға таңба басқандай анық аңғаруға болады.

Қазақтың ұшы-қиырсыз кең даласындағы көшпенділік тұрмысында жүнді көркем түрде өңдеудің ең жоғарғы деңгейі қалыптасты. Өңделген киізбен киіз үй сүйегін сыртынан айналдыра жабады. Киіз үйдің керегесінің сыртынан жабатын жабуды – туырлық, киіз үйдің күмбесін айналдыра жабатын жабуды – үзік, күмбез ұшындағы шаңырақ жабуын – түндік, ішке кірер ауыз жабуын – есікжапқыш деп атаған. Ал оның қабырғасына, керегелеріне – тұскиіз, кілем пішінді сырмақтар, жер еденге киіздің текемет, сырмақ түрлері (сырмақ сөзі жасалған материалына, түр-түсіне, пішініне және жасалған өңіріне байланысты аталған) қолданылған.

Текемет пен сырмақ сияқты төсеніштер, сондай ақ қабырғаға ілінетін дорбалар, ыдыс аяқ, басқа да мүліктерге арналған қапшықтар, түгел дерлік киізден дайындалды. Сырмақ – ежелден халқымыз тұрмысында еденге төсеніш ретінде пайдаланылып келе жатқан бірден-бір жарасымды сәнді жабдық.

Ұлы дала көшпенділері ежелгі заманнан бастап киіздің емдік қасиетін пайдалана білді. Олар белін киіз белбеумен орап, киіз шүберекпен денесін уқалау арқылы радикулит пен артроз ауруларынан сақтанды. Бұл шипалы тәсіл – жиі жел есіп тұратын жазық дала жағдайында жасайтын көшпенділер тұрмысында өте маңызды еді. Киіз ылғалды өзіне тартып, сіндіреді және буландыру арқылы өзінің құрғақтығы мен жылуын жақсы сақтайды. Бұндай құрғақ жылу суық тигеннен басқа, қан айналымын жақсартуға да септігін тигізеді деп сенді.

Сәндік өнерде ең көп таралған өсімдік мотивтері – әлемдік ағаш символикасымен байланысты болуы мүмкін, сонымен қатар зооморфтық өрнектер мотивтер өнерде кеңінен қолланылды. Қолданбалы және сәндік-қолданбалы өнердегі киіз бұйымының ең таңқаларлық бір ерекшелігі – күшті әсерлі қоюланған тұтас стильдің өмірге келуіне себепші болды.

Ежелгі заман адамдары санасындағы талғам-талабы ықпалына байланысты, қолдануға қолайлы, жеңіл-желпі, әрі әсем әшекейленген төсеніштер жасалынып, сырмақ пайда болды. Алғашқы сырмақтар сыру түсіру арқылы жасалса, кейін сыру өзіндік өрнектерімен өзгеріске түсті. Өрнек салу бастапқы кезеңде жиек басу арқылы жасалды.

Адамзат өзінің күнделікті өмірінде қолданатын барлық заттарда этникалық түпнұсқалық із қалдырады. Қолданбалы өнер туындыларының бірі – киізден жасалған сырмақтың ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен қатар, қолданбалы нысандардың формалары, түстік үйлесімдері және айшықталған әшекейі туралы халықтық идеяларды бейнелейтін эстетикалық ақпаратты да қамтиды. [6,б.13]

Тұскиізді әсемдеп бүтін күйінде сәндеп, жиектеу және бейнелеп салу қиынға келіп тірелді және тұтас бір түсті киізді әсемдеуге жағдай болмағандықтан сырмақты тұтас дайындау дағдысына өзгеріс енгізілді. Яғни сырмақты дайындау барысында, қара түске ақ киізден, ақ-қа қара киізден қалауына байланысты көлемдегі шет жиектерін қабыстыра тігіп дайындау, бөлек дайындалған өрнектерді қосу қолайлырақ болды. Бұдан кейін дәстүрлі сырмақ үлгісі дүниеге келеді. Кейінгі жүн әрлеу өнерінің жарыққа шығуымен қатар жүнді өңдей отырып түрліше түс беру, киізге түс беру, жиек бояу әдістемесі біріктірілді де, сырмақтар тіпті де алуан жиектермен безендіріліп түрлене түсті. Осылайша дайындалып түс беріп өңделген жүндерден алуан түрлі

сырмақтар жасау тұрмыстық дәстүрге айналды.

